Облыстық әдістемелік кабинет
Губашева Гульмира Камаловнаға
Ізімғалиева Жұлдыз Ізімғалиқызы
Мекен-жайы:
БҚО.Қаратөбе ауданы
Қаратөбе ауылы, С.Датұлы 36
Байланыс телефоны:87089203464
пошта: izimgali79@mail7ru

# ӨТІНІШ

ОӘК-тің Сараптамалық кеңесінің отырысында «Ұлттық құндылық ұрпақ-санасында» тақырыбы бойынша авторлық бағдарламамды қарастыруыңызды сұраймын.

Тиісті құжаттар қоса беріледі. Беттердің жалпы саны: 100бет.

Мерзім «10» наурыз 2026ж.
Қолы: Ж.І.Ізімғалиева

ӨRLEU
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ
«Батыс Қазақстан облысы бойынша
Кәсіби даму институты» филиалы

Біртұтас тәрбие бағдарламасы

ӨRLEU
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

# «Тәрбие – қазіргі заманның жаһандық сын-қатері ретінде» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференцияның МАТЕРИАЛДАРЫ

# МАТЕРИАЛЫ международной научно-практической онлайн-конференции на тему «Воспитание как глобальный вызов современности»

# MATERIALS international scientific and practical online conference on «Education as a global challenge of our time»

2024

## «БАЛАНЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ»

**Алтаева Жайнагүл Қайырбайқызы,**
Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы
Қ.Жұмалиев ат «Қаратөбе мектеп-гимназиясы»КММ, педагог ұйымдастырушы

**Ізімғалиева Жұлдыз Ізімғалиқызы,**
Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы
Қ.Жұмалиев ат «Қаратөбе мектеп-гимназиясы»КММ, интернат тәрбиешісі

Мақсаты:

- Ғасырлар бойы сақталып келген қазақтың ұлттық құндылықтарын жасұрпақтың бойына сіңіру, оларды имандылыққа, ізеттілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу;
- Тәрбиеленушілердің санасына, сезіміне және тәртібіне қоғамда өзінің әдептілігі мен адамгершілік қасиеттерін бойына сіру;

Осы ұлттық тәрбиені балалардың бойына сіңіру мақсатында қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев «Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қалмақ» деп тұжырым жасаған екен. Балалардың ұлттық санасының қалыптасуында әрбір жүргізілетін іс – шаралардың алатын орны ерекше. Солардың кейбіріне тоқталсақ. Оқушылар бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырып, оны терең ұғыну және меңгеру отбасының, мектептің, ортаның тәрбиелік ықпалы сезімге әсер етуге бағытталса ғана жемісті болады. Бұл факторлардың оқушыларға ең тиімді әсері өз халқының дәстүрін, идеялары, өмірлік тәжірибесі арқасында қамтамасыз етіледі. Кез- келген халықтың бай жан- жақты тәжірибесі, оның тәрбиелік әлеуеті ең алдымен ана тілінде жинақталады, ұлттық мәдениетінде,халық шығармашылығында, сәндік қолданбалы өнерінде шоғарланған. Халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт- санасы, әдет – ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы ұлттық өзіндік құндылықтары қалыптасады. Бауыржан Момышұлы «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, еліміз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы санаған. Батырлық, ерлік ұрпақтан – ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек». «Баланы өз тәрбиеңмен емес, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген даналардан қалған сөз бар. Сондықтан да сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу - тәрбие процесіне енгізу арқылы тұнып тұрған өскелең ұрпақты сусындата аламыз.

Ұлттық құндылықтардың халқымыздың өмірінде алатын орны ерекше. Қазақтың салт – санасын жаңғырту еліміздің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Ұлттық тәрбие қалыптасқан төл құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өз ара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу – ұлттық идеяның негізгі бағыты. Ал, осы ұлттық идеологиямыз әлсіз болса өзінің теріс әсерің тигізетіні шүбәсіз. Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- Белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселе де өз көзқарастарын білдіріп отыру;
- Индивиттік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамыту, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;
- Өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды шешім қабылдауды үйрену;
- Шыдамдылық: әр түрлі пікірді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау; Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін;
- Оқушылардың сана – сезімін қалыптастыру;
- Жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- Ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани мәдени мұраларды кастерлеу;
- Жас ұрпақ бойына жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерді орындағанда ғана біз мақсатқа жете аламыз.

Бала бойына ұлттық құндылықтарды дамытудағы негізгі құралдарға мыналарды жатқызуға болады.

- Сыныптағы тәрбие сағаттары;
- Баспасөз және қабырға газеттері;
- Бұқаралық ақпарат құралдары;
- Тәрбие шаралары (пікірталас, тәрбие сағаттары, кеш, дәріс,таным – өнеге сағаттары т.б.)
- Кітап оқу;
- Мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;
- Шығармашылық жобалар қорғау;
- Қоғамдық ұйымдармен байланыс жасау;
- Саяхат жасау;
- Үйірмелерге қатысу;

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт – дәстүрін, әдет- ғұрпын, тілін т.б. ұлттық құндылықтарды аясында кеңейту -өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі танның мәдени жетістіктерімен үйлестіру. Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құру шарт. Яғни ол өзінің өсу, есею кезеңінде ақ сүт беріп асыраған ата – анасымен де көкірек көзін ашқан ұстаздарымен да үйлесім таба білуі тиіс. Сондағана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер

бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Оқушы бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік, мектеп орта болса ұлттық құндылық, ұлттық салт – сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт- дәстүр, оқушы бойындағы ұлттық құндылықтың жоғарғы көрсеткіші. Тәрбие негізі болып саналатын адамзаттық құндылықтардың бірі тірбиенің қажеттілігі басқа адамдарды сүйе білу қажеттілігі болып табылады. Құндылықтар шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады. Соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Өз ұлтын қадірлеп, қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтардың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді.» дейді. С.Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі – өзім, екіншісі -халқым. » дейді. Әр оқушы қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге дамытуға тұрарлық ұлттық рухани құндылықтары туралы, құнды ойларын халық игілігіне келешек ұрпақты ел жұртқа ие болатын азаматтарды тәрбиелесе құба құп.

Жас ұрпақты ұлттық құндылықтарымызды бағалауға оларды сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеу бүгінгі таңның өзекті мәселесі. Отбасы тіршілігенде ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлер үнемі сақталып отырса, баланың ұлттық сана- сезімі ерте ойанады. Әр көкірегі ояу қазақ баласының ұлттық құндылықтарды меңгеруі оның отбасылық құндылықтарды меңгеруінен басталады. Сондықтан әр ата -ана баланың отбасылық құндылықатарды толық меңгеруіне мүмкіндік жасағаны абзал.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «Ұлттық» деген сөздің астарнда елге, жерге, тілімізге деген құрмет жатыр. Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде отбасында атқарылатын жұмыстың орны ерекше. Яғыни тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің мектеп атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. «Тәрбиесіз бберген білім қауіпті» - деген екен Әл-Фараби. Технологияның дамып, әлемдік жаһандану үдерісі кезінде білім беру жүйесіне ұлттық инновацияны енгізу керектігін көпшілік мойындап отыр.

Қай қоғамда өмір сүрмейік, ұрпақ – ол біздің болашағымыз, жарқын күндеріміз. Сондықтан болашағымызды қазіргі сәттен жақсы тәрбиелесек, ертеңгі күнімізге сеніммен басуға болады деп нық айталамыз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
ОРАЛ ҚАЛАСЫ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК
ОРТАЛЫҒЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ
№ 27
«21» 01 2026
СҮНДЕТКАЛИ ЕСКАЛИЕВ, ҮЙ 72

«Ұлттық құндылық – ұрпақ санасында» атты интернат тәрбиеленушілеріне арналған авторлық бағдарламаға

**ПІКІР**

Білім беру ұйымы: Қ.Жұмалиев атындағы Қаратөбе-мектеп гимназиясы жанындағы «Дарын» интернаты

Автор: Ізімғалиева Ж.І.

Тақырыбы: «Ұлттық құндылық – ұрпақ санасында»

1. Жұмыстың өзектілігі (тұжырымдамалар, бағдарламалар, зерттеу немесе тәжірибелік-эксперименттік жұмыс тақырыптары және т.б.): Қазіргі қоғамда ұлттық құндылықтарды сақтау және оларды жас ұрпақ санасына жүйелі түрде енгізу – тәрбиенің басты бағыттарының бірі болып отыр. Жаһандану және ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы қоғамдағы мәдени алмасуды күшейтсе де, ұлттық дәстүрлер мен салт-дәстүрдің рөлі азайып бара жатқанын көрсетуде. Сол себепті интернат тәрбиешілерінің тәрбиелік қызметінде ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде насихаттау, оқушылардың рухани-адамгершілік, тұлғалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету өзекті мәселеге айналды.

2. Жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейі: «Ұлттық құндылық – ұрпақ санасында» атты авторлық бағдарлама ғылыми-әдістемелік тұрғыдан педагогика саласындағы ұлттық тәрбие мен тұлғаның рухани дамуына қатысты зерттеулерге сүйенеді. Бағдарламаның мазмұны қазақ халқының рухани мұрасы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тіл мен мәдениет, отбасылық және қоғамдық құндылықтар негізінде құрылған, бұл өз кезегінде тәрбиелік іс-әрекеттерді жүйелеуге, олардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

3. Жұмыстың жаңашылдық дәрежесі, білім беру жүйесінде (қала /аудан, аймақ, республика, шетелде) үйлесімділіктің болуы немесе болмауы)): Авторлық бағдарлама интернат тәрбиешілерінің тәрбиелік қызметін ұлттық құндылықтар негізінде жүйелеуге бағытталған бірегей педагогикалық жоба болып табылады. Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі ұлттық тәрбие мазмұнынынң жүйеленуі, тұлғаның дамуына бағытталуы, авторлық педагогикалық тәсілдерді қолдануы сияқты бірнеше негізгі аспектілерінде көрініс табады.

4. Жұмыстың ғылымилығы: Бағдарлама мазмұны мен құрылымына қарап, оны ғылыми тұрғыдан негізделген және педагогикалық тәжірибеге бағытталған деп айтуға болады. Ғылымилығын арттыру үшін бағдарламада нақты әдістемелік ұсыныстар, оқыту технологиялары, бағалау критерийлері және тәжірибелік зерттеулер нәтижелері қосылса, бұл оның ғылыми дәрежесін күшейтеді.

5. Ішкі бірлікті бағалау және жұмыстың әдіснамалық негізінің сипаттамасы (логикалық, нәтижелердің әдіснамалық негіздермен өзара байланысы, қарама-қайшы еместігі): Бағдарламада ішкі бірлік оның құрылымы, мазмұны мен мақсаттарының өзара байланысында көрініс табады. Бағдарламаның тәрбиелік, білімдік және дамыту мақсаттары нақты анықталған және оларды жүзеге асыруға арналған іс-әрекеттер мен тапсырмалармен толық үйлеседі. Бағдарламаның мазмұны – рухани-адамгершілік,

ұлттық сана-сезім, тіл, мәдениет, салт-дәстүр, отбасылық және қоғамдық құндылықтар – тәрбие жұмысының негізгі өзегін құрайды. Бұл элементтердің әдістемелік үйлесімі тәрбие мазмұны мен қолданылатын тәсілдерді бір-бірін толықтыратындай етіп ұйымдастырған.

6. Әрбір нәтиженің, ғылыми жағдайдың, жұмыстың тұжырымдары мен қорытындыларының негізділігі мен дәйектілігінің дәрежесі: Ғылыми жағдайлардың негізділігі бағдарламада қолданылған әдістемелік тәсілдер мен ұлттық құндылықтарды дамыту принциптерінен көрінеді. Мысалы, рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, ұлттық мәдениет пен тіл элементтерін меңгерту сияқты мақсаттар нақты педагогикалық тапсырмалармен дәйектеледі. Әрбір іс-әрекет пен әдіс белгілі педагогикалық тәжірибеге және ғылыми әдебиетке сүйенген, бұл бағдарламаның ғылыми тұрғыдан негізделгенін көрсетеді.

7. Жұмыстың практикалық маңыздылығы: Бағдарлама педагогикалық практикада қолдануға қолайлы, ұлттық тәрбие негізінде тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін тиімді құрал болып табылады.

8. Жұмыстың аралық және қорытынды нәтижелерін ұсыну формалары мен тәсілдері: Педагогтің жеке тәжірибесі негізінде дайындалған жұмыс авторлық бағдарламасы формасында ұсынылған.

9. Ресімдеу талаптарына сәйкестігі. Жұмыстың мазмұны бойынша кемшіліктер мен ескертулер: Бағдарлама ұсынылған талаптарға сай рәсімделген, емкертулер жоқ.

10. Жұмысты пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар: Бағдарлама педагогикалық тәжірибеге енгізуге, ұлттық тәрбие жұмысын жүйелеуге және тәрбие процесінде нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған. Бағдарламаны тарату ұлттық құндылықтарды оқыту мен тәрбиелеу тәжірибесін кеңейтуге мүмкіндік береді деп танып, әдістемелік көмек ретінде әріптестері арасында таратуға ұсынамын.

**Рецензент:**
**Облыстық білім басқармасының**
**әдістемелік орталығының әдіскері**
**педагог-зерттеуші:** **Кулекеева Асемгул Муратовна**

21. 01. 2026 ж.
(қолы, күні)

«БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ШЫҢҒЫРЛАУ АУДАНЫ
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ
«П.ҚЫЛЫШЕВ
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ
ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
№ 54
«12» 03 202_
ШЫҢҒЫРЛАУ АУЫЛЫ

# РЕЦЕНЗИЯ

__Білім беру ұйымы:__Қ.Жұмалиев атындағы Қаратөбе-мектеп гимназиясы жанындағы «Дарын» интернаты

__Автор:__Ізімғалиева Ж.І.

__Тақырыбы:__ **«Ұлттық құндылық – ұрпақ санасында»**

**Жұмыстың өзектілігі (тұжырымдамалар, бағдарламалар, зерттеу немесе тәжірибелік-эксперименттік жұмыс тақырыптары және т.б.):** Қазіргі қоғамда ұлттық құндылықтарды сақтау және оларды жас ұрпақ санасына жүйелі түрде енгізу – тәрбиенің басты бағыттарының бірі болып отыр. Жаһандану және ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы қоғамдағы мәдени алмасуды күшейтсе де, ұлттық дәстүрлер мен салт-дәстүрдің рөлі азайып бара жатқанын көрсетуде. Сол себепті интернат тәрбиешілерінің тәрбиелік қызметінде ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде насихаттау, оқушылардың рухани-адамгершілік, тұлғалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету өзекті мәселелеге айналды.

**Жұмыстың жаңашылдық дәрежесі, білім беру жүйесінде (қала /аудан, аймақ, республика, шетелде) үйлесімділіктің болуы немесе болмауы)):**Авторлық бағдарлама интернат тәрбиешілерінің тәрбиелік қызметін ұлттық құндылықтар негізінде жүйелеуге бағытталған бірегей педагогикалық жоба болып табылады. Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі ұлттық тәрбие мазмұнынынң жүйеленуі, тұлғаның дамуына бағытталуы, авторлық педагогикалық тәсілдерді қолдануы сияқты бірнеше негізгі аспектілерінде көрініс табады.

**Жұмыстың практикалық маңыздылығы:**Бағдарлама педагогикалық практикада қолдануға қолайлы, ұлттық тәрбие негізінде тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін тиімді құрал болып табылады.

**Жұмыстың жүйелілік және құрылымдылық:** Бұл бағдарлама арқылы оқушылар халқымыздың дәстүрі мен мәдениетін тереңірек танып біледі.

**Жұмыстың ғылыми-әдістемелік негіздеме:**Ғылыми жағдайлардың негізділігі бағдарламада қолданылған әдістемелік тәсілдер мен ұлттық құндылықтарды дамыту принциптерінен көрінеді. Мысалы, рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, ұлттық мәдениет пен тіл элементтерін меңгерту сияқты мақсаттар нақты педагогикалық тапсырмалармен дәйектеледі. Әрбір іс-әрекет пен әдіс белгілі педагогикалық тәжірибеге және ғылыми әдебиетке сүйенген, бұл бағдарламаның ғылыми тұрғыдан негізделгенін көрсетеді.

**Жұмыстың ресімделуі:** Бағдарлама ұсынылған талаптарға сай рәсімделген, емкертулер жоқ.

**Жұмысты авторлық материалды жетілдіру бойынша ұсыныстар:**Бағдарлама педагогикалық тәжірибеге енгізуге, ұлттық тәрбие жұмысын жүйелеуге және тәрбие процесінде нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған. Бағдарламаны тарату ұлттық құндылықтарды оқыту мен тәрбиелеу тәжірибесін кеңейтуге мүмкіндік береді деп танып, әдістемелік көмек ретінде әріптестері арасында таратуға ұсынамын.

**Қорытынды(эксперттөмендегінұсқалардыңбірінтаңдайды):**

1. қарауғаұсынылсын.
2. қайтаөңдеугежіберілсін.
3. бастарту(қабылдамау)

**Рецензент:**
**Л.Қылышев атындағы ЖОББ мектебінің тарих пәні мұғалімі педагог-шебер:** **Сапашева Эльмира Ибрагимовна**

**«БЕКІТЕМІН»**

«Қ. Жұмалиев атындағы Қаратөбе
мектеп - гимназиясы» КММ
директоры ________ М.С.Утегалиева
«_10.03_____» 2006 ж

**Апробациялау актісі**

1. **Жұмыс тақырыбы:** «Ұлттық құндылық – ұрпақ санасында» авторлық бағдарлама
2. **Жұмыс авторы:** Ізімғалиева Жұлдыз Ізімғалиқызы, интернат тәрбиешісі
3. **Апробацияның басталу,аяқталу мерзімі:** 2024- 2025 оқу жылы
02.09.2024- 25.05.2025
4. **Мақсаты аудитория:** 5-6 сынып интернат тәрбиеленушілері (20 оқушы)
5. **Апробацияның мақсаты:** Интернат тәрбиеленушілерінің бойында ұлттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік қасиеттерді, ұлттық сана мен азаматтық ұстанымды қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысын жүйелеу және тәрбиешілердің ұдттық тәрбие берудегі кәсіби құзыреттілігін арттыру
6. **Негізгі мазмұны:**

Бағдарлама мазмұны тәрбиеленушілердің бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға,салт-дәстүрді құрметтеуге,туған елін,жерін,сүюге тәрбиелеуге бағытталған. Бағдарлама арқылы оқушылар ұлттық мәдениетпен,әдет-ғұрыппен,халық даналығымен танысып,рухани адамгершілік қасиеттерін дамытады.Сабақ барысында келесі әдістер қолданылды:

- Рөлдік ойындар
- шағын жобалар
- бақылау тапсыомалары
- топтық және жұптық жұмыстар
- сұрақ-жауап және пікірталас
- коммуникатиитік жаттығулар
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
- жағдаяттық тапсырмалар
- шығармашылық тапсырмалар

Сапалық өзгерістер. Апробация барысында келесі оң өзгерістер байқалды.

- Оқушылардың ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға қызығушылығы артты
- Топпен жұмыс істеу,бір-біріне көмектесу,достық қарым-қатынас жасау дағдылары нығайды
- Өз халқының тарихына,мәдениетіне деген құрмет сезімі артты
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен белсенділігі жоғарылады

Апробацияға дейінгі және кейінгі көрсеткіштер салыстырылып талданды.

7. **Диагностикалық құралдар.**

Апробация барысында келесі диагностикалық құралдар қолданылды:

- кіріс,аралық және қортынды тестілеу
- оқушыларға арналған саулнама
- тәрбиешілерге арналған сауалнама
- бақылау және талдау
- сабақ барысында бақылау
- оқушылардың шығармашылық жұмыстарының нәтижелері

Сонымен қатар тәрбиеленушілердің түрлі байқаулар мен іс-шараларға қатысу белсенділігі талданды

**8. Құзыретті дамыту.**

Апробация нәтижесінде тәрбиеленушілердің келесі құзыреттері дамыды.

- коммуникативтік дағдылар
- адамгершілік,имандылық қасиеттері дами түсті
- үлкенді сыйлау,кішіге қамқор болу мәдениетін қалыптасырды
- Қазақ халқының тарихы,мәдениеті, салт-дәстүрі,әдеп-ғұрпы туралы білімдері кеңейді
- Ұлттық мұраларды зерттеуге қызығушылығы арта түсті

**9. Диагностикалық нәтижелері көрсетілген кесте**

| Оқу жылы | Сынып | Кіріс диагностикасы (%) | Аралық (%) | Қорытынды (%) | Байқаулар мен олимпиадаларға қатысу.(Қатысушылар саны,іс-шара атауы) |
|---|---|---|---|---|---|
| 2024-2025 | «Тәрбие- қазіргі заманның жаһандық сын-қатері ретінде» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірбиелік онлайн-конференция, «Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев-ғасырдың дара перзенті» 1 республикалық ғылыми танымдық конференцияда баяндама жасап, «Мақал –мәтелдер» жобасы ұлттық тәрбие бастауы тақырыбында облыстық семинар, «Интернат тәрбиеленушілерінің бос уақытын театр түрлерін қолдану арқыды ұйымдастыру» іс-тәжірбиемді обдыс көлемінде таратылды.(Хаттама №3 сәуір 2025жыл) | | | | |
| 2024-2025 | 5-6 | 60% | 78% | 95% | Мектепшщілік іс-шаралар, сахналық қойылым (15оқушы) «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар республикалық фестивалі облыстық кезеңі 3-орын (1 оқушы) «Жасыл сахна» қуыршақ театры байқауында облыстық кезеңінді алғыс хат (4оқушы), «Менің экоізім» аудандық экологиялық марафон (5оқушы) |

**10. Сауалнама және сұхбат нәтижелері**

Апробация барысында оқушылар арсында сауалнама жүргізілді.

| Сұрақ | Иә (%) | Жоқ (%) |
|---|---|---|
| Интернатта өткізілетін іс-шаралар қызықты өте ме? | 97 | 3 |
| Саған ұлттық тақырыптағы тәрбие сағаттары қызықты ма? | 98 | 4 |
| Ұлттық ойындарға қатсқанды ұнатасың ба? | 98 | 2 |
| Ұлттық құндылықтарды сақтау маңызды деп ойлайсың ба? | 100 | |

**Оқушылардың пікірі:**

Жүргізілген сауалнама нәтижесінде тәрбиеленушілер іс-шаралардың,тәрбие сағаттарының қызықты және пайдалы өткенін атап өтті. Көптеген тәрбиеленушілер ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер,салт-дәстүрлер туралы «с-шаралар өте қызықты болғанын жеткізді. Мұндай жұмыстар олардың қазақ халқының мәдениетіне деген қызығушылығын арттырғанын атап өтті.

**Мұғалімдер пікірі**: Педагогтар қолданылған әдістердің тиімді екенін, оқушылардың сөйлеу,шығармашыдық белсенділі артқанын және іс-шаралардың нәтижелігі жоғарылағанын атап өтті.

**Ата-аналардың пікірі:** Ата-аналар оқушылардың ұлттық құндылықтарға қызығушыдықтары артқанын, олардың өз мәдениетіне деген мақтаныш сезімі күшейгенін көрсетті.

**Өзге стейкхолдерлердің пікірі (мектеп әкімшілігі,әдіскерлер,қпуымдастық өкілдері және т.б):** Мектеп әкімщілігі мен сарапшы мұғалімдер авторлық бағдарламаның оқу-тәрьие процесінің сапасын артыруға оң әсер еткенін атап өтті.

**11.Қорытынды:**
Жүргізілген апробация нәтижесі авторлық бағдарламаның тиімділігін көрсетті.
**Мақсатқа жету дәрежесі**: толық
Авторлық бағдарлама оқушылардың ұлттық мәдениет туралы түсініктерінінің кеңеюі, халқымыздың салт-дәстүрлерін,әдет-ғұрыптарын қалыптастыруға және өз еліне деген құрметінің артуына мүмкіндік береді.
Бағдарламаның **практикалық маңыздылығы** жоғары және жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде қолдануға болады.
Бағдарламаның **жаңашылдығы әлеуеті** диалогтік ұлттық құндылықтарды қазіргі заман талабына сай жұмыстары мен заманауи әліс-тәсілдерін жүйелі түрде қолдануға негізделген.
**Қолдану ауқымы:** жалпы білім беретін мектептердің мектеп жанындағы интернаттарына
**Мүмкін болатын тәуекелдер:**
Оқушылардың қызығушылығының әртүрлі болуы, уақыттың шектеулі болуы.

**12. Қол қою, растау**
**Мектеп директоры:** ____________ М.С.Утегалиева
(қолы)
**ДҒӘЖЖО:** ____________ Л.Б.Сүлейменова
(қолы)

**«БЕКІТЕМІН»**
**Сараптамалық кеңес төрайымы**
**Сүлейменова Л.Б**
**«10» наурыз 2026ж.**

**Мектепке дейінгі, орта білім беру саласындағы авторлық материалға**
**ҚОРЫТЫНДЫ**

**Білім беру ұйымы:** Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасы Қаратөбе ауданы «Қ.Жұмалиев атындағы Қаратөбе мектеп-гимназиясы» КММ

**Автор:** Ізімғалиева Жұлдыз Ізімғалиқызы

**Тақырыбы:** «Ұлттық құндылық-ұрпақ санасында» авторлық бағдарлама

**Өзектілік және маңыздылық:** Ұсынылып отырған авторлық бағдарлама қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрдің сақталуы аса маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарға деген құрметті қалыптастыру,ата-баба мұрасын дәріптеу және ұлттық болмысты сақтап қалу- бүгінгі тәрбие жұмысының басты бағыттарының бірі. «Ұлттық құндылық-ұрпақ санасында» авторлық бағдарламасы оқушылардың бойына халқымыздың рухани мұрасын ұлттық салт-дәстүрлерін,әдет-ғұрыптарын,адамгершілік қасиеттерін сіңіруге бағытталған. Бағдарлама арқылы жас ұрпақтың сана-сезімі қалыптасып,туған елін,жерін,тілін құрметтеуге тәрбиеленеді.
Бағдарламаның маңыздылығы оқушыларды ұлттық мәдениет негізінде тәрбиелеу арқылы олардың тұлғалық дамуына ықпал етуінде.

**Жаңашылдық:** Авторлық бағдарламаның жаңашылдығы ұлттық тәрбиені заманауи әдіс-тәсілдермен ұштастыра отырып,оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде қалыптастыруында. Оқушылар тек теориялық білім алып қана қоймай,шеберлік сағаттары,сахналық көріністер,жобалық жұмыстар арқылы тәжірбиелік түрде үйренеді. Бағдарлама оқушылардың өз бетімен ізденуіне,зерттеу жүргізуіне және шығармашылық қабілетерін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылар ұлттық дәстүрлердің маңызын түсініп,оны өз өмірінде қолдануға дағдыланады.

**Практикалық маңыздылық:** Бағдарлама оқушыларға ұлттық құндылықтарды тек теориялық тұрғыда емес,іс-тәжірибе арқылы меңгертуінде. Бағдарлама барысында түрлі тәрбие сағаттары,шығармашылық жұмыстар мен жобалар ұйымдастырылып,лқушылар ұлттық мәдениетті күнделікті өмірде қолдануға үйренді. Бұл авторлық бағдарлама тәрбие жкмысында тиімді қолданылатын,оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға және ұлттық құндылықтарды өмірмен байланыстыра отырып меігертуге бағытталған маңызды практикалық құрал болып табылады.
**Жүйелілік және құрылымдылық:** Бағдарлама мазмұны жүйелі құрылған.

**11.Қорытынды:**
Жүргізілген апробация нәтижесі авторлық бағдарламаның тиімділігін көрсетті.
**Мақсатқа жету дәрежесі**: толық
Авторлық бағдарлама оқушылардың ұлттық мәдениет туралы түсініктерінінің кеңеюі, халқымыздың салт-дәстүрлерін,әдет-ғұрыптарын қалыптастыруға және өз еліне деген құрметінің артуына мүмкіндік береді.
Бағдарламаның **практикалық маңыздылығы** жоғары және жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде қолдануға болады.
Бағдарламаның **жаңашылдығы әлеуеті** диалогтік ұлттық құндылықтарды қазіргі заман талабына сай жұмыстары мен заманауи әліс-тәсілдерін жүйелі түрде қолдануға негізделген.
**Қолдану ауқымы:** жалпы білім беретін мектептердің мектеп жанындағы интернаттарына
**Мүмкін болатын тәуекелдер:**
Оқушылардың қызығушылығының әртүрлі болуы, уақыттың шектеулі болуы.
**12. Қол қою, растау**
**Мектеп директоры:** ________________ М.С.Утегалиева
(қолы)

**ДҒОЖЖО:** ________________ Л.Б.Сүлейменова
(қолы)

OySyn

Отчет предоставлен сервисом «Oysyn» — https://oysyn.kz

# Полный отчёт о проверке

## Сводная информация

**Автор:** Ізімғалиева Жұлдыз Ізімғалиқызы

**Название документа:** АВТОР 2026ЖУЛДЫЗ

**Тип документа:** Авторская программа

**Подразделение:** авторлық бағдарлама

**Проверяющий:** ЖАЙНГУЛ АЛТАЕВА (bai-10@mail.ru)

**Дата проверки:** 17.03.2026 11:12

## Результаты проверки




Оригинальность: **91.2%**

Совпадения: **8.8%**

Цитирования: **0.0%**

Самоцитирования: **0.0%**

## Әдістемелік сараптамалық кеңестің хаттамасы №2

**Қ.Жұмалиев атындағы Қаратөбе мектеп-гимназиясында 13 наурыз 2026 жылы әдістемелік сараптамалық кеңес оздырылды.**

**Қатысуға тиіс: 11**
**Қатысқаны: 11**
**Себептісі:0**

**Күн тәртібінде:**

1. **Педагогтердің оқу-әдістемелік құралдарын мектепішілік эксперттік кеңесте қарап, қолданысқа енгізу, аудан, облыс көлемінде таратуға ұсыну.**

**Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөйлеушілер:**

1. **Л.Сүлейменова (директордың ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары):**
   - **Педагогтердің оқу-әдістемелік құралдарын мектепішілік эксперттік кеңесте қарап, қолданысқа енгізу, аудан, облыс көлемінде таратуға ұсынуға төмендегідей жұмыстар ұсынылды.**

| № | Мұғалімнің аты-жөні | Пәні, жұмыс бағыты | Бағдарлама атауы | Сыныбы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Садикова Айнаш Сейлхановна | Ағылшын тілі | «Ағылшын тілі сабағында диалог арқылы оқушылардың сөйлеу тілін дамыту» авторлық бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыттың 9-сынып оқушыларына арналған) | 9 |
| 2 | Утегалиева Мираш Спортовна<br>Сүлейменова Ләззат Батырбекқызы<br>Ескожина Самал Сембаевна | Әдістемелік бағыт | «Оқу үдерісін басқарудағы командалық өнімді жұмыс» әдістемелік ұсыным | - |
| 3 | Ізімғалиева Жұлдыз Ізімғалиқызы | Тәрбие бағыт | «Ұлттық құндылық - ұрпақ санасында» авторлық бағдарлама | - |
| 4 | Азербаева Светлана Құттығұлқызы | Ақындық бағыты | «Жыр перне» үйірмесінің авторлық бағдарламасы | 5-9 |
| 5 | Жорғатай Айдана Семғалиқызы | Информатика | Информатика пәнінен 6-сыныпқа арналған жұмыс дәптері | 6 |

**Тыңдалды:**

**Л.Сүлейменова (ДГӘЖЖО, комиссия төрағасы):** Мұғалімдер оқу мақсаттарын нақтылап, нәтижеге бағытталған тапсырмалар жүйесін ұсынған. Бағдарлама құрылымы түсінікті, әдістемелік тұрғыдан негізделген. Сараптама нәтижесі бойынша оң қорытынды беруге болады.

**Е.Базарбайұлы (көркем еңбек пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі):** Авторлар ұсынған бағдарлама оқу үдерісінің заманауи талаптарына сай әзірленген. Бағдарламада пәнаралық байланыс, оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдер қарастырылған. Оқыту мазмұны жас ерекшелігіне сай және практикалық бағытта құрастырылған. Ұсынуға болады деп есептеймін.

**Шешімі:**

1. **Төменде аталған жұмыстар облыстық көлемінде таратуға ұсынылу үшін аудандық эксперттік кеңеске жолдансын.**

| № | Мұғалімнің аты-жөні | Пәні | Бағдарлама атауы | Сыныбы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Садикова Айнаш Сейлхановна | Ағылшын тілі | «Ағылшын тілі сабағында диалог арқылы оқушылардың сөйлеу тілін дамыту» авторлық бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыттың 9-сынып оқушыларына арналған) | 9 |
| 2 | Утегалиева Мираш Спортовна Сүлейменова Ләззат Батырбекқызы Ескожина Самал Сембаевна | Әдістемелік бағыт | «Оқу үдерісін басқарудағы командалық өнімді жұмыс» әдістемелік ұсыным | - |
| | Ізімғалиева Жұлдыз Ізімғаликызы | Тәрбие бағыт | «Ұлттық құндылық - ұрпақ санасында» авторлық бағдарлама | - |
| | Азербаева Светлана Құттығұлқызы | Ақындық бағыты | «Жыр перне» үйірмесінің авторлық бағдарламасы | 5-9 |

2. **Төменде аталған жұмыстар аудан көлемінде таратуға ұсынылу үшін аудандық эксперттік кеңеске жолдансын.**

| № | Мұғалімнің аты-жөні | Пәні | Бағдарлама атауы | Сыныбы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жорғатай Айдана Семғалиқызы | Информатика | Информатика пәнінен 6-сыныпқа арналған жұмыс дәптері | 6 |

| | | |
|---|---|---|
| Комиссия төрағасы: | | Л.Б.Сүлейменова |
| Мүшелері: | | С.С.Ескожина |
| | | Б.О.Амиргалиева |
| | | А.Ж.Жумагалиева |
| | | Л.Е.Кыдыргожина |
| | | Е.Базарбайұлы |
| Хатшысы: | | Ә.Сұлтангереева |

Кадр есебі жөніндегі
# ЖЕКЕ ІС ПАРАҒЫ
# ЛИЧНЫЙ ЛИСТОК
по учету кадров



Тегі / Фамилия: Узағалиева

Аты / Имя: Жұлдыз

Әкесінің аты / Отчество: Узағалиқызы

1. Жынысы / Пол:
2. Туған күні, айы және жылы / Год, число и месяц рождения: 22.05.1979

3. Туған жері / Место рождения:

(ауыл, қала, облыс, республика / село, город, область, республика)

4. Ұлты / Национальность: қазақ

5. Білімі / Образование: жоғары

6. СТТН/РНН:
7. ӘЖК/СИК:

8. Төлқұжаттың нөмірі / № удостоверения: 016593734
9. ЖСН/ИИН: 790522400832

10. Мекен жайы / Домашний адрес: Мұғалім №6

11. Телефон: 31-2-43
87759239078

| Оқу орнының атауы және оның тұрған жері / Название учебного заведения и его местонахождение | Түскен жылы / Год поступления | Бітірген немесе шыққан жылы / Год окончания или ухода | Бітірмесе, қай курстан кетті / Если не окончил, то с какого курса ушел | Қандай мамандық бойынша білім алды / По какой специальности обучался | Оқу орнын бітірген соң кім болып шықты, диплом не куәлік нөмірін көрсету керек / Какую квалификацию получил в результате окончания учебного заведения, указать № диплома или удостоверения |
|---|---|---|---|---|---|
| Батыс Қазақстан мемл | | | | физика | |
| екеттік унив. | | | | және | |
| М. Өтемісов атындағы Батыс | 2001 | 2006 | | информатика. | ЖБ 0609431 |
| Қазақстан мемлекеттік | | | | | |
| универ. | | | | | |

12. Қандай шетел тілдерін және ТМД халықтарының тілдерін білесіз / Какими иностранными языками и языками народов СНГ владеете: орыс тілін; ағылшын тілін сөздікпен

(оқи аласыз ба әлде сөздікпен аудара аласыз ба, оқи аласыз ба әлде түсінісе аласыз ба, еркін сөйлесе аласыз ба)

(читаете и переводите со словарем, читаете и можете объясняться, владеете свободно)

13. Ғылыми дәрежеңіз, атағыңыз / Ученая степень, учёное звание:

14. Қандай ғылыми еңбектеріңізбен жаңалықтарыңыз бар / Какие имеете научные труды и изобретения:

Көшірмесі дұрыс [signature]

15. Еңбек жолы (жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқыған жылдарын, әскери қызметін, қоса атқарған жұмысын, т.б. қоса есептегенде)
Трудовая деятельность (включая учёбу в высших и средних специальных учебных заведениях, военную службу, работу по совместительству и др.)

Бұл тармақты толтырғанда мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар кезінде қалай аталса, сол қалпында берілсін, әскери қызмет лауазымы округімен қоса көрсетілсін.
При заполнении данного пункта учреждения, организации и предприятия необходимо именовать так, как они назывались в свое время, военную службу записывать с указанием должности, округа.

| Келген уақыты | Кеткен уақыты | Қызметі, мекеме, ұйым, кәсіпорын, сондай-ақ министрлік (ведомство) қоса көрсетілсін | Мекеме, ұйым, кәсіпорынның тұрған жері |
|---|---|---|---|
| Айы және жылы / Месяц и год | | Должность, с указанием учреждения, организации, предприятия, а также министерства (ведомства) | Местонахождение учреждения, организации, предприятия |
| вступления | ухода | | |
| 6.09.2001 | | Қаратөбе мектеп-гимназиясы жанындағы «Дария» интернатына тәрбиешінің көмекшісі | с. Каратобе |
| 21.09.2003 | | Қаратөбе мектеп-гимназиясы жанындағы «Дария» интернатына тәрбиеші. | с. Каратобе |

| 17. Қандай мемлекеттік марапаттарыңыз бар<br>Какие имеете государственные награды | (қашан, немен марапатталдыңыз / когда и чем награждены) |
|---|---|

Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының „Құрмет грамотасы" 2025ж.

| 18. Әскери қызметке қатысы және әскери атағы<br>Отношение к воинской обязанности и воинское звание | |
|---|---|

| Құрамы<br>Состав | Әскер түрі<br>Род войск |
|---|---|
| | |

(Командылық саяси, әкімшілік, техникалық т.с.с.)
(командный, политический, административный, технический и т. д.)

| 19. Жеке іс парағын толтырған кездегі отбасы жағдайы<br>Семейное положение в момент заполнения личного листка | (отбасы мүшелерінің туған жылын, тегін, аты мен әкесінің атын көрсетіп жазыңыз; |
|---|---|

(перечислить членов семьи, с указанием года рождения, фамилии, имени, отчества)

Жолдасы: Сериков Абзал
қызы: Серік Әсел
ұлы: Серік Алижан
қызы: Серік Есмира
ұлы: Сериков Айдар
ұлы: Сериков Айдамир

| 08 | қыркүйек | 2019 ж. |
|---|---|---|

(Толтырылған мезгілі)
(дата заполнения)

(Өзінің қолы)
(личная подпись)

[illegible signature]

(Жеке іс парағын толтырушы қызметкер кейінгі өзгерістер туралы (білімі, ғылыми дәреже, атақ алуы т.с.с.). Қызмет орнына хабарлауға міндетті. Бұл мағлұматтар жеке іс қағазына түсіріледі).
(Работник, заполняющий личный листок, обязан о всех последующих изменениях (образовании, присвоении ученой степени, ученого звания и т. п.) сообщить по месту работу для внесения этих изменений в его личное дело).

ЖШС «Дәуір-Кітап» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
тел.: 394 39 34, 394 39 42, 394 39 59. E-mail: kommerz@dauir.kz, kitap_dauir@mail.ru
ТОО Издательство «Дәуір-Кітап», 050009, г. Алматы, пр. Гагарина, 93а.
тел.: 394 39 34, 394 39 42, 394 39 59. E-mail: kommerz@dauir.kz, kitap_dauir@mail.ru

Тапсырыс № 913. Таралымы 20 000. / Заказ № 913. Тираж 20 000.
Отпечатано в ТОО РПИК «Дәуір».

«БЕКІТЕМІН»
Сараптамалық кеңес
төрағасы/орынбасары ТАӘ
____________ Г.Х.Тналиева
«27» наурыз 2026 ж.

**«Ұлттық құндылық - ұрпақ санасында» үйірмесінің авторлық бағдарламасына ҚОРЫТЫНДЫ**

**Білім беру ұйымы:** Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Қаратөбе аудандық білім беру бөлімінің «Қажым Жұмалиев атындағы Қаратөбе мектеп-гимназиясы» КММ
**Автор:** Ізімғалиева Жұлдыз Ізімғалиқызы
**Тақырыбы:** «Ұлттық құндылық - ұрпақ санасында»

**Өзектілік және маңыздылық**

Ұлттық құндылықтан материалдық құндылықты жоғары қоятын, қазақы мінезден алыстап, қазақы рух бәсеңдеген өзгермелі заманда ұлттық құндылықтарды дәріптеу өзекті мәселе болып қала берері сөзсіз. Жұмыстың өзектілігі тәрбиелік процесте ұлттық құндылықтарды накты іске асырудың тәжірибелік жолдарын ұсынуы арқылы көрінеді. Бұл бағдарлама интернаттық тәрбие жүйесінде ұлттық тәрбиенің сапасын арттыруға, оқушылардың моральдық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етуге, олардың қоғамдағы өзіндік орнын қалыптастыруға септігін тигізеді. Осы себепті аталған зерттеу тақырыбы қазіргі кезеңде педагогика ғылымы мен практикасында маңызды әрі қажетті болып табылады.

**Жаңашылдық**

Бұл жұмыс ұлттық тәрбие мәселелерін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан үйлестіріп, интернаттық тәрбиенің сапасын арттыруға, оқушылардың рухани және әлеуметтік дамуын қолдауға накты үлес қосады.

**Практикалық маңыздылық**

«Ұлттық құндылық – ұрпақ санасында» атты авторлық бағдарлама практикалық тұрғыдан жоғары маңызға ие, себебі ол нақты педагогикалық тәжірибеде қолдануға арналған. Бағдарлама интернат тәрбиешілері мен сынып жетекшілері үшін тәрбиелік іс-әрекеттерді жүйелі ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

**Жүйелілік және құрылымдылық**

Бағдарлама мазмұны жүйелі құрылған. Ұлттық құндылықтарды ұрпақ санасына сіңіру-тәрбиенің ең маңызды бағыттарының бірі. Бұл бағдарлама оқушылардың ұлттық дүниетанымын дамытып, халқымыздың бай мәдени мұрасын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын тереңірек танып-білуіне

бағытталған тәрбиелік мазмұндағы жүйелі бағдарлама.

**Ғылыми-әдістемелік негіздеме**

«Ұлттық құндылық – ұрпақ санасында» атты авторлық бағдарлама ғылыми тұрғыдан жүйелі құрылған. Бағдарламаның мазмұны қазақ халқының рухани мұрасы, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, тілі мен мәдениеті, отбасылық және қоғамдық құндылықтарды қамтиды. Бұл аспекттер бағдарламаға теориялық негіз береді және ұлттық тәрбие саласындағы педагогикалық зерттеулерге сүйенеді.

**Рәсімделуі:** Ұсынылған бағдарлама талапқа сай рәсімделген. Кемшіліктер мен ескертулер жоқ.

**Қорытынды:** «Ұлттық құндылық - ұрпақ санасында» үйірмесінің авторлық бағдарламасы интернат тәрбиешілерінің тәрбиелік қызметін ұлттық құндылықтар негізінде жүйелеуге бағытталған кешенді құрал болып табылады. Облыстық деңгейде таратып, білім беру жүйесінде қолдануға ұсынамын.

**Бас сарапшы:** ________ Г.Х.Тналиева
**Хатшы:** ___________ Г.С.Куспанова

Қ.Жұмалиев атындағы «Қаратөбе мектеп-гимназиясы» КММ

БЕКІТЕМІН
Қ.Жұмалиев ат. «Қаратөбе мектеп-
гимназиясы» КММ
директоры: М.С.Утегалиева

# АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

## Тақырыбы: «ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ҰРПАҚ САНАСЫНДА»

(5-6 сыныптар, 34 сағат)

Қаратөбе ауданы, 2026 жыл

**Авторы:**

**Ізімғалиева Жұлдыз Ізімғалиқызы** – Қ.Жұмалиев атындағы «Қаратөбе мектеп гимназиясы»кмм жанындағы «Дарын» интернатының тәрбиешісі, педагог-зерттеуші

**Рецензенттер:**

**Кулекеева Асемгул Муратовна**-Облыстық білім басқармасының әдістемелік орталығының әдіскері педагог-зерттеуші

**Сапашева Эльмира Ибрагимовна** -Л.Қылышев атындағы ЖОББ мектебінің тарих пәнінің мұғалімі, педагог-шебер

Қ.Жұмалиев атындағы «Қаратөбе мектеп – гимназиясы»кмм директоры: М.С.Утегалиева

Әдістемелік кеңесімен ұсынылды.

2025 жылғы «28» тамыз № 3 хаттама

Хатшы: П.Қарекенова

## МАЗМҰНЫ

Түсіндірме жазба ________________________________________________ _________ 3-5

Оқу-тақырыптық жоспар ___________________________________________________ 6-8

Бағдарламаның мазмұны ______ ________________________________________ 8-10

Бағдарламаны ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету ________10-12

Қорытынды ________________________________________________________________ 13

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ________________________________________ 14

Қосымша __________________________________________________________________ 15-93

**Түсіндірме жазба**

«Ұлттық құндылық – ұрпақ санасында» авторлық бағдарламасы – білім алушылардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға, халқымыздың мәдени мұрасын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын танып-білуге бағытталған тәрбиелік бағдарлама. Бағдарлама жас ұрпақтың бойында ұлттық сана, отансүйгіштік, рухани мәдениет пен адамгершілік қасиеттерді дамытуға арналған.

Бағдарламаның **бағыттылығы** – жалпы білім беретін ұйымдардың интернат тәрбиеленушілеріне арналған тәрбиелік-танымдық курс. Бағдарлама мектеп жанындағы интернатта тәрбиеленетін білім алушыларға арналған қосымша білім беру бағытына жатады.

Бағдарламаның қоғам үшін **маңыздылығы** – қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық болмысты, рухани құндылықтарды сақтау мен жас ұрпақтың санасына сіңірудің өзектілігімен айқындалады. Ұлттық дәстүрлерді, халықтық тәрбие үлгілерін үйрету арқылы оқушылардың тарихи санасы қалыптасып, мәдени мұраға құрметі артады. Бұл бағдарлама балаларды ұлттық мәдениетке баулып қана қоймай, олардың рухани-адамгершілік дамуына ықпал етеді.

Бағдарлама 5–6 сыныптағы интернат тәрбиеленушілеріне арналған. Білім алушылардың жасы шамамен 10–12 жас аралығын қамтиды. Курстың жалпы көлемі 34 сағат, аптасына 1 сағат. Бағдарлама бір оқу жылы ішінде жүзеге асырылады. Нысаналы топ – ұлттық мәдениетке қызығушылығы бар, рухани-адамгершілік тәрбиені қажет ететін білім алушылар.

Бағдарламаның **тұжырымдамасы** – ұлттық мәдениет пен дәстүрлер арқылы тұлғаның рухани дүниесін байыту, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, атадәстүрді жалғастыратын саналы ұрпақ қалыптастыру. Негізгі **идеясы** – қазақ халқының мәдени мұрасын оқушылардың өмірлік тәжірибесімен байланыстыра отырып меңгерту.

Бағдарламаның **өзектілігі** – қазіргі қоғамда ұлттық тәрбие мен мәдени құндылықтардың маңыздылығының артуымен байланысты. Бағдарламаның жаңалығы – халықтық педагогиканы, салт-дәстүрлерді, ұлттық ойындарды, ырымтыйымдар мен баталарды жүйелі түрде біріктіріп, тәрбиелік курс ретінде ұсынуында. Бұл бағдарлама басқа ұқсас бағдарламалардан ұлттық құндылықтарды кешенді түрде қамтып, оқушылардың өмірлік тәжірибесімен байланыстыра оқытуымен ерекшеленеді.

Бағдарламаның **мақсаты** – білім алушылардың ұлттық мәдениет туралы түсініктерін кеңейту, халқымыздың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын таныстыру арқылы олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру.

**Бағдарламаның міндеттері**:

- қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен рухани мұрасы туралы білім беру;
- салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың тәрбиелік мәнін түсіндіру;
- оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру;
- ұлттық ойындар арқылы белсенділік пен ұйымшылдық қасиеттерін дамыту;
- халық даналығы мен ұлттық әдеп нормаларын құрметтеуге тәрбиелеу.

Бағдарламаны **іске асыру мерзімі** – 1 оқу жылы, жалпы 34 сағат**.**

Материалды іріктеудің **негізгі принциптері**:

- ұлттық мәдениеттің тәрбиелік мәнін сақтау;
- жас ерекшеліктеріне сәйкестік;
- жүйелілік пен бірізділік;
- тәрбиелік және танымдық бағыттылық;
- теория мен тәжірибенің байланысы.

Бағдарламаның құрылымы ұлттық мәдениеттің негізгі бағыттарын қамтитын бөлімдерден тұрады: қазақ қолөнері, туыстық жүйе, салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар, ырым-тыйымдар, баталар, ұлттық тағамдар, халықтық өлшемдер. Әр бөлім оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, ұлттық мұра туралы білімдерін толықтырады.

Оқыту **әдістері мен нысандары**:

- әңгіме, түсіндіру;
- пікірталас, сұрақ-жауап;
- шығармашылық тапсырмалар;
- ойын элементтері;
- көрнекілік әдістері;
- топтық және жеке жұмыстар.

Сабақтар аптасына 1 рет, ұзақтығы 45 минут.

Бағдарламаны меңгеру **нәтижесінде** білім алушылар:

- қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы білім алады;
- ұлттық ойындардың мәнін және өткізу ерекшеліктерін меңгереді;
- халық даналығы мен тәрбиелік дәстүрлердің маңызын түсінеді;
- ұлттық мәдениетке құрметпен қарауды үйренеді.

Білім алушылардың жетістіктерін бағалау қалыптастырушы сипатта жүргізіледі. Бағалау барысында оқушылардың белсенділігі, шығармашылық

жұмыстары, тапсырмаларды орындауы, пікір айтуы және топтық жұмыстардағы қатысуы ескеріледі.

Нәтижелерді бағалау құралдарына:

- сұрақ-жауап және пікірталас;
- шығармашылық жұмыстар;
- шағын жобалар;
- презентациялар;  бақылау тапсырмалары;  рефлексия жатады.

Осылайша, «Ұлттық құндылық – ұрпақ санасында» бағдарламасы білім алушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырып, олардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне ықпал ететін маңызды тәрбиелік курс болып табылады.

## Оқу-тақырыптық жоспар

| № | Тақырыбы | Сағат саны | Түрі | Білім беру өнімі |
|---|---|---|---|---|
| **Қазақ даласының ұлттық қолөнер дәстүрлері - 6 сағат** | | | | |
| 1 | Киіз үй – көшпелі өмірдің ұлттық үлгісі | 1 | Сынып сағаты | Киіз үй құрылысы ның сызбасы және қысқаша конспект |
| 2 | Ұлттық жиһаздар: дәстүр мен шеберлік | 1 | Сынып сағаты | Ұлттық жиһаз түр лері бойынша постер немесе кесте |
| 3 | Көшпелілер қолданған ұлттық ыдыстар | 1 | Дәріс | Ұлттық ыдыс тардың конспектісі және суретті каталогы |
| 4 | Ұлттық нақыштағы зергерлік бұйымдар | 1 | Мұражай ға саяхат | Бақылау күнделігі, фотоколлаж немесе шағын есеп |
| 5 | Қазақ ою-өрнегіндегі табиғат бейнелері | 1 | Практика лық сабақ | Ою-өрнек үлгісінің сызбасы немесе аппликациясы |
| 6 | Ұлттық киім - ұлт ажары | 1 | Пікірта лас | Ұлттық киім туралы тезистер және шағын эссе |
| **Қазақ қоғамындағы «жеті ата» мен «туыстық атаулар» ұғымы және оның әлеуметтік мәні -5 сағат** | | | | |
| 7 | Туыстық атаулар және олардың мәні | 1 | Сынып сағаты | Туыстық атаулар дың схемасы немесе кестесі |
| 8 | Жеке атаулар мен іліктік сөздер | 1 | Сынып сағаты | Терминдер сөздігі және қысқаша конспект |
| 9 | Жеті ата және жеті ұрпақ танымы | 1 | Шығарма шылық жұмыс | Жеті ата шежіре сінің макеті немесе генеалогиялық ағаш |
| 10 | Шежіре – түп-тамырымыздың тірегі | 1 | Практика лық сабақ | Отбасы шежіресінің сызбасы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 11 | Қазақтың сәлем беру, жол беру салты | 1 | Сынып сағаты | Этикет ережелері бойынша жадынама |
| **Салт-дәстүр – сан ғасырлық саф мұра (8 сағат)** | | | | |
| 12 | Баланың дүниеге келуіне байланысты салт-дәстүрлер | 1 | Практика лық сабақ | Салт-дәстүрлердің инфографикасы немесе кестесі |
| 13 | Бесік жыры, көгендік, тымаққа салу, бауырына салу | 1 | Сынып сағаты | Бесік жырының мәтіні немесе жатқа айту |
| 14 | Ұлттық салт-дәстүрдегі сыйсыяпат рәсімдері: сүйінші, шашу,базарлық, байғазы, көрімдік | 1 | Практика лық сабақ | Дәстүрлердің мағынасын түсіндіретін постер |
| 15 | Отау көтеру рәсімдері мен мерекелік әдет-ғұрыптар | 1 | Әңгімеле су сағаты | Рәсімдердің тезистік жоспары |
| 16 | Қыз ұзатуға қатысты салттар: сәукеле кигізу, сыңсу, жасау, түйемұрындық | 1 | Сынып сағаты | Салттар тізімі және қысқаша түсіндірме конспект |
| 17 | Келін түсіру салттары: беташар, жар-жар, аушадияр, атбайлар, өңір салу, үй көрсету | 1 | Сынып сағаты | Салттардың схемасы немесе шағын презентация |
| 18 | Қауымдық ғұрыптар | 1 | Пікірта лас | Пікірталас тезистері |
| 19 | Еңбек дәстүрлері | 1 | Сынып сағаты | Дәстүрлер туралы шағын зерттеу жұмысы |
| **Ұлттық ойындар – ұрпақты шыңдаушы мұра (3 сағат)** | | | | |
| 20 | Тұрмыс-салт ойындары | 1 | Сынып сағаты | Ұлттық ойындар тізімі және сипаттамасы |
| 21 | Жануарлармен байланысты халықтық ойындар | 1 | Сынып сағаты | Ойын ережелерінің жадынамасы |
| 22 | Қозғалыс ойындары | 1 | Практика лық сабақ | Ойын сценарийі немесе бейнежазба |
| **Ырым-тыйым – әдептілік негізі (3 сағат)** | | | | |
| 23 | Тұрмыстық өмірдегі ырым-тыйымдар | 1 | Сынып сағаты | Ырым-тыйымдар жинағы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 24 | Әдептілікке тәрбиелейтін ырым-тыйымдар | 1 | Пікірта лас | Тезистер немесе шағын эссе |
| 25 | Сақтандыруға арналған ырым-тыйымдар | 1 | Сұхбатсабақ (подкаст) | Подкаст мәтіні немесе сұхбат жоспары |
| **Баталы ұлға бақ қонар (3 сағат)** | | | | |
| 26 | Ақ бата – рухани және моральдық | 1 | Сынып | Бата мәтіндерінің |
| | құндылық | | сағаты | жинағы |
| 27 | Халық даналығындағы теріс бата ұғымы | 1 | Пікірта лас | Пікірталас тезистері |
| 28 | Серттесу батасы – достық пен келісімнің символы | 1 | Пікірта лас | Сахналық көрініс немесе диалог мәтіні |
| **Ұлттық тағам – ұлт денсаулығының кепілі (2 сағат)** | | | | |
| 29 | Сүт, ет тағамдары –денсаулық кепілі | 1 | Көрме сабақ | Ұлттық тағамдар туралы буклет немесе постер |
| 30 | Ұлттық дастарқан мәдениеті: табақ тарту дәстүрі | 1 | Сынып сағаты | Табақ тарту схемасы |
| **Халық өлшемі – анық өлшем (2 сағат)** | | | | |
| 31 | Ұлттық өлшем бірліктері: ұзындық пен қашықтық | 1 | Дәріс сабақ | өлшем бірліктерінің кестесі |
| 32 | Байырғы уақыт өлшемдері | 1 | Сынып сағаты | Уақыт өлшемдерінің сызбасы |
| **9-бөлім. Қорытынды. Ұлттық құндылық – өмірлік бағдар (2 сағат)** | | | | |
| 33 | Жоба қорғау сабағы | 1 | Шығарма шылық жұмыс | Оқушының зерттеу жобасы немесе презентация |
| 34 | Қорытынды пікірталас | 1 | Пікірта лас | Рефлексия эссесі немесе қорытынды тезистер |

## Бағдарламаның мазмұны

«Ұлттық құндылық – ұрпақ санасында» авторлық бағдарламасын іске асыру барысында сабақтар білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып,

танымдық, тәрбиелік және шығармашылық бағытта ұйымдастырылады. Бағдарлама мазмұны ұлттық мәдениет пен халықтық педагогика элементтеріне негізделіп, әр бөлімде түрлі сабақ нысандары мен әдіс-тәсілдер қолданылады.

**1-бөлім. Қазақ даласының ұлттық қолөнер дәстүрлері**

Бұл бөлімде сабақтар сынып сағаты, дәріс, практикалық сабақ, пікірталас және мұражайға саяхат түрінде өткізіледі. Сабақ барысында түсіндіру, әңгімелеу, сұрақжауап, көрнекілік әдістері, топтық жұмыс және шығармашылық тапсырмалар қолданылады. Оқушылар киіз үйдің құрылысы, ұлттық жиһаздар, ыдыстар, зергерлік бұйымдар, ою-өрнек түрлері мен ұлттық киімдер туралы мәлімет алады.

**Дидактикалық құралдар:** ұлттық бұйымдардың суреттері, макеттер, презентациялар, ою-өрнек үлгілері, бейнематериалдар.

**Техникалық жабдықтар:** интерактивті тақта, компьютер, мультимедиялық проектор.

**Қорытынды нысаны:** постер қорғау, ою-өрнек үлгілерін жасау, шағын шығармашылық жұмыстар.

**2-бөлім. Қазақ қоғамындағы «жеті ата» мен «туыстық атаулар» ұғымы**

Бұл бөлімде сынып сағаты, практикалық сабақ және шығармашылық жұмыс сабақ түрлері қолданылады. Сабақтарда әңгімелеу, түсіндіру, пікір алмасу, топтық зерттеу, схемалар құру әдістері пайдаланылады. Оқушылар туыстық атаулардың мәнін, жеті ата жүйесін және шежіре жасаудың маңызын меңгереді.

**Дидактикалық құралдар:** туыстық атаулар кестесі, шежіре схемалары, үлестірмелі материалдар.

**Техникалық құралдар:** интерактивті тақта, презентациялар.

**Қорытынды нысаны:** отбасы шежіресін құрастыру, генеалогиялық ағаш дайындау.

**3-бөлім. Салт-дәстүр – сан ғасырлық саф мұра**

Бұл бөлімде практикалық сабақтар, сынып сағаттары, әңгімелесу сабақтары және пікірталас сабақтары өткізіледі. Сабақтарда рөлдік ойындар, сахналық көріністер, топтық талдау, әңгіме және түсіндіру әдістері қолданылады. Оқушылар қазақ халқының бала дүниеге келуіне байланысты, үйлену тойына қатысты және қауымдық салт-дәстүрлер туралы білім алады.

**Дидактикалық құралдар:** салт-дәстүрлер туралы мәтіндер, фотоматериалдар, кестелер, бейнематериалдар.

**Техникалық құралдар:** мультимедиялық проектор, аудио және бейнежазбалар.

**Қорытынды нысаны:** сахналық көрініс, дәстүрлер туралы презентация, шығармашылық тапсырмалар.

**4-бөлім. Ұлттық ойындар – ұрпақты шыңдаушы мұра**

Сабақтар сынып сағаты және практикалық сабақ түрінде өткізіледі. Негізгі әдістер: ойын технологиясы, топтық жұмыс, тәжірибелік көрсету. Оқушылар ұлттық ойындардың шығу тарихымен, олардың ережелерімен танысып, кейбір ойындарды тәжірибе жүзінде орындайды.

**Дидактикалық құралдар:** ойын сипаттамалары, ереже кестелері.

**Техникалық құралдар:** бейнематериалдар.

**Қорытынды нысаны:** ұлттық ойындарды ұйымдастыру, ойын ережелері бойынша презентация.

**5-бөлім. Ырым-тыйым – әдептілік негізі**

Бұл бөлімде сынып сағаттары, пікірталас және сұхбат-сабақтар ұйымдастырылады. Әдістері: пікірталас, талдау, өмірлік мысалдар келтіру, топтық жұмыс. Оқушылар қазақ халқының тұрмыстық, тәрбиелік және сақтандыруға бағытталған ырым-тыйымдарының мәнін түсінеді.

**Дидактикалық құралдар:** ырым-тыйымдар жинағы, мәтіндер, кестелер.

**Техникалық құралдар:** аудио және бейнематериалдар.

**Қорытынды нысаны:** эссе, пікірталас қорытындысы, подкаст жазу.

**6-бөлім. Баталы ұлға бақ қонар**

Сабақтар сынып сағаты және пікірталас форматында өткізіледі. Әдістері: әңгімелеу, мәтін талдау, шығармашылық тапсырмалар. Оқушылар бата түрлері мен олардың тәрбиелік мәнін түсінеді.

**Дидактикалық құралдар:** бата мәтіндері, халық ауыз әдебиеті үлгілері.

**Техникалық құралдар:** аудиожазбалар.

**Қорытынды нысаны:** бата жатқа айту, бата жинағын құрастыру.

**7-бөлім. Ұлттық тағам – ұлт денсаулығының кепілі**

Бұл бөлімде көрме сабақ және сынып сағаты өткізіледі. Әдістері: әңгіме, көрнекілік, топтық жұмыс. Оқушылар ұлттық тағамдардың ерекшеліктерімен, дастарқан мәдениетімен танысады.

**Дидактикалық құралдар:** ұлттық тағамдардың суреттері, кестелер, буклеттер.

**Техникалық құралдар:** презентациялар.

**Қорытынды нысаны:** ұлттық тағамдар туралы постер немесе буклет дайындау.

**8-бөлім. Халық өлшемі – анық өлшем**

Сабақтар дәріс және сынып сағаты түрінде өтеді. Әдістері: түсіндіру, салыстыру, мысалдар арқылы талдау. Оқушылар қазақ халқының дәстүрлі өлшем бірліктері туралы білім алады.

**Дидактикалық құралдар:** өлшем бірліктерінің кестелері, сызбалар.

**Техникалық құралдар:** интерактивті тақта, презентациялар.

**Қорытынды нысаны:** өлшемдер кестесін құрастыру.

**Қорытынды бөлім**

Бағдарлама соңында шығармашылық жоба қорғау және қорытынды пікірталас өткізіледі. Оқушылар өздерінің зерттеу немесе шығармашылық жұмыстарын ұсынып, бағдарлама барысында алған білімдерін қорытындылайды.

**Қорытынды нысандары:** жоба қорғау, презентация, рефлексия, пікірталас.

Осылайша, авторлық бағдарламаны іске асыру барысында қолданылатын сабақ нысандары, әдіс-тәсілдер, дидактикалық және техникалық құралдар білім алушылардың ұлттық мәдениет туралы білімін тереңдетіп, олардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталады.

## Бағдарламаны ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

«Ұлттық құндылық – ұрпақ санасында» атты авторлық бағдарлама 5–6 сынып білім алушыларына арналған және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, салтдәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениеті мен рухани мұрасын жүйелі түрде таныстыруды мақсат етеді. Бағдарламаны ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету оқу процесін тиімді ұйымдастыруға, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және ұлттық мәдениетке деген құрметін қалыптастыруға бағытталған. Білім беру процесі түрлі оқу формалары арқылы ұйымдастырылады. Атап айтқанда, дәріс сабақтар, сынып сағаттары, практикалық жұмыстар, шығармашылық тапсырмалар, пікірталастар, мұражайға саяхат, көрме сабақтар, сұхбат-сабақтар (подкаст), сондай-ақ жобалық жұмыстар қарастырылған. Мұндай әртүрлі сабақ түрлері оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік береді. Оқу процесі тақырыптық бөлімдер бойынша жүйелі түрде ұйымдастырылып, әр бөлімде ұлттық мәдениеттің белгілі бір қыры қарастырылады. Сабақ барысында көрнекілік, практикалық әрекет және зерттеу жұмыстары кеңінен қолданылады.

Педагогтің қызметі білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, заманауи педагогикалық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Оқу мақсаттарына жету үшін тұлғаға бағытталған оқыту, жобалық оқыту, проблемалық оқыту, зерттеушілік әдіс, диалогтік оқыту және пікірталас әдістері қолданылады. Сабақ барысында топтық және жұптық жұмыстар, шығармашылық тапсырмалар, талдау және салыстыру жұмыстары ұйымдастырылады. Сонымен қатар педагог ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланып, мультимедиалық презентациялар, бейнематериалдар, инфографикалар және басқа да цифрлық ресурстарды қолданады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту

мақсатында постер қорғау, эссе жазу, генеалогиялық ағаш құру, сахналық көрініс дайындау, бейнежазба немесе подкаст әзірлеу сияқты жұмыстар ұйымдастырылады. Авторлық бағдарлама аясында білім алушыларға әртүрлі дидактикалық материалдар ұсынылады. Олардың қатарында ұлттық мәдениетке байланысты иллюстрациялық материалдар, киіз үй құрылысының сызбалары, ұлттық киімдер мен зергерлік бұйымдардың суреттері, ұлттық ыдыстар мен жиһаздардың көрнекі үлгілері, қазақ ою-өрнектерінің үлгілері, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлер туралы ақпараттық кестелер, туыстық атаулар мен «жеті ата» жүйесінің схемалары, халықтық өлшем бірліктерінің кестелері, сондай-ақ практикалық жұмыстарға арналған үлестірмелі материалдар пайдаланылады. Бұл материалдар білім алушылардың тақырыпты көрнекі түрде түсінуіне және оқу материалын тиімді меңгеруіне көмектеседі.

Курсты әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету үшін тапсырмалар мен жаттығулар жинақтары, практикалық жұмыстарға арналған нұсқаулықтар, ұлттық салт-дәстүрлер мен мәдени мұраларға арналған танымдық мәтіндер, пікірталас сұрақтары, рефлексия тапсырмалары және шығармашылық жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік ұсыныстар қолданылады. Сонымен қатар жобалық жұмыстарды ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулар мен шағын зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған материалдар ұсынылады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау және бағалау үшін түрлі бақылау құралдары қолданылады. Оларға тақырыптық бақылау сұрақтары, диагностикалық тапсырмалар, практикалық жұмыстардың нәтижелері, шығармашылық жұмыстар (эссе, постер, инфографика, презентация), шағын зерттеу жұмыстары, сондай-ақ жобалық жұмыстарды қорғау жатады. Сонымен бірге сабақ барысында рефлексиялық жұмыстар жүргізіліп, білім алушылар өз оқу нәтижелерін талдап, бағалайды. Мұндай бағалау жүйесі оқушылардың теориялық білімін ғана емес, олардың талдау, шығармашылық және зерттеу қабілеттерін де анықтауға мүмкіндік береді.

Курс барысында білім алушылардың оқу әрекетін қолдау мақсатында заманауи цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект құралдарын пайдалану ұсынылады. Бұл құралдар мәтіндік ақпаратты өңдеу мен талдауға, презентациялар мен инфографикалар дайындауға, подкаст мәтіндерін құрастыруға, ұлттық мәдениетке қатысты қосымша ақпарат іздеуге және шығармашылық жұмыстарды әзірлеуге көмектеседі. Сонымен қатар мұндай технологияларды қолдану білім алушылардың цифрлық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді.

Бағдарлама білім алушылардың белсенді оқу әрекетін дамытуға бағытталған. Оқу барысында оқушылар ұлттық мәдениет туралы ақпарат жинайды, тарихимәдени деректерді зерттейді, талдайды, салыстырады, шығармашылық тапсырмалар орындайды, жобалық жұмыстар әзірлейді және пікірталастарға қатысады. Бұл әрекеттер білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға және өз көзқарасын дәлелдей білу қабілетін жетілдіруге мүмкіндік береді. Бағдарламада өздік жұмыстың үлесі жоғары, ал әр

сабақ соңында рефлексия жүргізіліп, білім алушылар өз білімін бағалап, қорытынды жасайды.

Аралық және қорытынды нәтижелер білім алушылардың оқу жетістіктерін кешенді бағалау арқылы анықталады. Бағалау критерийлері ретінде тақырып мазмұнын түсіну деңгейі, ұлттық құндылықтарды талдау және түсіндіру қабілеті, шығармашылық және зерттеу жұмыстарын орындау сапасы, ақпаратты жүйелеу және ұсыну дағдылары, пікірталасқа қатысу белсенділігі және жобалық жұмысты қорғау деңгейі ескеріледі. Нәтижесінде білім алушылар қазақ халқының ұлттық құндылықтары туралы білімдерін тереңдетіп, мәдени мұраға құрметпен қарауды үйренеді, сондай-ақ олардың зерттеу, шығармашылық және коммуникативтік дағдылары дамиды.

## Қорытынды

«Ұлттық құндылық – ұрпақ санасында» атты авторлық бағдарлама интернат тәрбиешілерінің тәрбиелік қызметін ұлттық құндылықтар негізінде жүйелеуге бағытталған кешенді құрал ретінде тәжірибеде жоғары тиімділігін көрсетті. Бағдарлама жүзеге асырылған кезеңде тәрбиешілердің кәсіби шеберлігі артты, олардың тәрбиелік қызметіндегі әдістер мен тәсілдер жүйеленді, және ұлттық құндылықтарды сабақта, сыныптан тыс іс-шараларда, шығармашылық және ойын түрлерінде қолдану мүмкіндігі кеңейді.

Тәжірибе барысында бағдарлама тәрбиеленушілердің рухани-адамгершілік, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда нақты нәтижелерге қол жеткізді. Оқушылардың өз мәдениеті мен дәстүріне қызығушылығы артты, отбасылық және қоғамдық құндылықтарды меңгеруге деген ұмтылысы күшейді. Олар қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, тіл мен мәдениет элементтерін күнделікті өмірде қолдануға,

өз тарихын құрметтеуге, достық пен сыйластыққа негізделген қарым-қатынас орнатуға үйренді. Бұл олардың тұлғалық және әлеуметтік дамуын, жауапкершілік, ынтымақтастық, өз-өзін дамыту қабілеттерін нығайтты.

Бағдарламаның тағы бір маңызды жетістігі – тәрбиешілердің кәсіби қызметінде ұлттық құндылықтарды қолданудың нақты тәжірибелік жолдарының енгізілуі. Сынып жетекшілері мен тәрбиешілер сабақ кестесін, сыныптан тыс ісшараларды және шығармашылық жұмыстарды ұлттық тәрбие мазмұнымен байытып, тәрбиеленушілерді өз қылығымен, таңдауларымен ұлттық құндылыққа баулу жүйесін қалыптастырды. Бұл тәрбие процесінің сапасын арттырып, интернаттағы рухани-адамгершілік орта мен тәрбиелік климатының нығаюына ықпал етті.

Сонымен қатар, бағдарлама тәрбиешілердің кәсіби дамуына серпін берді. Олар өз қызметінде ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде қолдана отырып, жаңа педагогикалық әдістерді меңгеріп, тәрбиенің заманауи тәсілдерімен үйлестіруді үйренді. Бұл тәжірибе олардың авторлық бағдарлама жасауға, іс-тәжірибесін бөлісуге және ұлттық тәрбие бағытындағы педагогикалық инновацияларды енгізуге деген мотивациясын арттырды.

Қорыта айтқанда, «Ұлттық құндылық – ұрпақ санасында» бағдарламасы ұлттық тәрбиеге практикалық қолдау көрсетіп, интернат тәрбиешілерінің кәсіби қызметінде оң өзгерістер туғызды. Бағдарлама тәрбиеленушілердің руханиадамгершілік дамуын, тұлғалық өсуін және ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда нақты нәтижелерге қол жеткізді. Бұл оның педагогикалық құндылығын айқын дәлелдеп, ұлттық тәрбие бағытында әрі қарай дамытуға сенімді негіз қалады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Абдукаимов А., Байкабилов У. Қазақ жастарын адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу. – 2022. – Т. 3. – №. 5. – С. 230-237
2. Бөлетова Р.А. Ұлттық құндылықтар арқылы дамыту-білім беру жүйесін жетілдіру факторы ретінде //Qazaqtaný. – 2019. – №. 4. – С. 278-281.
3. Еркинбаев У., Исаева Ж., Жорабай Т. Ұлттық құндылықтардың орта білім мазмұнында берілу аспектілері (қазақ тілі мен әдебиеті пәні негізінде) //. – 2021. – Т. 1. – №. 119. – С. 162-171
4. Жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2024 ж. – 42 б.
5. Жумабаева А.Е. Мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылықтарға баулу мүмкіндіктері //Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2022. – Т. 75. – №. 3. – С. 156-165.
6. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Рауан, 2019.
7. Қайдар Ә. Мәдениеттің негізі - тілде // Мемлекеттік тіл және рухани мәдениет (Профессор Ш.Сарыбаевтың 75 жылдығына орай ұйымдастырылған ғылымитеориялық конференцияның материалдары). – Алматы: Арыс, 2001. – 183 б 8. Қожахметова Х.Т. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Білім, 2018.

9. Ұлттық құндылықтар негізінде білім беру әдіснамасын жаңарту: тақырыбындағы республикалық ғылыми-практикалық on-line конференция жинағы/ құраст. Г.С.Қаленова,-Атырау, 2020,- 510 б

## Қосымша

### Бағдарламаның негізгі ұғымдары (глоссарий)

**Ұлттық құндылық** – халықтың тарихи тәжірибесі мен мәдени мұрасынан қалыптасқан рухани, мәдени, әлеуметтік маңызы бар дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, салттар мен дүниетаным жүйесі.

**Салт-дәстүр** – ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан халықтың тұрмыс-тіршілігіне, дүниетанымына байланысты қалыптасқан әдет-ғұрыптар мен рәсімдердің жиынтығы.

**Әдет-ғұрып** – халықтың күнделікті өмірінде қалыптасқан мінез-құлық нормалары мен іс-әрекеттер жүйесі.

**Жеті ата** – қазақ халқының туыстық қатынастар жүйесіндегі атадан тарайтын жеті буын ұрпақ тізбегі. Бұл ұғым туыстық байланысты сақтауға және некелік қатынастарды реттеуге бағытталған.

**Туыстық атаулар** – отбасы және туыстар арасындағы қарым-қатынасты білдіретін атаулар жүйесі (ата, әже, әке, ана, аға, іні, апа, қарындас және т.б.).

**Шежіре** – белгілі бір әулеттің немесе рудың шығу тегі мен ұрпақ жалғастығын көрсететін тарихи-генеалогиялық деректер жүйесі.

**Қолөнер** – халықтың тұрмыс-тіршілігіне қажетті бұйымдарды қолмен жасап шығару өнері (зергерлік, тоқымашылық, ағаш өңдеу, киіз басу және т.б.). **Киіз үй** – қазақ халқының көшпелі өмір салтына бейімделген дәстүрлі баспанасы. **Ою-өрнек** – халықтың эстетикалық талғамын, дүниетанымын бейнелейтін сәндік көркемдік элементтер жиынтығы.

**Ұлттық киім** – халықтың мәдени ерекшелігін көрсететін дәстүрлі киім үлгілері.

**Ұлттық ойындар** – халықтың тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымына негізделген дәстүрлі ойын түрлері.

**Ырым-тыйым** – халықтың өмір тәжірибесіне негізделген, белгілі бір іс-әрекеттерді орындауға немесе орындамауға бағытталған наным-сенімдер жүйесі.

**Бата** – үлкендердің жас ұрпаққа немесе белгілі бір іске байланысты айтылатын ақ тілегі, ізгі ниеті.

**Ақ бата** – жақсылық тілеп, игі ниет білдіру мақсатында айтылатын бата түрі.

**Теріс бата** – адам жасаған теріс әрекеттеріне байланысты қарғыс мәнінде айтылатын бата түрі.

**Серттесу батасы** – адамдардың келісімін немесе уәдесін бекіту мақсатында айтылатын бата.

**Ұлттық тағам** – халықтың дәстүрлі тұрмысында қалыптасқан тағам түрлері (ет, сүт тағамдары және т.б.).

**Дастарқан мәдениеті** – қонақ күту, ас ұсыну және тағамды бөліп беру дәстүрлеріне байланысты қалыптасқан әдеп нормалары.

**Халық өлшемдері** – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде қолданылған дәстүрлі өлшем бірліктері (ұзындық, қашықтық, уақыт өлшемдері).

**Рухани тәрбие** – тұлғаның адамгершілік, мәдени және ұлттық құндылықтарға негізделген қасиеттерін қалыптастыру үдерісі.

**Танымдық қызмет** – білім алушылардың жаңа білімді меңгеруге бағытталған оқу және зерттеу әрекеттері.

## Сабақ конспектілері
## №1

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Күні:** | | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: | |
| **Тақырыбы:** | Киіз үй – көшпелі өмірдің ұлттық үлгісі (сынып сағаты) | | |
| **Мақсаты** | Киіз үй, пайда болуы, ерекшеліктері, жабдықтары, артықшылықтары туралы ақпарат алып, талдау жасайды, бағалайды | | |
| **Барысы** | | | |
| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
| Басы 5 мин | **Шаттық шеңбері:**<br>Киіз үйім кең еді,<br>Кең пейілді ел еді.<br>Шаңырағы биік боп, Шаттық<br>толы күн еді.<br>«Киіз үй» тақырыбында сәйкестендіру ойынын ойнатады. Киіз үй құрылысына байланысты сәйкестендіру тапсырмасын ұсынады.<br><br> | Шаттық шеңберіне тұрып, шумақты бірге қайталайды Сәйкестендіру ойынын ойнайды | https://wordwall.net/ru/resource/26080702м |
| Ортасы | **«Галерея» әдісі арқылы постер қорғау** | Әр топ өз | https://bili |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 35 мин | **1-топ.**<br>Киіз үй – қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі өмір салтына сай жасалған ұлттық баспанасы. Ол табиғат жағдайына бейімделген, жеңіл, жинауға және қайта тігуге ыңғайлы тұрғын үй болып табылады. Киіз үй тек баспана ғана емес, қазақ халқының тұрмысы, мәдениеті мен дүниетанымының айқын көрінісі саналады.<br>Киіз үйдің құрылысы<br>Киіз үй үш негізгі бөліктен тұрады:<br>• Кереге – киіз үйдің қабырғасы, үйдің негізін құрайды.<br>• Уық – кереге мен шаңырақты жалғастыратын ағаш бөлік.<br>• Шаңырақ – киіз үйдің төбесі, отбасының бірлігін білдіретін қасиетті нышан. Киіз үйдің сыртқы жабындысы киізден жасалады. Ол жазда салқын, қыста жылы болуын қамтамасыз етеді.<br>**2-топ**<br>Киіз үйдің түрлері<br>Киіз үй көлеміне, қолданылу мақсатына және әлеуметтік мәніне қарай бірнеше түрге бөлінеді.<br>1. Қанат санына қарай киіз үй түрлері<br>Киіз үйдің көлемі оның қанат санына байланысты анықталады.<br>• 3 қанат үй – шағын, уақытша тұруға арналған<br>• 4 қанат үй – шағын отбасыға арналған<br>• 5–6 қанат үй – орташа отбасының баспанасы<br>• 8 қанат үй – үлкен, дәулетті отбасыларға арналған<br>• 10–12 қанат үй – салтанатты, аса үлкен үйлер<br>2. Қолданылу мақсатына қарай<br>• Қара үй – күнделікті тұрмысқа арналған қарапайым киіз үй | тақырыбы бойынша постер дайындайды:<br><br>1-топ: Киіз үйдің құрылысы<br><br>2-топ: Киіз үйдің түрлері<br><br>3-топ: Киіз үйдің пайдасы мен ерекшелігі | m-all.kz/article/2306Kiiz-uidinturleri-men-qurylysy |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | • Ақ үй – мерекелік, қонақ қабылдауға арналған сәнді үй<br>• Отау үй – жаңа түскен жас жұбайларға тігілетін үй<br>• Абылайша – жорықта, жол үстінде тігілетін шағын үй | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 3. Әлеуметтік жағдайына қарай<br>• Боз үй – қарапайым халықтың баспанасы<br>• Алтын үзік – хан-сұлтандардың, ел ағаларының сәнді киіз үйі<br>4. Маусымдық ерекшелігіне қарай<br>• Жаздық киіз үй – жеңіл жабдықталған, ауа жақсы өтетін<br>• Қыстық киіз үй – қалың киізбен жабылған, жылы сақтайтын<br>5. Ерекше мақсаттағы киіз үйлер<br>• Жолым үй – көш кезінде уақытша тігілетін<br>• Қос – малшыларға арналған шағын баспана<br><br>**3-топ**<br>Киіз үйдің пайдасы мен ерекшелігі Киіз үйдің пайдасы<br>• Табиғатқа қолайлы – киіз үй ағаш пен жүн сияқты табиғи материалдардан жасалады.<br>• Жылы әрі салқын – қыста суық өткізбейді, жазда ішін салқын ұстайды.<br>• Жылжымалы – тез жиналып, оңай көшіріледі, көшпелі өмірге өте ыңғайлы.<br>• Берік және төзімді – желге, жауыншашынға төтеп береді.<br>• Қонақжайлыққа лайық – кең әрі ыңғайлы, қонақ күтуге қолайлы.<br>Киіз үйдің ерекшелігі<br>• Дөңгелек пішінді – жылуды жақсы сақтайды және желге төзімді.<br>• Шаңырақтың маңызы – отбасының бірлігі мен берекесінің белгісі.<br>• Ішкі кеңістіктің бөлінуі – төр, оң жақ, сол жақ тәртіппен орналасады.<br>• Әсем ою-өрнекпен безендірілуі – ұлттық өнер мен мәдениетті көрсетеді. | Киіз үй түрлерін | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | • Тәрбиелік мәні зор – үлкенді сыйлау, тәртіп сақтау, дәстүрді қастерлеуге үйретеді<br><br>**Салыстыру тапсырмасы** | | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>

Сәйкестендіру тапсырмасы. Киіз үйдің түрлері
<table>
<tr><th>Киіз үй түрі</th><th>Сипаттамасы</th></tr>
<tr><td>Отау үй</td><td>Жорықта, жол үстінде тігілетін</td></tr>
<tr><td>Ақ үй</td><td>Жас жұбайларға арналған</td></tr>
<tr><td>Абылай ша</td><td>Қонақ қабылдауға арналған</td></tr>
<tr><td>Қос</td><td>Малшыларға арналған шағын үй</td></tr>
</table>
</td>
<td>салыстырып, ұқсастық, ерекшеліктер ін табады<br><br>Киіз үй түрін сипаттамасы мен сәйкестенді реді</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Соңы<br>5 мин</td>
<td>Менің ше, киіз үйдің пайдасы....<br>Себебі,<br>Мысалы,<br>Қорыта айтсам,</td>
<td>Рефлексия жасайды</td>
<td>Слайд</td>
</tr>
</table>

**№2**

<table>
<tr><td>Күні:</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td>Сынып:</td><td colspan="2">Қатысушылар саны:</td><td>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="3">Ұлттық жиһаздар: дәстүр мен шеберлік (сынып сағаты)</td></tr>
<tr><td>Мақсаты</td><td colspan="3">Ұлттық тұрмыстық бұйымдар туралы түсінік алып, жасалу жолына, маңыздылығы мен ерекшеліктеріне талдау жасайды</td></tr>
<tr><td colspan="4">Барысы</td></tr>
<tr><td>Кезең</td><td>Педагогтің әрекеті</td><td>Оқушының әрекеті</td><td>Ресурс тар</td></tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| Басы 5 мин | Суретті сипаттау ойыны. Суреттегі жиһаз түрлерінің атауын табуды ұсынады | Сурет бойынша жабдық, жиһаздардың атауын тауып, айтады | Сурет |
| | <br>Жаңа сабақтың тақырыбын, мақсатын таныстырады | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ортасы<br>35 мин | Топтық жұмыс. **«Кубизм» әдісі**<br>Кубиктің көмегімен төмендегі тапсырламарды бөледі:<br><br>1.Суретте (түсі, пішіні, өлшемі).<br>2. Салыстыр (неге ұқсас, неге ұқсамайды?).<br>3. Байланыстыр (бұл туралы ойлағаныңызды көзге елестетіңіз).<br>4. Таңда (Неден жасалған? Неден тұрады? Не үшін?).<br>5. Қолдан (бұнымен не жасауға болады?).<br>6. Дәлелде («ия», «жоқ» деп оған дәлел келтіру, бұл жақсы ма, әлде жаман ба? Неге?)<br>**1-топ.** Қазақ халқының үй жиһаздары ерте кезде басқа болған. Олар көшіп–қонуға ыңғайланып жасалған.<br><br>**Абажа** – тамақ пен ыдыс–аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен қапталған, ұзындығы бір құлаштай, биіктігі жарты құлаштай көлемді үй жиһазы. | Әр топ кубик бойынша өздеріне берілген тапсырмалар мен жұмыс жасайды, тақырыпқа сәйкес әр оқушының жеке жауабы тыңдалады. Жазған мәліметтерін топта талқылайды, топтың атынан ортақ жауап дайындайды.<br>1-топ: абажа<br>2-топ: кебеже<br>3-топ: жастықағаш, жүкаяқ бұйымдары<br>4-топ: төсеніштер | https://atamuraweb.kz/?page_id=16538 |

Абажаның сүйегі ауыр, асты тегіс, екі жақтауында қос құлақшасы болады. Жүкаяқтың үстіне қойылады. Ол – көлемі үлкен ғұрыптық бұйымдарды сақтауға арналған бірден-бір бұйым. Сондай-ақ, онда асыл бұлдан (матадан), қымбат теріден жасалған «бір киер» және қыстық киімдер мен жібек кілем-кілше сияқты тұрмыстық бұйымдар да сақталады.

**Кебеже** – сүр ет, құрт, шай салып, сақтау үшін ағаштан жасап, өрнектеген үй жиһазы.  Кебеже, әдетте, абажа, абдыра, сандық аталатын мүліктерден кішілеу болады және ол төрге қойылмайды, сол жоқ деп аталатын қазанаяқ жақта тұрады. Кебеженің төрт бұрышында тігінен орнатылған төрт қырлы ағаштар жақтау қазық деп аталады.



**2-топ.**

**Жастықағаш** салынатын ағаш тиянақ.  Жастық ағаш — жер төсекте жатқан адамның басын биіктету үшін жастықтың астына қоюға ыңғайлап жасалған тиянақ ағаш.

Жастық ағаш — кәдімгі ағаш төсектің сыңар басы (жоғарғы басы). Оның екі аяғы, жастықты жерге түсірмей тіреп тұратын тақтай кермесі және жастықтың астына қоюға лайықтап жасалған көлбеу тақтай төсеніші болады. Жастық ағаш тұтас, ағаш төсекке қарағанда әрі ықшамды, әрі жеңіл болғандықтан, көшпелі тұрмыста көп пайдаланылған



| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Жүкаяқ** жиһазы жиналған жүктің астына қоюға арналған ағаш тұғыр. Үйдегі жүк пен көрпелер | | |

жерде шашылып жатпас үшін оларды жинап қояды. Ал осы жүктер мен көрпелер сыз тартпас үшін оны жерден жоғары қояды. Жүкаяқ жиһазы әбден кепкен, мықты және жеңіл ағаш тақтайларынан жасалады. Бұл жиһаз негізгі үш бөліктен: жанағаштан яғни, алдыңғы және артқы беттер; аяқтан; шабақтан тұрады. Жүкаяқ жасалуына байланысты екі түрлі пішінді болады: үсті тегіс жүкаяқ және қайқыбас жүкаяқ. Қайқыбас жүкаяқ түрі кәдімгі қайқыбас ағаш төсекке ұқсайды.



**3-топ. .** Қазақ кілемдері тоқылу ерекшелігіне қарай *түкті* және *тақыр* деп аталды. Кілем тоқуға түйе немесе қой жүні қолданылды. Кілемді жерге төседі немесе қабырғаға ілді. Сыйлы қонақ күткенде жаңа әдемі кілемдер төселді. Қазақ халқы кілемді сыйға беріп, бәйге жеңімпаздарына тарту етеді. Кілемді кейде қалау дәстүрі бойынша да беретін болған. Бұл халық өмірінде кілемнің маңызы мен бағалылығын көрсетеді. Кілем тоқу оңай шаруа болмағандықтан, оны бірнеше әйел, қыз-келіншектер бірігіп тоқыған. Ежелгі дәстүр бойынша *кілемасар* салтын өткізген.

Сырмақ - арнайы биязы жүннен басылған жұқа киізге басқа түсті киізден немесе матадан ою-өрнек сырып, астар салынып тігілген бұйым. Сырып тігу деп арасын жиілетіп бастырып тігуді айтады. Сырып тігудің өзінің қайып сыру, тепшіп сыру және қабып сыру деген үш түрі бар. Сондықтан, бұйымның атының өзі сол жасалу жолына орай (сыру - сырмақ) қойылған деуге негіз бар. Сырмақ жасалуына қарай өрнекті,

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бастырмалы, жіппен әдіптелген деген сияқты бірнеше түрге бөлінеді. | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| |  | | |
| Соңы<br>5 мин | Абажа мен кебеженің түсі, пішіні, көлемі қандай? Қазіргі заманда абажа мен кебежені қалай қолдануға болады?<br>Абажа мен кебеже бүгінгі күні де қажет пе?<br>Жүкаяқ пен жастық ағаш тазалық сақтауға көмектеседі ме?<br>Қазақтың тұрмыстық бұйымдары бізге нені үйретеді? | Рефлексия жасайды | Слайд |

**№3**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Күні:** | | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Көшпелілер қолданған ұлттық ыдыстар (дәріс сабақ) | | |
| **Мақсаты** | Қазақ халқы ертеде қолданған ыдыс-аяқтар туралы түсінік қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу | | |
| **Барысы** | | | |
| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурст ар** |
| Басы 5 мин | Қызығушылықты ояту, жаңа тақырыпты ашу. Сурет бойынша ыдыстардың не үшін қолданылғанын анықтау | Сурет бойынша ыдыстардың не үшін қолданылғанын анықтап айтады. | Сурет Слайд |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Тостаған<br>Торсық<br>Астау<br>Тегене<br>Зерек<br>Ұлттық ыдыс-аяқтар<br>Ожау<br>Күбі<br>8771 155 02 12<br>Қасық<br>Құмыра | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ортасы 35 мин | **Дәріс оқиды**<br>**Торсық.** Қымызды тасымалдайтын ыдыстардың ішіндегі сыйымдылығы жағынан ең кішісі (5-10 л), сонымен қатар, ең әдемісі – торсықтар. Торсық: шимай торсық, мүйіз торсық, өрме торсық, өркеш торсық, жан торсық деп бөлінеді. Шимай торсықтың пішіні табақ сияқты дөңгелек, екі бүйіріне мүйіз шапқымен әртүрлі ою-өрнек салады. Мүйіз торсық қазақтың ежелгі қошқар мүйіз оюы, екі жағы екі иық түрінде, ал түбі дөңгеленіп жасалады. Екі торсық та ең мықты теріден тігіледі. Мүйіз торсықтың екі жағына ою салып өрнектеп, тігіс жиектеріне күміс жүргізсе, өте әдемі болады. Өркеш торсық – түйенің екі өркешін бітеу сойып, ашық жағын екі терінің арасына шүберек салып, біз арқылы тарамыс таспамен тігеді. Түйенің екі өркеші қымыз, шұбат, айран құйғанда томпиып тұрады, мінген аттың арқасына келтіріп теңдеуге өте ыңғайлы. Өркеш торсықты көбінесе малшылар мал айдағанда атқа, өгізге артып алады. Бір өркешті нар түйенің өркешінен жасалған торсық сопақша, өркештің жалпақ жағы торсықтың түбі, жіңішке жағы аузы болып келеді. Жан торсық – қарапайым, терінің жұмсақ түрінен тігіледі, ешқандай ою-өрнегі болмайды, қойшылар жаяу және көлікпен жүргенде белдеріне байлап алады, сусын біткенде бүктеп салып алуға ыңғайлы. Ішіне шалап, айран немесе өрісте сауып алған қой-ешкінің сүтін құйып қояды. Мүйіз торсық пен шимай | Оқушылар мұғалім оқыған дәріс бойынша қажетті ақпаратты конспектілеп, жазып отырады | https://stud.kz/referat/show/43153 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | торсыққа тек қымыз ғана құйылып, қанжығаға байланады.<br>**Тостаған.** Тостаған — Ағаштан жасалған кішілеу дөңгелек ыдыс осылай аталады. Көне дәуір адамдары бұл сияқты ыдысты кез келген ағаштан ойып жасауға еңбек құралдары тапшы болғаны тарихтан белгілі. Дегенмен, алғаш ағашты кесіп, одан ойып ыдыс жасамаса да бір лажын тапқан болу керек. Ол лаж — ағаш қабығы. Онда да кез келген ағаш емес, қайыңның қабығы. Қайыңның қабығы қазіргі тілімізде «тоз» болып аталатыны баршамызға аян. Осы мағынадағы бұл атау ертедегі түркі жазба ескерткіштерінен қазіргі күнге дейін сақталған. Мысалы, якуттарда «туос», өзбек тілінде «түс», туваларда «тос». Ал хакас тілінде «түүс» сөзі — тоздан жасалған ыдыс мағынасын білдіреді. Мұның өзі біздің жорамалымыздың шындықтан алшақ еместігінің айғағы. Хакас тіліндегі тұлғаға қазақ тіліне тән жұрнақтар қосыла отырып (тос + та + ған), «тостаған» қалпына дейін жеткен. Егер бұны ерте кездегі дәстүрмен түсіндірсек, «тоздан жасалған ыдыс» болмақ<br>**Күбі** – сүт өнімдерін өңдеуге, сақтауға арналған, ағаштан жасалған ыдыс түрі.Күбі негізінен дөңгелек пішінді, іші қуыс, биік болып келеді. Көбінесе оның түп жағы кең, аузына қарай қиғаштай сүйірленіп бітеді. Күбінің ағаш қақпағы және пішіні әртүрлі болып келетін піспегі қатар жүреді. Бетіне жабылатын дөңгелек қақпағының ортасында піспектің сабы шығып тұратындай ойығы болады. Сыйымдылығы жағынан сабадан әлдеқайда кішілеу ыдыс. Оны көбінесе сауын малы аз орташа ауқаттылар май шайқауға пайдаланған. Күбіні пісуге және ішін тазалап ыстап отыруға ыңғайлы болғандықтан қымыз, шұбатты баптап дайындауға да пайдаланған. Күн райы ыстық оңтүстік өңірде күбіні көже ашыту, ашымал дайындауға ғана | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | емес, сақтауға қолайлы бұйым ретінде әлі де болса қолданыстық мәнін жоғалтпаған. Күбіге құйылған сүт ашу үшін оның піспегі өткізілген қақпағының аузын мата орамалмен қымтап бітейді. Салқын болса | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сыртын жауып тастайды. Сүт ашығаннан кейін оны ұзақ уақыт піспекпен піссе, май бөлініп шығады. Осындай майды қалқып алып, қалған іркітін ішуге, құрт даярлауға пайдаланады.<br>**Мес** – теріден жасалған ыдыс. Қымыз, шұбат, айран, іркіт сияқты сүт тағамдарын құяды. Көбінесе ешкінің, бұзаудың бітеудей сыдырылған терісінен жасайды. Оны жасаудың жолы былай: терінің жүнін, шелін алып, иленген соң талдың қабығымен, қынамен бояйды және ыстайды. Ішіндегі сусынды кесе, аяққа құюға ыңғайлы болу үшін местің аузына асықты жіліктің екі басынан кесіп өткізіп қояды. Мес жолаушылар,көшіп-қонушыларға,бақташыларға сусын құйып алып жүреуге өте ыңғайлы ыдыс. Мес ұлт ұғымында толу, жинау мағынасын білдіреді. | | |
| Соңы<br>5 мин | «Қосу-алу-қызықты» әдісі<br><table><tr><td>Қосу Сабақта ұнағаны</td><td>Алу Сабақта ұнамағаны</td><td>Қызықты Қызықты болғаны</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table> | Кері байланыс береді | Кесте |

**№ 4**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Ұлттық нақыштағы зергерлік бұйымдар (саяхат сабақ) | |
| **Мақсаты** | Қазақтың зергерлік өнері туралы ақпарат беру, ой қорыту, ұлттық әшекейлерді дәріптеу | |
| **Барысы** | | |

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| Басы 5 мин | Қызығушылықты ояту. «Ассоциациялық қатар»<br>▪ Зергерлік бұйым дегеніміз не?<br>▪ Қандай ұлттық әшекейлерді білесіңдер? | Зергерлік бұйымдарға қатысты өзіне таныс ақпараттарды топтастырады | Слайд |

| | | | |
|---|---|---|---|
| |  | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ортасы<br>35 мин | **Виртуалды музейге саяхат жасатады.** Астана қаласындағы ҚР Ұлттық музейінің 1.2 залдарына виртуалды саяхат жасап, сақтаған ежелгі ұлттық әшекей бұйымдармен<br>таныстырады<br><br><br><br>**Тапсырма**. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойыңыз.<br>*Керекті сөздер: бұйымдарды, үкілі сәукеле, білезік, белдік,шолпы, бас киім, Бөкей ордасында, 2000 сомға, тіршіліктің күші,* | Виртуалды музейге саяхат жасайды<br><br>Экспонаттарды тамашалайды<br><br>Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып | [https://city3d.kz/nashgorod/149nacional_museum_kazakhstan.html](https://city3d.kz/nashgorod/149nacional_museum_kazakhstan.html) |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>шашбау;<br>Қымбат әшекей ... – сырға мен жүзік, сақина мен білезік, алқа, диадема мен шолпыларды қалай тағудың өзіндік қатаң қағидалары болған.<br>Қазақ аруларының басына ... ... киіп, құлағына алтын сырға тағып, білегіне ... киюі, беліне ... буынып, шашына ... қадауы олардың парасатының биіктігі мен эстетикалық талғамының жоғары болғанын куәлайды.<br>Әйел киімінің басты элементінің бірі - ... . Аса көркем әшекейленген қымбат сәукелелер кездескен бір түрінің құны ... күміс ақшамен 1000 сомға бағаланса, Семей төңірегінде ... жеткен көрінеді.<br>Қазақ халқы әйел шашының ұшында ... бар деп есептеген. Сондықтан шашты қимай, бұрым етіп өріп, шолпы немесе ... байланған.<br>Тапсырма. «Экспонатты таныстыр»<br>Сыныпта музей ұйымдастырады. Оқушыларға бір экспонатты таңдап, басқа оқушыларға толық түсіндіруді ұсынады
<table>
<tr><td>1-экспонат<br></td><td>2-экспонат<br></td><td>3-экспонат<br></td></tr>
<tr><td>4-экспонат<br></td><td>5-экспонат<br></td><td>6-экспонат<br></td></tr>
</table>
</td>
<td>көшіреді<br><br>Бір экспонатты таңдап, көршісіне таныстырады</td>
<td>https://olke.kz/kaz/shedevrykollektsii/artefakt?start=18</td>
</tr>
<tr>
<td>Соңы<br>5 мин</td>
<td>ПОПС формуласы арқылы ой қорыту<br>Меніңше, қазақ халқының зергерлік өнері - асыл мұра Себебі,<br>Оған дәлел<br>Қорыта айтсам,</td>
<td>Ой қорытады</td>
<td>Слайд</td>
</tr>
</table>

## № 5

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Күні:** | | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: | |
| **Тақырыбы:** | Қазақ ою-өрнегіндегі табиғат бейнелері  (практикалық сабақ) | | |
| **Мақсаты** | Ою өрнектің түрлерін ажыратуды үйренеді, мән мағынасын ашады | | |
| **Барысы** | | | |
| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурст ар** |
| Басы<br>5 мин | Ребусты шешіп, ою өрнек туралы пікір білдіріңіз<br><br>*Жауап: Ою ойғанның ойы ұшқыр* | Ребусты шешіп, мақалдың мәнін түсіндіреді, тақырыппен байланыстырады | Ребус |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ортасы<br>35 мин | Қазақ ою-өрнектері табиғатпен тығыз байланысты. Олар төрт топқа бөлінеді:<br>1. Жануарлар бейнесі<br>2. Өсімдік бейнесі<br>3. Аспан және табиғат құбылыстары<br>4. Геометриялық бейнелер<br>**Табиғатқа қатысты оюлар:**<br>• Қошқар мүйіз – молшылық<br>• Құсқанаты – еркіндік<br>• Жапырақ – өмір<br>• Толқын – су, тіршілік<br><br>**1-тапсырма.** «Оюды жалғастыр» ойыны<br>Оқушыларға ою-өрнектің жартылай салынған үлгісі беріледі.<br>Міндеті: симметрияны сақтай отырып, оюды аяқтау. | Топта жұмыстанады. Әр топ өзіне берілген өрнектің суретін салып, ақпаратты ықшамдап, басқа топтарға көрнекі түрде түсіндіреді<br><br>Симметрияны сақтай отырып, оюды аяқтайды. | https://ikaz.info/kazakoyuornekterininataulary/ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | <br>**2-тапсырма**. Аппликация. Қағаздан ою-өрнектер қиып жасау, оюдың түрін анықтап, түсіндіру<br><br><br>**3-тапсырма**.  «Табиғаттан ою ойлап тап»<br>• Табиғаттағы бір нысанды таңдау (күн, құс, гүл, су)<br>• Сол бейнеден өз ою-өрнегін құрастыру<br>• Оюға ат қою<br>Үлгі:<br><br>**4-тапсырма**: «Түстер сөйлейді» | Қағаздан ою-өрнектер қиып жасайды, оюдың түрін анықтап, түсіндіреді<br><br>Бейнеден өрнек құрайды | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Оюды бояу кезінде әр түстің мағынасын ескеру:<br>• Көк – аспан, су<br>• Жасыл – табиғат, өмір<br>• Қызыл – қуат | Бояйды , тапсырманың берілгенін ескереді, | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | • Сары – жылу<br> | түсіндіреді | |
| Соңы<br>5 мин | Жаңылтпаштарды жаттап алыңыз<br>Оңашада Оңалсынның,<br>Ою оюы орынды<br>Орындықта отырып<br>Омардың оқу-оқуы орынды.<br>***<br>Оюға ою өрнектеп,<br>Үйрет өстіп қолды ептеп. | Жаңылтпаштарды жаттап, айтады | Слайд |

**№ 6**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Күні:** | | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: | |
| **Тақырыбы:** | Ұлттық киім - ұлт ажары (пікірталас) | | |
| **Мақсаты** | Қазақтың ұлттық киімдерінің ерекшеліктерін ажыратуды үйренеді, олардың мәнін, астарын түсінеді | | |
| **Барысы** | | | |
| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Басы 5 мин | <br>Оқушыларды 3 топқа бөлу**:** | «Қазақтың ұлттық киімдерінің атауларын тауып жаз» тапсырмасын орындайды. | https://learningapps.org/25566619 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 1. Дәстүр тобы<br>2. Заманауи көзқарас тобы<br>3. Тарихшылар тобы | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ортасы<br>35 мин | **«Сурет сөйлейді» тапсырмасы** Мұғалім ұлттық киім киген адамдардың суреттерін көрсетеді.<br>Сұрақтар:<br>• Бұл суреттен нені байқадың?<br>• Қандай ұлттық киімдерді танисың?<br>• Қазіргі жастар ұлттық киімді қай кезде киеді?<br><br>Мұғалім түсіндірмесі.<br>Қазақтың ұлттық киімі – қазақ мәдениетінің маңызды және ажырамас атрибуты. Қазақ киімдері тігілген негізгі материалдар мақта, жүн және киіз болды. Көшпелілер ретінде де қазақтар теріден, былғарыдан және үлбірден киім тіккен, өйткені олар даланың қатал жағдайларына өте қолайлы. Етік аяқ киім қызметін атқарды: жазда жұқа былғарыдан тігілген жеңіл етік киді, ал қыста суықтан қорғайтын дөрекі былғарыдан жасалған биік етік киді. Әйелдер үлгілері жасыл немесе қызыл түстермен ерекшеленді, олар жібекпен кестеленді және шағын өрнекті тақталармен безендірілді. **Ер киімі**<br>Қазақтың ерлер киімі көйлек пен шалбар, үстіне шапан (шапан), басына бас киім (қыста – тымақ, жазда – қалпақ) киетін. Сонымен бірге шапан еразаматтың мәртебесін көрсететін ер киімнің маңызды элементтерінің бірі саналған. Шапандардың қалыңдығы мен түсі әртүрлі болуы мүмкін. | Оқушылар еркін ойларын айтады.<br><br>Мұғалім түсіндірмесін тыңдайды | https://www.gov.kz/memleket/entities/mfabudapest/press/article/det ails/73574?lang =kk |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Әйелдер киімі**<br>Әйелдердің дәстүрлі костюміне кең көйлек, үстіне камзол немесе шапан киетін. Негізінен әйелдер киімі чинттен, жібектен, барқыттан тігілген. Жұқа киіз де қолданылған. Суық мезгілде әйелдер түлкі немесе қозы терісін киген.<br><br>**1-тапсырма. «Иә-жоқ-бейтарап» ойыны.**<br>**Пікірталас тақырыбы:**<br>«Қазіргі қоғамда ұлттық киім күнделікті өмірде киілуі керек пе?»<br><br>Топтардың міндеті:<br>• **Дәстүр тобы** – Иә, киілуі керек<br>• **Заманауи көзқарас тобы** – Жоқ, тек мерекелік киім ретінде<br>• **Тарихшылар тобы** – екі тараптың пікірін саралап, қорытынды жасайды Әр топқа 2–3 минут сөз беріледі. Дәлел, мысал келтіру міндетті.<br><br>**2-тапсырма.** «Рөлге ену» (5 минут) Әр топтан бір оқушы:<br>• дизайнер<br>• этнограф<br>• блогер рөлін сомдайды Сұрақ: Ұлттық киімді жастарға қалай танымал етер едің? | Пікірталасқа қатысып, өз позициясын қорғайды<br><br>Рөлге еніп, сұраққа жауап береді | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Соңы<br>5 мин | **«Бір сөйлем – бір ой»** Мысалы:<br> Ұлттық киім – халықтың рухани паспорты.  Ұлттық киімді сақтау – ұлтты сақтау. | Әр оқушы ұлттық киім туралы **бір әсерлі сөйлем** айтады. | Слайд |

**№7**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Туыстық атаулар және олардың мәні (сынып сағаты) | |
| **Мақсаты** | Туыстық атаулар, олардың жіктелуі мен қолданылуы жөнінде ақпарат алады | |
| **Барысы** | | |

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|
| Басы<br>5 мин | Бейнеролик ұсынылады<br><br><br>Қазақ халқының туыстық атаулары \| БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ | Бейнеролик бойынша пікір білдіреді | https://www.youtube.com/watch ?v=nGFFb8LJsB0 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ортасы<br>35 мин | Қазақ ұлты ағайын-туысқан қатты мән беріп, әрбірінің орнын, маңызын ұрпағына ұғындырып отырған. Сонымен**, біз туыстық атауларда нені білуіміз қажет?**<br>Бала - перзент, ұрпақ.<br>Ұл - кәмелетке толмаған ұл бала.<br>Қыз - кәмелетке жетпеген әйел бала.<br>Бозбала - бойдақ, жас жігіт.<br>Бойжеткен - ержеткен, бой түзеген қыз. Алайда, қазақ халқы қзатылған қыздарын сексенге келіп селкілдеп отырса да "қыз" дейді. Ұзатылған қыздар төркініне келгенде еркін сөйлейді. Үлкен-кіші туыстары оны ауыр алмай көтереді. Төмен отырмай, ата, ағаларымен қатар төрге отырады. Жеңгелеріне, келіндеріне еркелеп сөйлеуге де, әмір бере сөйлеп, айбат көрсетуге де хақы бар. Жеңгелері мен келіндері оның бәрін күле отырып, кешіріммен қабылдайды. Себебі, қазақ халқы қыздың жолы үлкен болады деп ерекше құрмет көрсетеді.<br>Әке - перзенттің атасы.<br>Шеше - перзенттің анасы. | Ақпаратты тірек конспект түрінде қажеттісін дәптерге жазып отырады. | https://zhanaqorgantynysy.kz/kogam/8476-tuystyataularzhayly-neblesz.html |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Үлкен әке - әкенің ағасы.<br>Кіші әке - әкенің інісі.<br>Үлкен шеше - шешенің абысыны.<br>Кіші шеше - шешенің ажыны.<br>Өгей әке - әкесі өліп немесе ажырасып кеткен соң, шешесі тиген ер адам.<br>Өгей шеше - туған шешесі қайтыс болып немесе ажырасып кеткен соң, әкесімен үйленіп, шеше орнын басқан әйел.<br>Баба - әкесінің әкесі.<br>Әже - әкесінің шешесі.<br>Нағашы ата - шешесінің әкесі.<br>Нағашы әже - шешесінің шешесі.<br>Кіндік шеше - туған кезде кіндігін кескен әйел (қыз бала болса - кіндік апа)<br>Кіндік әке - туған кезде кіндігін кескен ер адам (ұл бала болса - кіндік аға)<br>Аға - жасы өзінен үлкен ер адам.<br>Апа - өзінен үлкен әйел адам (қыз)<br>Ағайын - аталас, туыстас, ағайын адамдар.<br>Туыс - ағайын, жақын, туысқан адамдар.<br>Іні - өзінен кіші ер адам.<br>Қарындас - ер адамдардан жасы кіші әйел (қыз).<br>Сіңлі - қыздар мен әйелдерден жасы кіші әйел адам (қыз).<br>Бауыр - бірге туысқан жақын адамдар.<br>Жамағайын - аталас, ағайын адамдар.<br>Жеңге - ағаның әйелі.<br>Келін - баланың немесе інісінің әйелі.<br>Жиен - ұзатылған қыздан туған бала.<br>Жиеншар - жиеннен туған бала.<br>Дегеншар - жиеншардан туған бала.<br>Көгеншар - дегеншардан туған бала.<br>Жезде - апаның (әпкенің) күйеуі.<br>Бажа - әйелінің әпке-сіңлілерінің күйеулері.<br>Нағашы аға - шешесінің аға-інілері.<br>Нағашы іні - шешесінің аға-інілерінен туған, өздерінен жасы кіші ер адам. | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Нағашы қарындас - (ерлерге қаратылады) шешесінің туыстарынан туған, өзінен жасы кіші әйел (қыз).<br>Бөле - туысқан қыздардан туған бала. Қарын бөле - бір ата, бір анадан туған, қыздардан туылған бала.<br>Төркін - ұзатылған қыздың ата-ана, ел-жұрты. | | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Қайын жұрт - әйелінің туыс-туған, ел-жұрты.<br>Ағайын жұрт - ер адамдардың туыс-туғандары мен ел-жұрты.<br>Нағашы жұрт - шешелерінің туыс-туғандары мен ел-жұрты.<br>1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер<br>1. Қазақ халқы неге туыстық атауларға ерекше мән берген?<br>2. Неліктен ұзатылған қызды жасы үлкен болса да «қыз» деп атайды?<br>3. «Қыздың жолы үлкен» дегенді қалай түсінесің?<br>4. Туыстық атаулар адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қалай әсер етеді?<br>2-тапсырма. Анықтамасын тауып жаз
<table>
<tr><th>Атаулар</th><th>Анықтамалар</th></tr>
<tr><td>Әже</td><td></td></tr>
<tr><td>Нағашы ата</td><td></td></tr>
<tr><td>Жиен</td><td></td></tr>
<tr><td>Жеңге</td><td></td></tr>
<tr><td>Бажа</td><td></td></tr>
</table>
3-тапсырма. Туыстық атауларды топтастыр Берілген атауларды төмендегі кестеге бөліп жаз:<br>Тікелей туыстар:<br>Нағашы жұрт: Қайын жұрт:</td>
<td>Оқушылар анықтамасын табады<br><br>Туыстық атауларды топтастырып кестеге жазады</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Соңы<br>5 мин</td>
<td>Бір сөйлем – бір ой<br>Әр оқушы мына сөйлемді жалғастырады:<br>Мен үшін туыстық деген…<br>Қазақтың туыстық атауларының маңызы…</td>
<td>Рефлексия жасайды</td>
<td>Слайд</td>
</tr>
</table>

## № 8

| **Күні:** | | |
|---|---|---|
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатысպағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Жеке атаулар мен іліктік сөздер | |
| **Мақсаты** | Жеке атаулар мен іліктік сөздердің мәнін, құндылығын ұғындыру | |
| **Барысы** | | |

| Кезең | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Ресурстар |
|---|---|---|---|
| Басы | Мақал мәтелдерді мағынасымен сәйкестендіру | Мақал | [https://lear](https://learningapps.org/15547112) |
| 5 мин |  | мәтелдерді сәйкестендіреді | [ningapps.org/15547112](https://learningapps.org/15547112) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ортасы<br>35 мин | **Көрші** – қатар отырған екі отбасы бірін - бірі көрші деп атайды. Туған - туыстыққа ешқандай қатысы жоқ болса да әр отбасы үшін көршінің орны бөлек. Бұл отбасылар құдайы көршіміз деп бірін - бірі өте қатты сыйлайды. Қолда барын бөлісіп, араласып отырады. Олардың балалары да тату болады. Үй иесі бір жаққа сапарға шықса, бар дүние - мүлкін, кілтін көршісіне сеніп тапсырады.<br>**Серік** (ер, әйел) – халық ажғыздықты, жалғыз жүруді қаламаған. Үйде де, түзде де өзіне серік іздеген. Сондықтан әр адамға қайда жүрсе де, сенімді серіктің орны бөлек. Демек, серік дегеніміз жанға демеу бола алатын жақсы адам.<br>**Жолдас** – бұрынғы кезде бағыты бір, сапарлас адамдарды жолы бір болған соң «жолдас» деп атаған. Қазір жолдас та «дос» мағынасында қолданып жүр. Жолы бір болғанмен танымайтын адамдар да бір-біріне карасып, қол ұшын беріп қарайласа жүреді. Мұны үй жолдас деп атайды.<br>**Ілік, жекжат** (ер, әйел) – туыстығы жоқ, бірақ құданың құдасы, нағашысының бөлесі, жиеннің балдызы тағы сол сияқты басқа жанама туыстық қатысы бар адамдар арқылы жақындасатын адамдарды «ілік» деп атайды. Олар нағашы, жиен сияқты туыстық, жақындық хұқықтарды талап ете алмайды.<br>Құда – күйеу мен әйелдің аталары, әкелері, ағаінілері, туған-туыстары. Ересек ер адамдарды құда, жасы кішілерді құда бала деп, ал жасы үлкен әйелді құдағи, жасы кішілерін құдаша деп атаған. Құдалар бір-біріне ерекше сый көрсеткен, төрден орын берген. | Ақпаратпен танысады | Мәтін<br>https://bilimdiler.kz/oyin_sayk/salt-dastyr/434 8-zhekeataular-men-iliktik-sozder.html |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **«Мақалды жалғастыр» ойыны**<br>Берілген мақалдардың жалғасын тап:<br>1. Қоңсы тату болса – …<br>2. Көршімен татудың …<br>3. Жақсы көрші тапқаның – …<br>4. Көрші қолайлы болса – … Кейін әр мақалдың **тәрбиелік мәнін** түсіндіру.<br><br>**Рөлдік ойын «Өмірден көрініс»**<br>Топтарға бөлініп, шағын көрініс көрсетеді:<br><br>1-топ: Үй иесі сапарға шығып, кілтті көршіге тапсырып кетуі<br>2-топ:Көршінің көшіп кетуі – «айрылар көже»<br>3-топ:Сапардағы серік пен жолдастың көмегі<br><br>**Сұрақ жауап әдісі.**<br>1. Неліктен қазақта көршіге ерекше сенім артқан?<br>2. Қазіргі уақытта көршілік қарым-қатынас өзгерді ме?<br>3. Сен үшін «жақсы көрші» қандай адам? | Мақалдарды толықтырып, мәнін түсіндіреді<br><br>Топтарға бөлініп, көрініс көрсетеді<br><br>Сұрақтарға жауап береді | |
| Соңы<br>5 мин | «Менің көршім – менің досым» тақырыбында әңгіме | Кері байланыс береді | Слайд |

**№ 9**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Жеті ата және жеті ұрпақ танымы (шығармашылық жұмыс) | |
| **Сабақ мақсаты** | Жеті ата ұғымы, мән мағынасы мен маңызы туралы ақпарат алады, эссе жазу арқылы өзіндік ой қорытады | |
| **Барысы** | | |

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| Басы 5 мин | Жеті атаны реттілігімен орналастыру тапсырмасы   | Жеті ата атауын реттілігімен орналастырады | https://learningapps.org/display?v=pcvxc86qc23 |

<table>
<tr>
<td>Ортасы 35 мин</td>
<td>Өз ұрпағына жеті атасын үйрету атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы т. б. жеті атасының есімдерін жаттап өседі. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары болып саналады. Бір баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді. Жеті атаға толмай бір - бірімен қыз алыспайды. Бір атадан тараған туыстар бір - бірімен туыстық, бауырмалдылық, сыйластық та болады.<br>«Жеті ата» - бір кісіден тараған аталас қауым:<br>Жеті ата ---------------- Жеті ұрпақ
<table>
<tr><td>Әкеден жоғары қарай таралуы</td><td>1. ата<br>2. әке<br>3. бала<br>4. немере<br>5. шөбере<br>6. шөпшек<br>7. немене</td></tr>
<tr><td>Атада төмен қарай таралуы</td><td>1. жүрежат<br>2. туажат<br>3. жұрағат<br>4. жат жұрағат<br>5. жегжет<br>6. жамағайын</td></tr>
<tr><td>Туыстық атаулардың таралуы</td><td>1. бала<br>2. әке<br>3. ата<br>4. арғы ата<br>5. баба<br>6. түп ата<br>7. тек ата</td></tr>
</table>
Тапсырма:«Отбасы шежіресі»<br>А3 қағазға шежіре ағашын сал</td>
<td>Мақаланы басшылыққа алып, дәйек ретінде пайдаланып, ұсынылған Қазақ халқы - туысқандықты, қандастықты, береке мен сыйластықты дәріптеген дана халық» деген пікірге келісесіз бе?» тақырыбында пікір білдіреді<br><br>Шежіре ағашының</td>
<td>https://ti rshiliktynysy.kz/kogam /16096zhetatanynegeblukerek.ht ml<br><br>сурет</td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Тамырына – *тек ата*, діңіне – *ата, әке*, бұтақтарына – *ұрпақтарды* орналастыр | суретін салып, орналастыра ды | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td><br>Тапсырма. «Тірі шежіре» (қимылды интерактив)<ul><li>7 оқушы ортаға шығады</li><li>Әрқайсысына бір атау беріледі: бала – әке – ата – арғы ата – баба – түп ата – тек ата</li><li>Оқушылар өз орындарын дұрыс ретпен табуы керек</li></ul></td>
<td>Оқушылар өз орындарын дұрыс ретпен табады Қате тұрған оқушы өз атауының мағынасын түсіндіреді.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Соңы 5 мин</td>
<td>«Екі түрлі күнделік»<table><tr><td>Жеті атаны білу маңызды</td><td>Маңызды емес</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table></td>
<td>Пікірін дәлелдеп, екі жақты көзқарас білдіреді</td>
<td>Кесте</td>
</tr>
</table>

## №10

<table>
<tr><td>Күні:</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td>Сынып:</td><td colspan="2">Қатысушылар саны:</td><td>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="3">Шежіре – түп-тамырымыздың тірегі (Практикалық сабақ)</td></tr>
<tr><td>Мақсаты</td><td colspan="3">Қазақтың шежіресі, шығу, пайда болу тарихын, түбіміз түркі екенін таниды, қазақ даналығына көз жеткізеді</td></tr>
<tr><td colspan="4">Барысы:</td></tr>
</table>

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| Басы 5 мин | Суретті 3 сөзбен сипатта   | Суретті үш сөзбен сипаттап жеткізеді. Бір бірін қайталамау керек | Шежіре ағашы ның суреті |
| Ортасы | Ақпарат береді. | 1. Суреттейді | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 35 мин | Шежіре бүгінгі және келешек ұрпаққа қалған асыл мұра. Шежіре деген не? Шежіре сөзі араб тілінен аударғанда бұтақ, тармақ деген мағына береді. Шежіре адамдардың шығу тегін, рутайпасын анықтайтын құнды құрал десекте болады. Қазақта жеті атаға дейін қыз алысып, құда болмайды. Оның себебі: жетінші атаға дейін қандары бір болады. Егер де, шежіреден аттап, жеті атаға жетпей екі жақ бір-бірімен құда болса, шаңырақ көтерген екі жастың перзенттері не ауру, не перзент сүйулері екі талай болады. Сол үшін, ұрпақтары жалғасу үшін, жеті атадан асырып барып үйленуді жөн көрген. Сонымен қатар шежіреге қарап рулар өз әдет-ғұрып, салт-дәстүрін ажырата білген. Қазақ үшін салт-дәстүрді сақтау маңызды дүние болып қалады. Бүгінгі күнге дейін сақталып келе жатқан салт-дәстүрдің болуы, сол шежіренің арқасы. Қазақтың осындай құндылығын сақтап қалу үшін Төле, Қазыбек, Әйтеке билер үш жүзге бөлініп, шежірелерін қалыптастырды. Төле ұлы жүзге, Қазыбек орта жүзге, Әйтеке кіші жүзге би болды.<br>**Ұлы жүздің рулары**: Албан, Дулат, Үйсін, Суан, Шапырашты, Сіргелі, Ысты, Ошақты, Жалайыр, Шанышқалы, Қаңлы.<br>Ал **орта жүздікі**: Арғын, Атығай, Қарауыл, Қанжығалы, Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Бәсентиін, Тарақты, Қоңырат, Қыпшақ, Найман, Керей, Уақ рулары.<br>**Кіші жүздің руларына**: Жетіру, Әлімұлы, Байұлы, Ноғай-Қазақ және т.б рулар жатады. «Қазақ шежіресі. Құрылымы» тақырыбындағы бейнероликті ұсынады. | («шежіре» сөзіне түсінік береді). 2. Салыстырады (неге ағашқа ұқсатады?). 3. Байланыстыр (шежіре туралы бұрыннан не білесіз?).<br>4. Таңдайды (Неден тұрады?).<br>5. Қолданады (өзінің рулық шежіресін сипаттайды).<br>6. Дәлелдейді қазақтың шежіре құру танымы дұрыс па, жоқ па?) | https://qaa.kz/kogam/shezhire/<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=5BHvQfYRO4kм |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | <br>**«Кубизм» әдісі** арқылы жұмыс | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 1. Суретте (түсінік).<br>2. Салыстыр (неге ұқсас, неге ұқсамайды?).<br>3. Байланыстыр (бұл туралы ойлағаныңызды көзге елестетіңіз).<br>4. Таңда (Неден жасалған? Неден тұрады? Не үшін?).<br>5. Қолдан (бұнымен не жасауға болады?).<br>6. Дәлелде («ия», «жоқ» деп оған дәлел келтіру, бұл жақсы ма, әлде жаман ба? Неге?)<br><br>**«Өз шежіреңді құрастыр» ойыны** Әр оқушы өз руын немесе туған рудың бір бөлігін шежіре сызбасына түсіреді Түп ата – ру негізін салушы<br>Баба, арғы ата, ата – рудың дамуы<br>Балалар мен немерелер – қазіргі ұрпақ | Өз отбасының шежіресін сызады, құрастырып, таныстырады | |
| Соңы<br>5 мин | «Мен үшін өз руымның шежіресі – …» | Ойды толықтырады | Слайд |

**№11**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Қазақтың сәлем беру, жол беру салты | |
| **Мақсаты** | Қазақтың ежелгі амандасу салты туралы түсінік алады, қазіргі өмірмен салыстырып, артықшылық, кемшіліктеріне баға береді | |
| **Барысы:** | | |

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| Басы 5 мин | Мақал-мәтелді сәйкестендіруді ұсынады. Ортақ тақырыпты анықтау бағытында сұрақтар қояды<br><br> | Мақал мәтелдерді оқып, сәйкестендіреді. Ортақ тақырыпты анықтайды. Жаңа сабақ тақырыбы, мақсатымен танысады | https://learningapps.org/display?v=pau82k42523 |
| Ортасы<br><br>35 мин | Қазақ "Сәлем – сөздің анасы" деп, баласына алдымен сәлемдесу әдебін үйреткен. Өйткені амандасуына қарап, баланың тәрбиесіне баға | Венн диаграммасы арқылы | https://massaget.kz/m |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | берген.<br>Үлкенге сәлем беріп, алғысын алу – қазақ салтдәстүрінің ең озық түрі. Сәлемі түзу балаға үлкендер "Көсегең көгерсін, жүз жаса, бақытты бол" деп алғыс айтқан. Дұрыс амандаспаса, "үлкенді сыйлай білмейді, көргенсіздің баласы" деп ата-анасын кінәлаған. Осылай баласына қарап, ата-анасына баға берген.<br>Қазақ халқында, әдетте, сәлемдесу жоралғысы – кішіден үлкенге қарай, ал жауап сәлем үлкеннен кішіге қарай жүреді. Бетпе-бет келіп қалғанда бір-бірінің үлкен кішілігін ажырата алмаған кезде жолы кішісі жолы үлкенге алдымен сәлем береді. Үлкенге кіші, әйелге ер адам, аттыға жаяуы, отырғанға тұрғаны, алыстан келгенге ауыл адамы, жатқан адамға тұрған адам, ауру адамға сау адам, көп адамға аз адам бұрын амандық білдіреді. Егер сәлем бермей өтсе, "көргенсіз", "сәлем беруге жарамаған" деп сөгетін болған.<br>Сәлем бергенде сөзбен бірге қимыл қатар жүреді. Мәселен, қазақ дәстүрінде қолмен амандасу, қос қолдап амандасу, төсіне қолын қойып амандасу, тізесін бүгіп амандасу, иек қағып (көтеріп) амандасу, төс қағыстырып амандасу, бас изеп амандасу, маңдайдан, қолдан, беттен сүйіп амандасу, қол көтеріп амандасу тәрізді амалдары бар.<br>**Тапсырма.** Қазақтың амандасу дәстүріне байланысты мәтінді оқып, **Венн диаграммасы** арқылы қазіргі заманғы амандасу дәстүрімен салыстыруды тапсырады. | оқыған мәтіндегі ақпарат бойынша ертедегі қазақтың амандасу салты мен қазіргі амандасу салтын салыстырады , ерекшеліктері мен ұқсас тұстарын анықтайды | angilik_el/t up_tamyir/63789/ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | <br>**«Сәлемдесу сценкасы»**<br>Қазақ дәстүріне сәйкес әлеуметтік жағдайларды түсіндіру | Кейін оқушылар өз ойларын сынып алдында бөліседі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Қалай өткізіледі:**<br> 3–4 оқушыдан шағын топ құру <br>Берілген жағдайларды сахналау:<br>1. Алыстан келген ауыл адамы ауылға кіргенде амандасады<br>2. Жүріп бара жатқан ер адам отырған әйелге сәлем береді<br>3. Ауру адамға сау адам амандасады Қалған оқушылар дұрыс немесе қате сәлемдесуді бағалайды<br>**«Сәлем – сөздің анасы» шығармашылық тапсырмасы**<br>**Мақсаты:** Сәлем мен сыйластықты түсіндіріп жазу<br>**Тапсырма:**3–5 сөйлемдік шағын эссе:<br>«Менің ойымша, дұрыс сәлемдесу – …»<br>«Үлкенге сәлем бергенде мен … сезінемін» | Шағын эссе жазып, оқиды | |
| Соңы 5 мин | Бейнеролик көрсетіледі.<br><br>Салемдесу салты | Қазіргі заманғы амандасу дәстүрінің артықшылықтары мен кемшіліктеріне баға береді | https://www.youtube.com/watch ?v=IZ6sjXMATEQ |

**№12**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Баланың дүниеге келуіне байланысты салт-дәстүрлер (Практикалық сабақ) | |
| **Мақсаты** | Сәбидің дүниеге келуіне байланысты салт дәстүрлерді практикалық тұрғыда рөлдік ойын арқылы меңгереді | |
| **Барысы:** | | |

| Кезең | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Ресурстар |
|---|---|---|---|
| Басы<br>5 мин |  | Сурет бойынша дәстүрлердің атауын табады | https://learningapps.org/display?v=p00jai1aj22 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ортасы<br>35 мин | **Тапсырма.** Сыныпты төрт топқа бөледі. Әр топ мәтінмен танысып, өзі таңдаған дәстүрді **рөлдік ойын түрінде** көрсету.<br><br>**1-топ Шілдехана**.<br><br>**Рөлдік ойын тапсырмасы:**<br>1. Бір оқушы жаңа туған баланы бейнелейді (қуыршақ немесе жасанды бейне)<br>2. Ата-әже, туыстар балаға бата береді<br>3. «Қырқынан шығару» рәсімін сахналау: сыйлық беру, тілек айту **Қосымша практикалық тапсырма:**<br>• Әр оқушы шағын бата сөзін құрап айтып көрсін<br>• Туыстардың сыйлығын көрсету (ойыншық, сурет, стикер)<br><br>Нәрестенің дүниеге келген құрметіне арналған салт-дәстүрлердің бірі – шілдехана. Бүгінде жас сәбидің дүниеге келгеніне той жасау рәсімге айналған.<br>Қуаныштарын той жасап, атап өтеді. Ол тойға жақын туыстары мен жора-жолдастары келіп, нәрестенің жақсы азамат болып өсуіне тілектерін білдіріп, шамаларына қарай, арналған | Сыныпты төрт топқа бөлініп, тапсырма орындайды. Әр топ мәтінмен танысып,өзі таңдаған дәстүрді рөлдік ойын түрінде көрсетеді.<br><br>Рөлдік ойынға қатысады<br><br><br>Бата құрап айтады | https://massaget.kz/layfstayl/alemtanu/Qazaqstanym/18032/ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сыйлықтарын береді. Баланың анасына туғантуыстары күтіммен қарайды.<br>Туылған ер баланы отыз күн, қыз баланы қырық күн суға түсіріп, денесін сылап, буындарын созады. Қырық күн өткен соң, қырқынан шығару ырымын жасайды. Оны туыстары болып келетін үлкен кісіге тапсырады. Осындай міндет жүктелген адам, сыйлығын бір тоғыз етіп дайындап, келіп, нәрестені қырқынан шығарады.<br>**2-топ. Тұсау кесу**<br><br>**Рөлдік ойын тапсырмасы:**<br>1. Бір оқушы бала рөлін атқарады<br>2. Таңдалған оқушы тұсауды кеседі (жіпті бейнелеп)<br>3. Қалған оқушылар тілектер айтып, өлең шумақтарын айтады<br>4. Балаға сыйлық тапсыру (ойыншық немесе стикер) **Қосымша практикалық тапсырма:**<br>• «Қаз-қаз балам» өлеңін бірге айту<br>• Баланың алғашқы қадамын көрсету (рөлдік сахна)<br><br>Қазақ халқының өмір салтына көрік беретін дәстүрі. Бала жүре бастаған кезде кішігірім той жасап, тұсау кеседі.<br>Тойға келген тұсау кесер тойына сыйлықтарымен, шашуларымен келеді. Тұсау кесетін баланың аяғына байлайтын жіпті тұсау кесер әйел дайындап алып келеді. ал тұсау кесетін әйелді баланың әке-шешесі таңдайды. Беделді, жасы үлкен, балалы-шағалы әйелге жүктейді. Ол әйел шамасына қарай бағалы сыйлық береді. Кей жерлерде баланың басынан аяғына дейін жаңа киімдер кигізіп, әкелген | Тұсау кесер рәсімін көрсетеді, рөлге енеді | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сыйлығын ел көрсін деп тұсауын кесіп ортаға жібермей тұрып кигізіп қояды.<br>Бұрынырақта тұсауы кесілетін балаға ат пен ер тоқым сыйлаған. Қазір олардың қажеті шамалы | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | болғандықтан баланың қажетіне жарар ойыншық, киім-кешек сыйлап жатады.<br>Өлеңдер айтылып, жиналғандар тілектерін тілейді. Тұсау кесер тойына арналған көпке мәлім әннің бірі мынау: Қаз-қаз балам, қаз, балам, Қадам бассаң мәз болам. Күрмеуіңді шешейін, Тұсауыңды кесейін.<br>Тұсауын кескен әйелге әке-шешесі ризашылығын білдіріп, сыйлығын тарту етеді.<br>Киітін береді. **3 топ.**<br>**Азан шақырып ат қою**<br><br>**Рөлдік ойын тапсырмасы:**<br>1. Бір оқушы жаңа туған бала рөлінде болады<br>2. Үлкен кісі сәбиді қолына алып, атын береді<br>3. Ағайын-туыстар есімді қайталайды, бата береді **Қосымша практикалық тапсырма:**<br>- Әр топқа балаға ат қою дәстүріне арналған шағын өлең немесе баталы сөз құрасты<br><br>Жаңа туған сәби болашақта сыйлы, құрметті, үлкен адам болсын деген үмітпен ата-анасы жасы үлкен, сыйлы адамға ат қоюға қолқа салады. Жастардың әке-шешесі, ата-әжесі тірі болған жағдайда сәбиге атты солар қояды.<br>Үлкендердің айтқаны бұлжытпай орындалатындықтын, міндетті түрде солар ұсынған ат қойылады. Кейде жастармен келісе отырып, бала есімін үлкен кісілер таңдайды. Балаға есім үш күн ішінде берілуі құпталады. Ауылдың беделді азаматы сәбиді қолына алып, | Ат қою рәсімін рөлге еніп көрсетеді | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | азан шақырып, ағайын-туыспен бірге таңдалған есімді сәбидің құлағына қайталайды. Ежелде | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ақсүйек әулеттердің баласына есімді молда құран оқып, кітапқа қарап қойған екен. | | |
| Соңы<br>5 мин | **«Менің сүйікті дәстүрім» (топтық талқылау)**<br>Сынып 4 топқа бөлінеді<br>Әр топ: өздерінің сүйікті дәстүрін таңдап, 1–2 минуттық мини-презентация жасайды | Қалған оқушылар: сұрақ қояды немесе пікірін айтады | Слайд |

**№13**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Бесік  жыры, көгендік, қалжа, тымаққа салу, бауырына салу | |
| **Мақсаты** | Салт дәстүрлер туралы ақпаратпен танысып, қазақтың ежелгі дәстүрлерінің артықшылық, кемшілігін, теріс жағы мен мүмкіндіктерін анықтайды, маңыздылығына көз жеткізеді | |
| **Барысы:** | | |

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|
| Басы  5 мин | Ребус шешу<br><br>Жауабы: Төрінде бесік тұрса, төре де бас иеді | Ребусты шешіп, мақалдың мәнін түсіндіреді, тақырыпты анықтайды | Ребус |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ортасы<br>35 мин | **1-тапсырма**. Суретке қарап, бесікке салу дәстүрі туралы әңгімелеңіз<br> | Суретке қарап, бесікке салу дәстүрі туралы әңгімелейді | Суреттер<br>Мәтін<br>Лабиринт |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | <br>**2-тапсырма** Бесікке салу дәстүрі. Рөлдік ойын<br>*Тәрбиеші:* Балалар, бүгін біздің әжеміз кішкентай немересін бесікке салғалы жатыр, бесік тойға, қонаққа барайық.<br>- Сәлеметсіз бе, әже!<br>- Сәлеметсіздер ме, ботақандарым, төрлетіңдер, қош келдіңдер.<br>*Әже:*<br>- Балалар, келіңдер, мына бесіктің қасына жақындап отырыңдар. Мынау - бесік. Мен сендерге кішкентай сәбиді бесікке қалай бөлеу керектігін түсіндірейін. Сендер мұқият қарап отырыңдар. Ең алдымен бесіктің бас жағына жұмсақ жүннен жасалған жастық саламыз. Ал мынау - үстіне жамылатын көрпесі. Мынау - белбеуі, бала құлап қалмас үшін белінен және аяқ жағынан осы белбеумен байлап қояды. Енді кішкентай бөпемізді бесіктен алып, шомылдырайық.<br>- Балалар, айтыңдаршы, шомылдыру үшін алдымен не керек?<br>- Су керек.<br>- Ал бала шомылдыратын су қандай болу керек?<br>- Жылы болу керек.<br>- Бала таза болу үшін тағы не керек?<br>- Сабын керек.<br>- Ал бәрі дайын, сәбиді әкеліңіз. Балалар, мен кішкентай бөпемізді шомылдырайын. Сендер маған көмектесіп, әрі дене мүшелерін атап отырыңдар. | Рөлдік ойынға қатысады | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Жақсы, балақайды шомылдырып болдық. Енді денесін, қол аяғын майлап, біріміз бірге қайталап айтайық: Өс-өс, балам, өс, балам,<br>Сұлу боп өс сымбатты,<br>Саусағыңды жазайын, | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Аяғыңды созайын.<br>Өс-өс, - деп бөпенің денесін ширатайық.<br>Балақайды шомылдырып, дайындадық, енді анасы тамақтандырғанша келіңдер, мен сендерге бесікті қалай аластау керектігін көрсетейін. Балалар, кішкентай сәби ұйқы кезінде шошып оянбау үшін бесікті аластау керек.<br>Алас-алас.<br>Пәле жаладан қалас.<br>Тіл көзден сақта<br>Барлық жамандық осы отпен кетсін.<br>- Балалар, айтыңдаршы, мынау қандай заттар?<br>- Мынау - тарақ, айна.<br>- Иә, бұл айна, тарақты кішкентай , бөбегімізді әдемі болсын деп, ал мынау пышақты ұйқысынан шошымас үшін саламыз. Ал балақайды бесікке бөлейік. Ұйқысы тәтті болсын деп «Бесік жырын» бірге айтайық.<br>Бесік жыры:<br>Әлди-әлди ақ бөпем.<br>Ақ бесікке жат бөпем.<br>Жылама бөпем жылама,<br>Жілік шағып берейін.<br>Әлди-әлди бөпешім.<br>Ұйықтай қойшы, көкешім.<br>Тербетейін жата ғой.<br>Тәтті ұйқыға бата ғой.<br>**3-тапсырма**. Жас анаға бесік жырын жаттау үшін лабиринттен адаспай өтуге көмектесіңіз. | Лабиринт ойынын ойнап, жолды тауып көрсетеді | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Әлди, бөпем, ақ бөпем,<br>Ақ бесікке жат, бөпем,<br>Астыңа терлік салайын,<br>Үстіңе тоқым жабайын,<br>Ауылдан кеткен апаңды<br>Іздеп қайдан табайын.<br>Жылама, балам, жылама,<br>Ата-екеңді қинама! | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Соңы 5 мин | «Кел, бірге шырқайық!». «Әлди, әлди» әнін тыңдап, бірге ән шырқаңыз | Рефлексия жасап, кері байланыс береді | https://www.youtube.com/watch ?v=t42FMvDVCUw |
| |  | | |

**№14**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Ұлттық салт-дәстүрдегі сый-сыяпат рәсімдері: сүйінші, шашу,базарлық, байғазы, көрімдік (Практикалық сабақ) | |
| **Мақсаты** | Қазақтың өнегелі дәстүрлері туралы ақпаратпен танысып, үлгілік мәніне талдау жасайды | |
| **Барысы:** | | |

| Кезең | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Ресурстар |
|---|---|---|---|
| Басы 5 мин | **Бейнеролик «Сүйінші»**  | Бейнероликке қатысты ой қосады | https://www.youtube.com/shorts/sCoQzFqY_2A |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ортасы 35 мин | **Мұғалім түсіндірмесі**<br>Қуанышты хабар (дүниеге бала келу, келін түсіру, жағымды жаңалық) жеткізуші адам «сүйінші!сүйінші!» деп келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі «қалағаныңды ал» дейді. Немесе оған риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл қуанудың, ризалықтың белгісі. **Сүйінші** сұраудың да, оның сүйіншісін алудың да ешқандай сөкеттігі жоқ. көрімдік жаңа туған балаға, жас келінге, ботаға тағы басқа алғаш көрген сәтте көрімдік сұрау - халықтың ежелгі және лайықты дәстүрі. Мұның маңызы алып, беруде ғана емес жақын-жуықтың адамгершілігін, ниетін, ашыққолдығын да танытудың белгісі ретінде қаралады. Байғазы | Мәтін мазмұнымен жеке танысып, жұпта, топта талқылайды. Жеке тапсырма орындап, дәстүрлердің бірін таңдайды, сипаттамасын мәтіннен қарап | https://massaget.kz/mangilik_el/shanyirak/salt-dastur/40355/ |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>мен көрімдік екеуі екі басқа ұғым. Көрімдік адамға, жандыға, байғазы көбінесе жансыз дүниелерге қатысты айтылады.<br>Байғазы — қазақ дәстүрінде үлкеннің кішіге, негізінен балаға беретін сыйлығы. Байғазыны, көбінесе, жасөспірім балалар, бойжеткен қыздар , бозбалалар жаңа киім кигенде, жаңа зат алғанда ағалары мен жеңгелерінен, әпке, әкешеше, жанашыр жақын туыстарынан сұрайды. Үлкендер байғазы (ақша, малдың төлі, т.б.) берумен бірге құтты болсын айтып, ізгі тілек білдіреді<br>Базарлық - алыс сапарға, саяхатқа, сауда жолына шыққан адамдардың туыстарына, жерлестеріне, көрші-қолаңдарына, сыйлас адамдарына, жас балаларға алып келген іріліұсақты сыйлықтары. Оны базарлық деп атайды. Бұл жақсы көрудің, сыйластықтың белгісі және ескерткіш ретінде қабылданады.</td>
<td>жазадыз, үлгілік, тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді, қазіргі өмірмен байланыстыра баға береді.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>1-тапсырма. Мәтінмен танысып, дәстүрлердің бірін таңдап, сипаттамасын жазыңыз, үлгілік мәнін ашыңыз, қазіргі өмірмен байланыстыра баға беріңіз.
<table>
<tr><td>Ұнаған дәстүр</td><td>Сипаттамасы</td><td>Үлгілік, тәрбиелік мәні</td><td>Өмірмен байланыс</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
2-тапсырма. Рөлдік ойын 1-топ: Сүйінші!
<ul>
<li>Бір оқушы қуанышты жаңалық әкелуші болады</li>
<li>Үй иесі «қалағаныңды ал» деп сыйлық береді (ойыншық, стикер, кәмпит)</li>
<li>Қалған оқушылар: қуанышты көріністі қолдау, риза болу</li>
</ul>
2-топ: Көрімдік
<ul>
<li>Жаңа туған балаға, жас келінге немесе ботаға алғаш көргенде көрімдік сұрау және беру рәсімін сахналау</li>
</ul></td>
<td>Дәстүрлердің бірін таңдап, сипаттамасы н жазады, үлгілік мәнін ашады, қазіргі өмірмен байланыстыр а баға береді.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | • Практикалық элемент: әр оқушы көрімдік ретінде символдық зат береді<br>**3-топ: Байғазы**<br>• Үлкендер балаларға жаңа киім, ойыншық, | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | символдық ақша береді<br>• Балалар: сыйлық алған кезде құттықтау және ризалық сөзін айту<br>• Рөлдік ойын арқылы «ізгі тілек айту» элементін көрсету<br>**4-топ: Базарлық**<br>• Сапардан келген адам туысына, көршісіне сыйлық береді<br>• Оқушылар: базарлықты тарату, сыйлықты қабылдау рәсімін көрсету<br>• Практикалық тапсырма: сыйлықтың мәнін түсіндіріп айту | | |
| Соңы<br>5 мин | <table><tr><td>Қуанышты хабарға байланысты дәстүрлер</td><td>Олардың ерекшелігі не артықшылығы</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table> | Кері байланыс береді | |

**№15**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Отау көтеру рәсімдері мен мерекелік әдет-ғұрыптар (әңгімелесу сағаты) | |
| **Мақсаты** | Қазақ халқының отау көтеру дәстүрлері туралы ақпаратпен танысады | |
| **Барысы:** | | |

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| Басы 5 мин | Суретті сипаттауға тапсырма береді<br><br>**Мұғалім:** «Балалар, елестетіңіздерші, бізді үлкен тойға қонаққа шақырды. Қазақта "Той — халықтың қазынасы" деген сөз бар. Қалай ойлайсыздар, неге үйлену тойы отбасы өміріндегі ең маңызды оқиға саналады?» | Суретті сипаттап, суреттегі салт дәстүр туралы өзі білетін ақпаратпен бөліседі | Сурет |
| Ортасы | 1-**кезең: Құдалық** | Салт | «Салт |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 35 мин | Сұрақ: «Үйлену тойына барар жол неден басталады? Қызды бірден келіп алып кетуге бола ма?»<br>Талқылау: Мұғалім екі жақтың түпкілікті келісімін білдіретін Сырға салу салты туралы айтып береді.<br>Қызықты дерек: Бүгінгі таңда заманауи форматтарға қарамастан, Сырға салу салты міндетті элемент болып қала береді және көбіне жеке, әдемі мереке ретінде атап өтіледі.<br>2-**кезең: Қыз ұзату**<br>Сұрақ: «Неліктен бұл қуанышта қалыңдық көбіне мұңаяды, ал оның шығар жолына неге Ақ жол төселеді?»<br>Талқылау: Туған үйімен қоштасу нышаны. Оқушылар ата-ананың батасының маңыздылығын талқылайды.<br>**3-кезең: Келінді қарсы алу және беташар рәсімі**<br>Сұрақ: «Кім беташар салтын көрді? Неліктен келіннің бетін желекпен жауып қояды?» Мәлімет: Мұғалім бұл салттың келінді күйеуінің туыстарымен таныстыру рәсімі екенін түсіндіреді. Ақын келінге өсиет айтып, жырлайды, ал келін аты аталған әр туысқа сәлем салады.<br>**«Иық тірескен шеңбер» әдісімен** мәтіндерді бөліп оқиды, шеңберде бір біріне әңгімелейді<br><br>**Біз шаншар (салт).** Кең-байтақ Қазақстан даласында салт-дәстүрлердің қызықты түрлері көп. Бірақ олар бір-бірінен онша алшақ емес. Соның бірі - «біз шаншар». Еліміздің шығыс, оңтүстік жақтарында «жаушы» орынына осы «біз шаншар» салты қолданылады. Ақсақалкарасақалы аралас бір топ ер азамат бойжеткен қызы бар үйге түсе қалады. Қандай шаруамен жүргенін айтпайды, ел шаруасын, амандық білген болып, қонақасын ішіп аттанып кетеді. Әдеп бойынша ел ішінде бір топ адам | дәстүрлер туралы ақпаратты тірек конспект түрінде жазып отырады | дәстүрлер жинағы» кітабы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бұлай жүрмейді. Олар кеткеннен кейін отағасы мен анасы қонақтар отырған жерді қарап, одан шаншулы бізді тауып алады. Бұл «бізде ұл, сізде қыз бар» құда болайық дегенді білдіреді. **Қыз айттыру** – дәстүрлі ортада неке салтында | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | үлкен мәнді ғұрып. Жігіт жағының құда түспек ниеттерін білдіріп, қыздың ата-анасына, жақын туыстарына сөз салуы. Жасынан атастырылған қызы жоқ ұлдың ер жеткен соң оны аяқтандырғысы келген ата-анасы баласы мен туысқандырымен ақылдаса отырып, келін болуға лайықты қыз қарастырады. Ежелгі қалыптасқан дәстүр бойынша ұл баланың 3-10 жасы аралығында қыз айттыра бастайды. Жігіт әкесі өзіне терезесі тең деп санаған үйдің қызының басының бостығын білсе, арнайы адам жібереді немесе өзі барады.<br>**Құда түсу** - қазақтардың ертеден және қазір де жалғасып келе жатқан жақсы әрі жарасты дәстүрлердің бірі.<br>Жігіттің әкесі немесе оның жақын туыстары қызы бар үйге құда түседі, яғни бойжеткен қызын сұрайды. Құдалар құрметке лайық сыйлы адам деп жасайды саналады. Қыз әкесі келісім берген соң құдалықтың жөн-жоралғыларын жасайды. Оның түрі өте көп, мысалы: құда аттанар, құда тарту, ат байлар, құйрық-бауыр, тағы басқа ырымдары мен кәде алымдары болады (―кәдегеǁ қараңыз). Құдалықты басқарып барған адам ―бас құдаǁ деп аталады. Тұрмыс құратын жігіт пен қалыңдықтың әкелері бір-біріне ―бауыздау құдаǁ деп аталады. | | |
| Соңы<br>5 мин | Сұрақ: «Салт-дәстүрлердің қайсысы сіздерге ең әдемі болып көрінді? Болашақ өз шаңырақтарыңызда қай дәстүрді сақтап қалғыларыңыз келеді?» | Сұраққа жауап береді | |

**№16**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Қыз ұзатуға қатысты салттар: сәукеле кигізу, сыңсу, жасау, түйемұрындық | |
| **Мақсаты** | Үйлену салтына байланысты дәстүрлермен танысып, өмірмен байланыстыра талдайды | |

<table>
<tr><td colspan="4">Барысы:</td></tr>
<tr><th>Кезең</th><th>Педагогтің әрекеті</th><th>Оқушының әрекеті</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Басы 5 мин</td><td>«БББ» кестесін ұсынады
<table>
<tr><th></th><th>Білемін</th><th>Білдім</th><th>Білгім келеді</th></tr>
<tr><td>Сәукеле кигізу<br>Сыңсу<br>Жасау<br>Түйемұрындық</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td><td>Кестені толтырады</td><td>Кесте</td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>Ортасы<br>35 мин</td>
<td>
Ақпаратпен танысып, салт дәстүрдің бірін таңдап, өмірмен байланыстыру тапсырмасы
<table>
<tr><td>Мен білетін дәстүр, салт</td><td>Қазіргі өмірде кездесе ме? Мәтінмен ұқсас па?</td><td>Бұл салт дәстүрге қатысты көзқарасыңыз қандай?</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>
Сәукеле кигізу— қазақ халқының ұлттық салтдәстүрі. Қалыңдыққа сәукеле кигізудің орны бір бөлек. Себебі сәукеле әйел киімдерінің ішіндегі ең асылы ғана емес, оның жұбайлық өміріндегі елеулі кезінің естен кетпес ыстық сәті. Ол - бұлғақтап өскен оң жақтағы және ақ босаға аттар арасындағы қимас та қызықты кездің ескерткіші. Бұл аз болса келіншекке сәукеле кигізудің өзі бір ерекше салтанат. Бұған құдақұдағилар шақырылады. Шашу шашылады. Ақ бата арналады. Сәукеле байғазысының бағасы да олқы болмайды. Сәукелелі келіншек ажарлы да базарлы көрінеді. Оны жұрттың бәрі көруте ынтық. Оның көрімдігі де соғанлайық болу керек.<br>
Сыңсу - қыз ұзату дәстүріне байланысты туған тұрмыс-салт жырларының бірі.<br><br>
Бұл - қыздың ұзатылар алдындағы ел-жұртымен, ағайын-туыс, құрбы-құрдастарымен, туып- өскен жерімен қоштасуы ретінде айтылады. Сыңсуды ұзатылатын қыздың сіңлілерімен не жеңгелерімен үй-үйді аралай жүріп белгілі әуенмен айтатын болған. Сыңсудың өлеңін ақындар немесе қыздардың өздері шығарған. Ұзатылып бара жатқан қыз сыңсу арқылы жұртқа өзінің мұңын, қайғықасіретін жеткізген.
</td>
<td>Мәтіндерді оқиды. Өзі таңдаған бір салт дәстүрді сипаттайды. Қазіргі өмірде қолданылуын талдайды, ұқсастығын түпнұсқамен салыстырады. Дәстүрге қатысты жеке көзқарасын білдіреді.</td>
<td>https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D2%AF%D0%B9%D0%B5_%D0%BC%D2%B1%D1%80%D1%8B%D0%BD%D0%B4%D1%8B%D2%9B</td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Жасау** — жігіт жағынан келген қалыңмал мөлшеріне шамалас, кейде одан да асып түсетін, ұзатылатын қызға берілетін мал-мүлік.<br>Үйленудің қандай да түрі болмасын, қызына жасау беру — ата-ана мойынындағы борыш болып есептелетіндіктен, «қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз той болмайды» дәстүрі бойынша қалыңдықтың туысқандары қызын ешқашан жасаусыз үйден шығармаған. Жасауды ұзатылатын қыздың ата-анасы дайындайды. **Түйе мұрындық** - салт. Қазақ салтында қалыптасқан бір кәде «түйе мұрындық» деп аталады. Қызы ұзатылып көшіп келе жатқан көш көрші ауылдың тұсынан өткенде, көрші ауылдың әйелдері, көш алдынан арқан керіп тосады да, алдыңғы түйенің бұйдасынан, мұрындығынан мықтап ұстап алады, оны жүргізбей «түйе мұрындық» деген атпен кәде сұрайды. Көш бастап келе жатқан кексе әйел оған жол өтеп, көйлек беріп құтылады. Оны қазақ кадесінде «түйе мұрындық» деп атайды.<br>**Шығармашылық тапсырма**<br>• Өзіңнің ойыңша, «қазіргі өмірде қандай жаңа дәстүр қосуға болады?»<br>• Мысалы: заманауи тойда сәукелеге не қосар едің? | Қысқаша әңгіме немесе 5-6 сөйлем жазады | |
| Соңы<br>5 мин | «Ойтолғау». «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» | Тақырып бойынша ой толғайды | |

**№17**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Келін түсіру салттары: беташар, жар-жар, аушадияр, атбайлар, өңір салу, үй көрсету | |
| **Мақсаты** | Үйлену салтына қатысты салт дәстүрлермен танысып, өмірмен байланыстыра ой қорытады | |

<table>
<tr><td colspan="4">Барысы:</td></tr>
<tr><th>Кезең</th><th>Педагогтің әрекеті</th><th>Оқушының әрекеті</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Басы 5 мин</td><td>Топтық ізденіс тапсырмасы.<br>Сынып оқушыларыналты бес топқа бөледі. Әр топқа қазақтың салт дәстүрлерінің атауы беріледі. Сол атауға байланысты ақпаратты бірлесе іздеу, талдау ұсынылады</td><td>Топқа бөлінеді. Өздеріне ұсынылған тақырыпта материалды бірлесе іздейді</td><td></td></tr>
<tr><td>Ортасы 35 мин</td><td><table>
<tr><th>Салт атауы</th><th>Мәні / Қысқаша сипаттама</th></tr>
<tr><td>Бета шар</td><td>Келіннің бірінші рет қалыңдық үйінде қауымға көрсетілуі. Бұл кезде келіннің беті ашылады, құдақұдағилар бата береді.</td></tr>
<tr><td>Жаржар</td><td>Келіннің үйде немесе ауылда қоштасуы. Көбінесе қыздың сіңлілері немесе құрбылары ән айтып, өлең шығарады.</td></tr>
<tr><td>Ауша дияр</td><td>Қалыңдыққа «ауша» немесе сыйлық беру рәсімі. Бұл дәстүр атаананың құрметін және жақындықты білдіреді.</td></tr>
<tr><td>Атбай лар</td><td>Қалыңдық көшіп келе жатқанда көрші ауыл әйелдерінің тосуы, кәде сұрау. («Түйе мұрындыққа» ұқсас)</td></tr>
<tr><td>Өңір салу</td><td>Жаңа қалыңдыққа үйдегі міндеттерді, тұрмысқа қатысты негізгі істерді үйрету.</td></tr>
<tr><td>Үй көрсету</td><td>Келіннің жаңа үйін, сол үйдегі тұрмыс жағдайын көрсету, таныстыру.</td></tr>
</table></td><td>Әр топ өздеріне берілген ақпарат бойынша талдау жасайды<br><br>Әр топ өздері тапқан материалдарды іріктеп, қажеттісін</td><td>Кесте</td></tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Топтық жұмыс<br>1-топ «Беташар»<br>2-топ «Аушадияр» 3-топ<br>«Жар жар»<br>4-топ «Атбайлар»<br>5-топ «Өңір салу», «Үй көрсету»<br>Салт дәстүр сипаттамасы<br>Басқа дәстүрлерден ерекшелігі<br>Артықшылықтарына сипаттама | анықтап, салт дәстүрді сипаттайды, артықшылығы, ерекшеліктерін жазады | |
| Соңы<br>5 мин | «Қазіргі заманда келін түсіру салттарын қалай өткізуге болады?» | Әр оқушы өз ойымен «Қазіргі заманда келін түсіру салттарын қалай өткізуге | Слайд |
| | | болады?» деген тақырыпта 5-6 сөйлем жазады. | |

**№18**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Қауымдық ғұрыптар (Пікірталас) | |
| **Мақсаты** | Жалпы халықпен тойланатын қауымдық ғұрыптар туралы деректермен танысады | |
| **Барысы:** | | |

| Кезең | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Ресурстар |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| Басы<br>5 мин | Бейнематериал ұсынады.<br><br><br>**НАУРЫЗ - НАҒЫЗ ЖАҢА ЖЫЛ/ НАУРЫЗ КӨЖЕ/ наурызек/ ҚАЗАҚША МУЛЬТФИЛЬМ/ наурыз тойы** | Бейнематериалдан алған ақпаратқа қатысты жеке пікір білдіреді | https://www.youtube.com/watch?v=TkJcKbrWQ5o |
| Ортасы<br>35 мин | **Қауымдық ғұрыптар дегеніміз:**<br>• Бұл – қазақтың бір-бірімен тығыз қарымқатынаста, қауымдастықта өткізетін дәстүрлі рәсімдері мен салттары.<br>• Мысалы: қонаққа бару, дастарқан жаю, ас беру, мерекелік ғұрыптар, үйлену немесе қыз ұзату рәсімдері.<br>• Мақсаты: адамдар арасындағы қатынасты нығайту, бірлікті көрсету, жастарды тәрбиелеу, көңіл-күйді көтеру. **Мысалы ғұрыптар:**<br>1. Қонаққа бару, дастарқан жаю.<br>2. Үйлену және қыз ұзату рәсімдері (беташар, жар-жар).<br>3. Жасау, аушадияр, түйе мұрындық сияқты | Ақпаратты тыңдайды | Мәтін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | дәстүрлер.<br>4. Ауылдағы мерекелік салттар (наурыз, той, ауыл жиналыстары).<br><br>**Тапсырма 1: Топпен жұмыс** Сыныпты 2 топқа бөлу:<br>Топ 1: «Қауымдық ғұрыптар қазіргі өмірде маңызды»<br>Топ 2: «Қауымдық ғұрыптар тек тарихта қалған, қазіргі заманда қажет емес»<br><br>**Тапсырма 2: Пікірталас**<br>• Әр топ 2 минуттық ашық сөз сөйлейді.<br>• Содан кейін қарсы топ 1 минуттық жауап береді.<br>• Пікірталас соңында мұғалім қорытынды жасап, негізгі ойды белгілейді.<br>**Пікірталасқа арналған сұрақтар:**<br>1. Қауымдық ғұрыптар жастарды тәрбиелеуде қаншалықты маңызды?<br>2. Қазіргі өмірде осы дәстүрлерді сақтаудың маңызы бар ма?<br>3. Қауымдық ғұрыптар қоғамда бірлікті қалай нығайтады?<br>4. Қандай ғұрыптар қазіргі заманда жаңаша немесе қысқартылған түрде жүргізілуі мүмкін?<br><br>**Тапсырма 3: Жеке ой жазу**<br>«Менің ойымша, қауымдық ғұрыптардың қазіргі өмірдегі рөлі …» деген тақырыпта қысқаша 5-6 сөйлем жазу. | Әр топ өз ойларын 3-4 аргументпен қорғайды.<br><br>Әр топ 2 минуттық ашық сөз сөйлейді. Содан кейін қарсы топ 1 минуттық жауап береді. Пікірталас соңында мұғалім қорытынды жасап, негізгі ойды белгілейді. Қысқаша 5-6 сөйлем жазады | |

<table>
<tr>
<td>Соңы<br>5 мин</td>
<td>Венн диаграммасы арқылы салыстыру
<table>
<tr><td>Қауымдық ғұрыптар</td><td>ұқсастығы</td><td>Отбасылық ғұрыптар</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Қауымдық ғұрыптар мен отбасылық ғұрыптарды салыстырып, ұқсастықтарын анықтайды.</td>
<td>Слайд<br>Кесте</td>
</tr>
</table>

**№19**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Еңбек дәстүрлері | |
| **Мақсаты** | Қазақы дәстүрлердің ішінде еңбекке байланысты дәстүрлермен танысады, баға береді | |

<table>
<tr><td colspan="4">Барысы:</td></tr>
<tr><td>Кезең</td><td>Педагогтің әрекеті</td><td>Оқушының әрекеті</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr>
<td>Басы<br>5<br>мин</td>
<td>«Асар»<br><br>АСАР-Қазақша Мультфильм<br>мультфильмі</td>
<td>Мультфильм мазмұны бойынша пікір алмасады</td>
<td>https://www. youtube.com/watch?v=unE3GDRG7mk</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>Ортасы 35 мин</td>
<td>
Жұптық жұмыс. Жұпта мәтінді оқып, талқылап, дәстүрдің ерекшелігін анықтайды, тәрбиелік мәніне баға береді
<table>
<tr><td>Дәстүр</td><td>Ерекшелігі</td><td>Тәрбиелік мәніне бере бағаңыз</td></tr>
<tr><td>Асар</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қазық майлау</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабан той</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Үме</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сыралғы</td><td></td><td></td></tr>
</table>
Асар. Ертеден келе жатқан әдет-ғұрыптың бір түрі. Қол күшін керек ететін, көпшіліктің қатысуымен орындалатын жұмыс. Ол жанадан үй салу, шөп шабу, қой қырку, малды жайлауға не қыстауға айдап салу сияқты. Көмекке келген адамдар еңбек ақы сұрамаған. Үй иесі оларға арнайы мал сойып, ас дайындаған. «Асар» халқымыздың бірлігін, көмек қолын беруге, жақын дос адамдарға қамқорлық жасайтынын көрсетеді. Бұл әдет қазірде бар көңіл қуантарлық жай.
Қазық майлау (Бие бау). Бұл ерекше әдет-ғұрып. Сәуір айында бие сауу басталады. Әр отбасы оған ерекше дайындалады. Ауыл адамдары «желі» (қазық қағылып, оған жіп байланады) бойында жиналады. Биенің желінің, құлынның байлануышын, қазықты майлап мына тілекті айтады: «Сүтті бол, өсімтал бол». Осыдан кейін биені сауады. Қымыз пайдалы сусын әрі шипа болады. Біздің аталарымыз: қымызды ержүрек батыр адамдардың ішуі керек деген. Қазақ халқы сауын биелерді жоғары бағалаған, бие сауу уақытын белгілеген. «Бие байлаған кез», «бие сауым», «бие ағытар кез» - сауым уақыты 1.5, 2 сағат, байлаған кез-таңертең, бие ағыту – кешке. Алғашқы қымыз
</td>
<td>Жұпта жұмыс жасайды. Еңбек дәстүрлеріне қатысты анықтамалар м ен танысады. Талдау жасайды: ерекшеліктер і, тәрбиелік мәнін анықтап, баға береді</td>
<td>https://www.turbor eferat.ru/ pedagogy /oushylar dypatriotshy ldyatrbieleu/2 489001338093page2.ht ml</td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | «қымыз мұрындық» - деп аталған.<br>«Қымыз мұрындыққа» ауыл ақсақалдарын шақырып, алғашқы қымызбен сыйлаған. Бие байлап, қымызды жақсы дайындайтын ауылға алыс, жақыннан келіп дәмін татқан. Қазақ қымызды ешуақытта сатпаған, келген адамды қымызбен сыйлаған.<br>**Сабан той**. Егін жиналған соң жасалатын егіншілер тойы. Ауылдастарын шақырып, дастархан жасап, үлкен адамдардан бата алу. Ақсақалдар батасынан кейін ойын сауық басталады. Күрес, түрлі ойындар, ән салып, күй шертіліп, өлең айтылады. Бір сөзбен айтқанда, қызу, қарқынды еңбектен соң, еңбектерінің жемісін көруге тілек айтылып, қамбадан қалған астықты ауылдастарына «кеусен» - бөліп береді. Ол бидай, ұн,т.б.<br>**Сыралғы**. Батырға жол болсын деп, аңшыға –табыс тілейді, бұл бұлжымас әдет-ғұрып. Құсбегі мен аңшы олжалы келсе, олардан сыралғы сұрайды. Сұрағанын беру керек. Бұл әдеттен бас тартып, бұзуға болмайды.<br>**Үме.** Жұмыстың түріне қарай күрделі, ауыр жұмысқа көмек сұрау. Бұл көпшілікпен бітетін жұмыс. Мысалы, қысқа дайындық жасау үшін үй иесі ауыл адамдарын, жігіттерді шақырады. Жас жігіттер шөп шабуға кіріседі. Бірінің артынан бірі тұрып 20-30 адам шалғы орақпен шөп шабады. Бұл көмек «үме» деп аталады.<br><br>**Рөлдік ойын / мини-сценка**<br>Оқушыларды топқа бөліп, әр топқа дәстүр тағайындау: ○ Топ 1 → Асар ○ Топ 2 → Қазық майлау ○ Топ 3 → Сабан той ○ Топ 4 → Сыралғы<br>○ Топ 5 → Үме<br><br>**Пікірталас** Сұрақтар:<br>1. Қауымдық ғұрыптар адамдар арасындағы бірлікті қалай нығайтады? | Рөлдік ойынға қатысады<br><br>Пікірталасқа қатысып, өз позициясын қорғайды | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 2. Қазіргі заманда «Асар» немесе «Үме» тәрізді дәстүрлерді өткізу қажет деп ойлайсыз ба?<br>3. Қай дәстүр сізге ең қызықты болды және неге? | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Соңы<br>5 мин | Суретте берілген дәстүрді анықтап, баға беру<br> | Суретте берілген дәстүрді анықтап, баға береді | Сурет<br>Слайд |

**№20**

| **Күні:** | | |
|---|---|---|
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар |
| **Тақырыбы:** | Тұрмыс-салт ойындары | |
| **Мақсаты** | Тұрмыс салт ойындары туралы деректерді өздері іздеп, талдау жасайды, көзқ | |

**Барысы:**

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушыны ң әрекеті** | **Ресу** |
|---|---|---|---|
| Басы<br>5 мин | «Ақшамшық» ойыны туралы бейнеролик ұсынылады<br><br><br>ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫ/ “ АҚШАМШЫҚ “ | Ойынға қатысады | http<br>w.yo<br>com<br>iu2n |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ортасы<br>35 мин | Ізденіс тапсырмасы. Ақпаратты ғаламтордан іздеп, толтыру, түсіндіру | Ізденіп,<br>ойындар туралы ақпарат табады. Ойынның орындалу мақсатын, анықтап, ойынға қатысты көзқарасын | |

| Бұл қандай дәстүр | Ол қай кезде орындалады | Орындалу мақсаты қандай | Бұл дәстүрге қатысты сіздің көзқарасыңыз |
|---|---|---|---|
| Тоқымқағар | | | |
| Шалма | | | |
| Сиқырлы таяқ | | | |
| Шертпек | | | |
| Монданақ | | | |
| Алтыбақан | | | |
| Сақина тастау | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | » | білдіреді<br><br>Сақина тастау ойынына қатысады<br><br>Сиқырлы таяқша ойынына қатысады | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

**Ойындар ойналады**

**Сақина тастау ойы**

**Сақина тастау** **ынның шарты:**

 беттестіріп ұстайды. іене отырады, қолдарын

 орнында отыруға тиіс.

алақандар арасынан өткізі

• Орталықтағы қы пай бір ойыншыға

шақы қинаны алған ойыншы онь



«ақ қояным ыршып шық

домбыра тарту)

н ойыншы немесе ол

**Сиқырлы таяқ ойыны** тұрған адам ортаға



біреуі жүргізуші бола ауы керек (өлең айту,

• Жүргізуші таяқты ре

сандар ат





 ылар шеңбер құрып

ұстап, ойыншыларға

ыққан ойыншы таяқты

, өнерін көрсетуге

көрсеткен соң орнына

ушімен орын

| | | | |
|---|---|---|---|
| Соңы<br>5 мин | ПОПС формуласы арқылы өздері сипаттаған ойынның ерекшелігін дәлелдеуді ұсынады | Кері байланыс жасайды | Сл |

**№21**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатысպағандар : |
| **Тақырыбы:** | Жануарлармен байланысты халықтық ойындар | |
| **Мақсаты** | Жануарлар дүниесіне байланысты пайда болған ұлттық ойындар туралы ақпарат алады | |

**Барысы:**

<table>
<tr><th>Кезең</th><th>Педагогтің әрекеті</th><th>Оқушының әрекеті</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Басы 5 мин</td><td>Бейнематериал ұсынады<br></td><td>Бейнематериал мазмұны арқылы «Бес тас» ойынының ережесімен танысады</td><td>https://www.youtube .com/watch?v=Nh3N8bmB9eY</td></tr>
<tr><td>Ортасы 35 мин</td><td>
<table>
<tr><th>Ойын</th><th>Мақсаты</th><th>Негізгі ережесі</th></tr>
<tr><td>Ақсүйек</td><td>Ептілік, шапшаңдық, топтық жұмыс</td><td>Екі топқа бөлініп, сүйекті немесе допты лақтырып, қарсылас топтың киімін алу, жеңгенше жалғасады</td></tr>
<tr><td>Ақ байпақ</td><td>Жады, қимыл, бақылау</td><td>Орталықтағы «бота» мен «інген» рөлінде, ойыншылар иыққа отырып, «ботаны» тамақтау және оны қорғау</td></tr>
<tr><td>Бес тас</td><td>Ептілік, логика, келісім</td><td>Тастарды жерге тастап, қолдағы тасты белгілі ережемен «жалату», бірнеше кезеңнен тұрады</td></tr>
</table>
</td><td>Ұсынылған ақпаратты дәріс түрінде жазып алады</td><td>Кесте<br><br>Орамал</td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><td>Қарақұлақ</td><td>Жүгіру, реакция, қашу</td><td>Бір бала «Қарақұлақ» болып сайланады, қалғандары оны қашып жүріп айнала қоршап ойнайды</td></tr>
</table>
Практикалық ойындар ойнатады.<br>
Тапсырма 1: Ақсүйек ойыны
<ul>
<li>Ойыншылар екі жарты шеңбер жасап жиналады (әр топ 6 адамнан кем болмауы керек).</li>
<li>Бір жүргізуші таяқ арқылы топтарды бөледі, ойын басталады.</li>
<li>Ойыншылар киімдерін екі жаққа үйіп қояды.</li>
<li>Сүйекті немесе жүн допты алысқа лақтырып,</li>
</ul>
</td>
<td>Ақсүйек ойынын ойнайды</td>
<td></td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<ul>
<li>іздеп алу, қарсыластарының киімдеріне жетуге тырысу.</li>
<li>Ойын жеңілгенше жалғасады. Тапсырма 2:<br><br>Ақ байпақ ойыны</li>
<li>Орталыққа бір ойыншы «бота» болып шығады, ал қалғандары шеңбер құрады.</li>
<li>Ботаға тамақ, су, шөп беру сценариийімен ойнайды.</li>
<li>Ойын аяқталған соң рөлдер ауыстырылады.</li>
</ul>
Тапсырма 3: Бес тас ойыны
<ul>
<li>Тастарды жерге тастау, қолдағы тасты 3 немесе 5 рет жалату арқылы әр кезеңнен өту.</li>
<li>Келісім бойынша «үштік», «төрттік», «жалау», «нәби» сияқты кезеңдер өткізіледі. Тапсырма 4: Қарақұлақ ойыны</li>
<li>Бір бала «Қарақұлақ» болып сайланады.</li>
<li>Қалған балалар алыста отырады, «Қарақұлаққа» жақындап, ойнайды.</li>
<li>«Қарақұлақ» оларды қуып жеткен кезде ұстағаны жаңа «Қарақұлақ» болады.</li>
</ul>
</td>
<td>Ақ байпақ ойынына қатысады</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Соңы<br>5 мин</td>
<td>
Тапсырма: Пікірталас және талдау
<ul>
<li>Әр ойыннан алған әсерлерін, қандай дағдылар дамығанын атап айту.</li>
<li>Сыныпта постер немесе кесте арқылы ойларды көрсету:</li>
</ul>
<table>
<tr><th>Ойын</th><th>Дамытатын қабілет</th><th>Менің ойым</th></tr>
<tr><td>Ақсүйек</td><td>Ептілік, шапшаңдық, топтық жұмыс</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Рефлексия жасайды</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Ақ байпақ | Есте сақтау, қимыл, бақылау | | | |
| | Бес тас | Логика, келісім, шапшаңдық | | | |
| | Қарақұлақ | Жүгіру, реакция, қашу | | | |

**№22**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Қозғалыс ойындары (Практикалық сабақ) | |
| **Мақсаты** | Ұлттық ойындардың шарты, мән маңызы жөнінде ақпарат алады, тәжірибемен байланыстырады | |
| **Барысы:** | | |

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|
| Басы 5 мин | Сөзжұмбақ «Ұлттық ойындардың атауын тап»   | Сөзжұмбақ шешеді. Сурет бойынша ұлттық ойындардың атауын табады | [https://learningapps.org/27273869](https://learningapps.org/27273869) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Ортасы<br>35 мин | **Топ** | **Ойын** | **Негізгі сипаттама** | **Тәрбие мәні** | Топта жұмыстанады. Әр топ өздеріне берілген ұлттық ойын туралы ақпаратпен танысады. Басқа топтарға шартын түсіндіріп, тәжірибе жүзінде ойнатады | [https://kk.wikipedia.org/wiki/](https://kk.wikipedia.org/wiki/) |
| | 1-топ | Аударыспақ | Екі салт атты бір-бірін аттан аударып алуға тырысады.Күш, төзім ділік, ептілік қажет. | Батылдық, төзімділік, күш-жігерді үйлестіру | | |
| | 2-топ | Соқыр теке | Ортада көзі байланған бір адам, қалған дары шеңберде айналып жүре ді, ұстап алуға тырысады. | Назар, реакция, жылдамдық, ептілік | | |
| | 3-топ | Арқан тартыс | Тең екі топ арқанның екі ұшын ұстап тартады. | Қимыл үйлесімі, топтық жұмыс, күштілік | | |
| | 4-топ | Жасырынбақ | Бір іздеуші, қалғандары жасырынған. Кімді бірінші тауып хабар береді. | Жылдамдық, стратегия, назар, ептілік | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Практикалық ойындар ойнатады<br>**Соқыртеке ойыны**<br>1. Барлық ойыншылар шеңбер құрып, дөңгелене тұрады.<br>2. Ортаға бір адамды таңдап, оның көзін орап, «Соқыр теке» етеді.<br>3. Ойын өрісін мөлшерлеп сызып қою: шеңбер ішіндегі қозғалысқа жеткілікті орын болу керек.<br>1. Ортадағы «Соқыр теке» ойынға кіріседі.<br>2. Шеңбердегі ойыншылар қолдарымен «Соқыр текеге» тиіп, одан қашып жүреді.<br>3. «Соқыр теке» қолымен тиіп алған адамды ұстап, тануға тырысады. ○ Егер ол ойыншыны дұрыс таниды → сол адам жаңа «Соқыр теке» болады. ○ Танымаса → «Соқыр теке» сол күйінде ойын жалғастырады. Ортаға шыққан «Соқыр теке» шағын таяққа немесе шыбыққа сүйене отырып, былай айтады: «Қараңғыда көзім жоқ, Тиіп кетсе сөзім жоқ. Қайда кетсе қалқа жан, Жетектейтін өзің жоқ.<br>Қолға түскен құтылмас,<br>Қала бермек көзім боп».<br>Бұл өлеңді айтып, дыбыс естілген бағытқа таяғын созады.<br>Шеңбердегі ойыншылар: «Соқыр-соқырақ,<br>Оң көзіңе топырақ. Топырағын алайын,<br>Тотиятын салайын.<br>Саған бір ем табайын»– деп «Соқыр текеге» тиіп, қашады.<br>1. «Соқыр теке» қолына тиген ойыншыны ұстай алмаса → ойын жалғасады.<br>2. «Соқыр текеге» тиген ойыншы ұтылған болып есептеледі → орны ауысады.<br>3. Ойыншылардың өрісі алдын ала сызылады, шекарадан шықпау керек. | Соқыртеке ойнайды | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 4. Қауіпсіздік: қол қақпақ, тізе, басқа ойыншыларға зиян келтірмеу.<br>Барлық қатысушылар өз рөлін тәжірибеден өткізген соң ойын аяқталады. Ойыншылар кезекпен «Соқыр теке» болады.<br><br>**Арқан тартыс ойыны** Ойынның ережесі:<br>Ойыншылар тепе — тең екі топқа бөлінеді, екі — екіден жұптасып тұрысады. Ортаға екі жұп шығады. Бірі екіншісін арқалап алады. Белгі бойынша олар бір — біріне жақындаса бастайды. Мақсаттары бірін — бірі аударып кету. Тартыс басталады. Егер арқадағы ойыншының бір жері жерге тиіп кетсе, жеңілген болып есептеледі. Ойынға келесі екі жұп шығады. Олар да осылай тартысады. Ойын жалғаса береді. Қай топ көп аударса, сол топ жеңген болып есептеледі. Артынан ойыншылар бір — бірімен орын ауыстырады. | Арқан тартысқа қатысады | |
| Соңы<br>5 мин | Өзіңе ұнаған ойын? Ұнау себебі? | Өз ойын білдіреді | |

**№23**

| **Күні:** | | |
|---|---|---|
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Тұрмыстық өмірдегі ырым-тыйымдар | |
| **Мақсаты** | Тұрмыстық шаруашылыққа байланысты туындаған ырымдар мен тыйым сөздердің мәнін ашады | |
| **Барысы:** | | |

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|
| Басы<br>5 мин | Ой қозғау сұрақтары<br>Қандай ырым тыйымдарды білесіздер?<br>Қазақтың ырым тыйымдарының қандай тәрбиелік мәні бар деп ойлайсыз? | Ой қозғау сұрақтарына жауап береді | Слайд |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ортасы<br>35 мин | Тұрмыстық шаруашылыққа байланысты тыйым сөздер:<br>Нан үстіне зат қойма.<br>2. Нанды бір қолыңмен үзбе.<br>3. Нанды лақтырма.<br>4. Сүтті төкпе.<br>5. Сыпырғышты тік қойма. | Әрбір оқылған тыйым сөздің мәнін ашып түсіндіреді. | https://massaget.kz/blogs/Salt_dastur/tarbie-tal-besktenbastaladyi- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 6. Отқа түкірме.<br>7. Тұзды баспа.<br>Ырымдар:<br>Балаға ми жегізбейді – былжыр, ынжық болады.<br>Ішіп отырған шайға сама түссе – қонақ келеді. Ас ішіп болған соң «тойдым демейді»,<br>«қанағат» деген жөн.<br>Тұзды бейберекет шашпайды, астың иманы – тұз деп қарайды.<br>Егіннің тұқымы үшін біреу қарызға дән сұраса ренжімей береді, дәнді адам емес, қара жер тілеп жатыр деп ырымдайды.<br>Қазақ танымында ақ өнімдері, яғни ағарған жақсылықтың нышаны, пәктіктің, тазалықтың символы ретінде қалыптасқан.<br>Сондықтан ағарғанға қатысты ырымдар өте көп.<br>Мысалы, байқаусызда ақты төгіп алса, саусағын батырып, маңдайына жағу ырымын жасаған. Сосын аяққа басылмас үшін жақсылап тазалап, сүртіп алатын болған. Ақты аяқасты ысырап етпеген.<br>Дәм үстіне келіп қалған адам немесе бір нәрсені сұрап, анықтап білуге кірген адам асығыс болып, дәмге қарамайтын жағдайда дәмнен үлкен еместігін білдіріп, қандай да бір дәмнен ауыз тиіп шығады.<br>Жерге құт дарыту ырымын жасайтын қариялар жерге алғаш себілетін дәнді екі бұтының арасынан өткізіп, бісміллә деп лақтырады. Бір жылда адамның көптеген арман тілектері орындалып, мақсатына жетіп, табысқа кенелсе, сол жылды құт жылы санап ерекше еске алады. Осы жылы құт-береке ортаймасын деген ырыммен сол жылдың атауы болған жануардың басына ақ құйып, ырым жасайды.<br>Сол сияқты үйге кірген жыланды өлтірмей, басына сүт, айран, құйып шығару ырымы да бар. Бұл жерде ақ тағам – таза пиғыл, ақ тілеудің, жақсылыққа жорудың символы. | Қазақтың ырым сөздерімен танысады және ырымдардың мәніне қатысты жеке пікірлерін білдіреді | 27807/ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Сонда, жыланның басына ақ құю оны періштеге балауды білдіргені болып шығады. Кейде тіпті үйге кірген жыланды өлтірмей, басына ақ құю жамандыққа жақсылықпен жауап берудің белгісі саналған. **Пікірталас** | | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>○ Егер үйге жылан кірсе, оны өлтірмей, басына ақ құйса, қандай мән-мағына берілген? ○ Нанды бір қолыңмен үзудің немесе лақтырып тастаудың себебі неде? ○ Егін тұқымын беруге ренжімейтін себеп қандай?<br><br>«Дұрыс/бұрыс» тапсырмасы
<table>
<tr><th>№</th><th>Әрекет</th><th>Дұрыс/ Бұрыс</th><th>Себебі</th></tr>
<tr><td>1</td><td>Нан үстіне зат қою</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>2</td><td>Нанды бір қолмен үзу</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>3</td><td>Нанды лақтырып тастау</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>4</td><td>Сүтті төгу</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>5</td><td>Сыпырғышты тік қою</td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Пікірталасқа қатысады<br><br>Ақпараттардың дұрыс, бұрысын анықтап, себебін түсіндіреді</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Соңы<br>5 мин</td>
<td>«Бұрыш» ойыны.<br>«Қазақтың ырымдарына қазіргі заманда сүйену дұрыс па?»<br>«Иә»<br>«Жоқ»<br>«Бейтарап»</td>
<td>Оқушылар сұраққа байлагысты үш тараптың бірін таңдап, өз көзқарасын растайды</td>
<td></td>
</tr>
</table>

**№24**

<table>
<tr><td>Күні:</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>Сынып:</td><td>Қатысушылар саны:</td><td>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="2">Әдептілікке тәрбиелейтін ырым-тыйымдар ( Пікірталас)</td></tr>
<tr><td>Мақсаты</td><td colspan="2">Тұрмыстық әдеп мәдениетіне байланысты айтылатын тыйым сөздердің мағынасын ашып, түсіндіреді</td></tr>
<tr><td colspan="3">Барысы:</td></tr>
</table>

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| Басы<br>5 мин | «Қазақтың тыйым сөздері» тақырыбында бейнематериалды тамашалауға ұсынады. Бейнероликтен алған әсерлерімен бөлісуді сұрайды | Бейнематериалдан алған әсерлерімен бөліседі | https://www.youtube.com/watch ?v=3XUPKTROurA |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | <br>«Тыйым сөздер» | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ортасы 35 мин | Мәтінді оқыңыз.<br>Қазақы ортада дәмге, құдыққа түкіруге, дастарқанды аттап, оны басуға, нанды жерге тастауға, ысырыпшылық жасауға, тұзды бекер шашып, оны басуға, ішімдікке бой ұруға, есікті қатты жабуға, орынсыз ойбайлауға, мезгілсіз жатып, ұйықтау мен жүруге, жәндікті өлтіруге, жерді теуіп, желге қарсы түкіруге, отпен ойнауға және көкті жұлуға жол берілмеген. Ұлы Далада малды тебу, аңды бейберекет ату, құстың ұясын бұзу жаман ырым саналған. Осылайша қоршаған ортаны қорғау, яғни осы ырымтыйымдар арқылы жас ұрпақты обал, сауап дегенді сезінуге, адамгершілікке, табиғатпен үйлесімді өмір сүруге баулыған. Сонымен қатар олар балаларды жаман әдет, жат пиғыл, ерсі қимыл, әдепсіз істерден сақтандыруда маңызды қызмет атқарған. Ендеше, тыйымдардың тәлімтәрбие, үлгі-өнеге, ақыл-кеңес берудегі тәрбиелік мәні және тәрбие құралы ретіндегі рөлі жоғары болған. Өйткені ата-бабаларымыз баланы жасынан бастап сан алуан іс-әрекетпен, жауапкершілікті талап ететін еңбекпен тәрбиелеген.<br>Сондықтан қазақтың ырым-тыйымдар жүйесі бабалар жолының төл қағидаларына кереғар келетін қадамдарға тыйым салу арқылы халқымыздың өмірінде, оның тұрмыс-тіршілігінде ерекше орын алып, ұлтымыздың рухани кеңістігінде бұдан былайда сақтала бермек. Өйткені, бұл тыйымдар адамдардың құқықтарын бұзып, оны шектеу емес. Керісінше, олар – жеке тұлғалардың құқықтарымен қатар, бүкіл қоғам мүшелерінің | Мәтін мазмұнымен танысады. Әрбір тыйым сөздің мағынасын, тыйым қойылу себебін тәрбиемен байланысты р а түсіндіреді, талдау жасайды | https://ok.ru/group/53767848591434/topic/153784782394698 |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>өміріне қиянат жасамауды мақсат тұтып, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, азаматтардың құқықтарын құрметтеуге, қорғауға және сақтауға ерекше мән беріп, оны нақты іске асыруға бағытталған ұлттық құндылықтарымыз.<br><br>Пікірталас<br>Мақсаты: Әдеп пен табиғатты қорғау туралы ойларын жеткізу<br>Топқа бөлу: 2 топ (әр топ 3–4 адам) Сұрақтар:<br>1. Тыйымдар адамдардың құқықтарын шектейді ме, әлде қорғай ма?<br>2. Дастарқанға немесе нанға қатысты ырымдардың тәрбиелік мәні қандай?<br>3. Табиғатты қорғау тұрғысынан малды тебу немесе құстың ұясын бұзу неге жаман?<br>4. Заманауи өмірде осы ырымдар қажет пе?<br><br>Тапсырма. Төменде берілген әдеп мәдениетіне тәрбиелейтін ырымдар мен тыйым сөздердің мағынасын ашып, түсіндіріп көріңіз:
<table>
<tr><th>Ырым тыйым</th><th>Себебі, мағынасы</th></tr>
<tr><td>Үлкеннің алдын кеспе</td><td></td></tr>
<tr><td>Адамды айналма</td><td></td></tr>
<tr><td>Кемтар адамға күлме</td><td></td></tr>
<tr><td>Адамға қарап түкірме</td><td></td></tr>
<tr><td>Жаман бұзақы сөзге ерме</td><td></td></tr>
<tr><td>Кісіге қару кеземе</td><td></td></tr>
<tr><td>Үлкеннің жолын кеспе</td><td></td></tr>
<tr><td>Анаға зекіме</td><td></td></tr>
<tr><td>Кісіге қарап керілме</td><td></td></tr>
<tr><td>Үйде қонақ барда үй сыпырма</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Сұрақтарға жауап береді<br><br>ырымдар мен тыйым сөздердің мағынасын ашып, түсіндіріп береді</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| Соңы<br>5 мин | <br> | Барабан әдісімен түскен әріптен басталатын тыйым сөз айтады | https://flippity.net/rp.php?c=%D0%90,%D3%98,%D0%91,%D0%94,%D0%95,%D0%96,%D0%9A, %D2%9A,%D0%9C,%D0%A0, %D0%A1,%D0%A2&t=Random%20Name%20Picker |

**№25**

| **Күні:** | | |
|---|---|---|
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Сақтандыруға арналған ырым-тыйымдар (Сұхбат-сабақ (подкаст)) | |
| **Мақсаты** | Ұлттық ырым тыйымдар, қауіптен сақтандыру мақсатындағы сөздердің тәрбиелік мәнін ашады | |
| **Барысы:** | | |

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|
| Басы<br>5 мин | «Ырым тыйымдар» тақырыбында бейнематериал ұсынылады<br><br> | Бейнематериалмен танысады | https://www.youtube.com/watch ?v=p2KOi s1P6LM |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ортасы<br>35 мин | **Подкаст атауы (ұсыныс):**<br>**«Бабалар сөзі – бүгінгі тәрбие»**<br>Подкастқа қатысушылардың рөлдері:<br>1. Жүргізуші – әңгімені бағыттайды<br>2. Қонақ 1 (дәстүртанушы / ата-әже рөліндегі оқушы)<br>3. Қонақ 2 (оқушы – қазіргі көзқарас)<br>4. Тыңдаушы (қысқа пікір білдіруші<br><br>**Сұхбаттың (подкасттың) құрылымы**<br>1-бөлім. Кіріспе<br>Жүргізуші сөзі:<br>«Қайырлы күн, құрметті тыңдармандар! Бүгінгі подкастымызда қазақ халқының тұрмысындағы ырым-тыйымдардың тәрбиелік мәні туралы әңгімелесеміз. Бұл тыйымдар не үшін қажет болды? Олар бүгінгі күнде өз маңызын жоғалтты ма?»<br>Музыкалық фон: ұлттық әуен (қысқа)<br><br>2-бөлім. Негізгі сұхбат<br>Сұрақтар – Қонақтарға (дәстүрлі көзқарас):<br>1. Қазақы ортада нанды, дастарқанды, тұзды неге қасиетті санаған?<br>2. Неге дәмге, құдыққа түкіруге, дастарқанды басуға тыйым салынған? | Сұхбат тақырыбыме н танысады<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сұрақтарға жауап береді, сұрақ қояды, рөлге енеді | Микрофон |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 3. Мал тебу, құстың ұясын бұзу неліктен жаман ырым деп есептелген?<br>4. Ырым-тыйымдар арқылы балаларға қандай тәрбие берілген?<br>Сұрақтар – Қонақтарға (қазіргі көзқарас):<br>1. Қазіргі жастар бұл ырым-тыйымдарды қалай қабылдайды деп ойлайсың?<br>2. Бұл тыйымдар адамның еркіндігін шектей ме, әлде қорғай ма?<br>3. Табиғатты қорғау тұрғысынан ырымтыйымдардың маңызы бар ма?<br><br>3-бөлім. ―Дұрыс па, бұрыс па?‖<br>Жүргізуші әрекеттерді оқиды, қонақтар пікір білдіреді:<br>• Дастарқанды аттап өту<br>• Нанды жерге тастау<br>• Тұзды бейберекет шашу<br>• Құс ұясын бұзу<br>• Ысырапшылық жасау Талқылау сұрағы:<br>«Бұл әрекеттердің қайсысы әдепсіздікке жатады және неге?»<br><br>4-бөлім. Тыңдаушы пікірі<br>Тыңдаушы сұрағы немесе пікірі:<br>«Менің ойымша, ырым-тыйымдар адамдарды тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді. Ал сіздер қалай ойлайсыздар?»<br>Қонақтар қысқаша жауап береді.<br><br>5-бөлім. Қорытынды Жүргізуші қорытындысы:<br>«Қазақтың ырым-тыйымдары – адамның құқығын шектеу емес, қоғам мен табиғатты қорғауға бағытталған ұлттық тәрбие құндылықтары. Олар әдептілікке, обал мен сауапты түсінуге, табиғатпен үйлесімді өмір сүруге үйретеді.» | Пікір білдіреді<br><br><br><br><br>Қысқаша сұраққа жауап береді | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Соңы<br>5 мин | **«Екі жақты күнделік» әдісі.**<br><br>Қай ырым саған ерекше әсер етті? \| Осы тыйымдардың қайсысын өз өміріңде қолданасың? | Рефлексия жасайды | |

**№26**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Ақ бата – рухани және моральдық құндылық | |
| **Мақсаты** | Ақ бата, оның түрлері туралы терең түсінік алады, өзара талдайды | |
| **Барысы:** | | |

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|
| Басы<br>5 мин | Бейнематериал тыңдатылады. Бауыржан Момышұлы «Ақ бата»<br><br>Бауыржан Момышұлы "Ақ Бата" | Бейнематериалмен танысады | https://www.youtube.com/watch ?v=SZIa3WFmDWM |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ортасы<br>25 35<br>мин | Мәтіндерді оқушылар кезекпен мәнерлеп оқиды **Батаны кімдер береді?**<br>Батаны беретіндер - көпті көрген құрметті ақсақалдар мен кемеңгерлер, аузы дуалы билер, атақты, сыйлы, ісі үлгі болатындай адамдар. Қазақ халқында бата берудің орны мен жолы, жөні мен жосығы бар. Батаны халық арасында үлкне адам болмаса, көптің рұқсатымен, жас болса да бас боларлық жолы,жөні бар адам береді. Ерлер отырғанда әйел бата бермейді Әйелдер арасында сөз білетін кішкене ер бала отырса, әуенлі сол бата беруге тиісті. Қуаныш пен тойдың ретіне қарай лайықты бата беріледі. Ақ бата- шын жүректен шыққан ізгі тілек, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан өсиет. Ақ бата көбінесе жаңа туған нәрестеге, өмірге жаңа қадам басқан ұл-қызға, жас отауға, алыс жолға шығушыларға, үлкен бір істі бастаушыларға, басқа да түрлі жақсылықтарға арнап жасалынған тойлара беріледі.<br>**Дастарханға бата**<br>Дастарханыңа береке берсін,<br>Үйлеріне мереке берсін,<br>Астарыңа адалдық берсін,<br>Бастарыңа амандық берсін,<br>Дендеріңе саулық берсін,<br>Үйіп-төгіп тау ғып берсін! | Мәтінді болжайды және оқыған ақпарат бойынша бір біріне сұрақтар қояды. Бір біріне доп лақтыру арқылы жүзеге асырылады. | https://massaget.kz/news/kazakty in-bataberudasturjaylyi-neblumzkerek93434/ |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
Жастарға берілетін бата<br>
Әуелі құдай есендігін берсін,<br>
Тосылмай сөйлер шешендігін берсін.<br>
Атымтайдың пейілін берсін, Алғыр<br>
жанның зейінін берсін. Достың<br>
адалын берсін, Ғалымның талабын<br>
берсін. Байдың бақытын берсін,<br>
Білімнің жақұтын берсін. Ердің<br>
көңілін берсін, Елдің сенмін берсін.<br>
Мұқалмас жігерін берсін, Құлатпас<br>
тірегін берсін. Ең бастысы адам бол,<br>
Қайда жүрсенде аман бол!<br>
Жолаушыға бата Жортқанда жолын<br>
болсын, Көкірегінде сенім болсын.<br>
Жолдасын қызыр болсын, Соқпағын<br>
түзу болсын.<br>
Аман барып, сау қайт<br>
Тапсырма 1. “Кімге қандай бата?” (топтық жұмыс)<br>
Оқушылар 3 топқа бөлінеді.
<table>
<tr><th>Жағдай</th><th>Қай бата лайық?</th></tr>
<tr><td>Ас ішіп болған соң</td><td>Дастарханға бата</td></tr>
<tr><td>Жас жігіт оқуын бастады</td><td>Жастарға бата</td></tr>
<tr><td>Әке жолға шықты</td><td>Жолаушыға бата</td></tr>
<tr><td>Жаңа үйге кірді</td><td>Ақ бата</td></tr>
</table>
Әр топ өз жауабын дәлелдейді.<br><br>
Тапсырма 2. “Батаны жалғастыр” Мұғалім батаның алғашқы жолын оқиды, оқушылар жалғастырады:
<ul>
<li>«Дастарханыңа береке берсін, …»</li>
<li>«Жортқанда жолың болсын, …»</li>
</ul>
</td>
<td>
Топта кестені толтырады<br><br>
Бата жолдарын жалғастырып айтады
</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | • «Ең бастысы адам бол, …»<br><br>**Тапсырма** 3. **“Дұрыс – бұрыс”** | Ақпараттың дұрыстығын | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><th>Пікір</th><th>Дұрыс / Бұрыс</th></tr>
<tr><td>Батаны кез келген адам бере береді</td><td></td></tr>
<tr><td>Батаның тәрбиелік мәні бар</td><td></td></tr>
<tr><td>Бата тек тойда ғана айтылады</td><td></td></tr>
<tr><td>Ақ бата – ізгі тілек</td><td></td></tr>
</table>
Тапсырма 4. Шығармашылық жұмыс “Өз батам”<br>Оқушыларға тапсырма:<br>«Досыңа, сыныптастарыңа немесе болашақ өзіңе арнап 3–4 жолдан тұратын бата құрастыр»
</td>
<td>анықтайды<br><br>Бата құрап айтады 2–3 оқушы өз батасын оқиды.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Соңы<br>5 мин</td>
<td>Пікірлерді қорытындыла ○ Бата – тыйым емес, тәрбиенің асыл құралы<br>○ Ол адамды жақсы ниетке, ізгілікке, жауапкершілікке жетелейді<br>○ Бата беру – сөз мәдениеті мен рухани байлықтың белгісі</td>
<td>Рефлексия жасайды</td>
<td></td>
</tr>
</table>

**№27**

| **Күні:** | | |
|---|---|---|
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Халық даналығындағы теріс бата ұғымы ( Пікірталас) | |
| **Мақсаты** | Теріс батаның мәнін ұғынады және қазіргі өмірмен байланыстырып, ой толғайды | |
| **Барысы:** | | |

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|
| Басы<br>5 мин | «Теріс бата деген не және оны қазақ қандай жағдайда айтқан?» тақырыбында бейнематериал тыңдатады.<br>Мәтінде қандай мәселе көтерілген?<br>Теріс батаға қатысты сіз қандай пікірдесіз? | Тыңдалған бейнематериалда көтерілген мәселені анықтап, пікір білдіреді. | https://www.youtube.com/watch ?v=dQaNYWHx-Ic |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ортасы<br>35 мин | Мұғалім қысқаша түсіндіреді:<br>• Теріс бата (қарғыс бата) – батаның ең ауыр, сирек қолданылатын түрі<br>• Ол ұрпақтан-ұрпаққа «қара таңба» болып қалған<br>• Теріс бата алған адамға:<br>○ сенім артпаған | Теріс бата туралы түсінік алады.<br>Ұсынылған тақырыпта ой толғау жазады. | https://tengrinews.kz/story/terisbatadegen-nezane-onyqazaq- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ○ қонаққа шақырмаған ○ қыз беріп, қыз алыспаған  Теріс батаны қайтару үшін: ○ ел жиналған ○ кешірім сұраған ○ ата-анасы тірі болса:<br>**«Теріс батамды қайтып алдым»** деп жария айтқан **Түйін:**<br>Теріс бата – ашумен емес, үміт үзілгенде айтылған соңғы үкім.<br><br>**Тапсырма. Т. Сарыбаевтың «Теріс бата» өлеңі бойынша талдау**<br>(Мұғалім өлеңнің мазмұнын қысқаша мазмұндайды, негізгі ойына тоқталады)<br>Талқылау сұрақтары:<br>1. Әкенің жан күйзелісі неден көрінеді?<br>2. Баласының медаль сатуын неге трагедия деп қабылдайды?<br>3. Бұл өлеңде теріс бата ашу ма, әлде шарасыздық па?<br><br>**Пікірталас бөлімі** 1-топтың ұстанымы:<br>Теріс бата – баланы түзетуге бағытталған соңғы тәрбиелік шара<br>2-топтың ұстанымы: | Өлеңге талдау жасайды<br><br>Талқылау сұрақтарына жауап береді<br><br>Пікірталасқа қатысып, өз көзқарасын білдіреді | qandaizagdaidaaitqan373532/ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Теріс бата – баланың тағдырына ауыр салмақ салатын рухани жаза<br>*Пікірталас сұрақтары:*<br>1. Теріс бата баланы түзете ме, әлде түбегейлі алыстата ма?<br>2. Ата-ананың сөзі баланың өміріне қаншалықты әсер етеді?<br>3. Қазіргі қоғамда теріс батаның орны бар ма?<br>4. Кешірім мен теріс батаны қайтарып алу нені білдіреді?<br>**Ереже:**<br>• Бірін-бірі кінәламау<br>• Дәлелмен сөйлеу<br>• Қарсы пікірді құрметтеу | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Соңы<br>5 мин | Ойды жалғастыр.<br>«Сөз – оқ емес, бірақ тағдырды жаралайды» | Кері байланыс береді | |

**№ 28**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Серттесу батасы – достық пен келісімнің символы (Пікірталас) | |
| **Мақсаты** | Серттесу батасының мәнін түсініп, пікірталасқа қатысады, өз көзқарасын дәлелдейді | |
| **Барысы:** | | |

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|
| Басы<br>5 мин | «Серттесу» сөзінің мәнін қалай түсінесіздер? | Түсінік береді | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ортасы<br>35 мин | «**Бұрыш» әдісі**. Пікірталас ұйымдастырады. Мәтінмен танысып, қазіргі қоғам үшін серттесу батасы қажет пе? сұрағы бойынша пікір таластыруға шақырады.<br><br>Сөз қасиеті мен қадірін жете түсінген қазақ бата беруге. бата алуға аса мән берген. Шынайы жүректен шыққан бата ғана қабыл болады дейді зерттеушілер. Жалпы батаның мазмұны қазақ қоғамында алғыс пен қарғысты да, тілек пен дұғаны да, ризашылық пен реніштi де қамтиды. Сол арқылы халықты бір нәрседен тыйып, бір нәрсеге бағыттап отыратын әмбебап ұғым. Ол тікелей батагөйлердің беделіне қарай халыққа әсер еткен. Батагөй қариялар ел арасындағы жақсы істің іске асуына рухани демеу болып, жаман істің алдын алып, құптамай халыққа бағыт – бағдар беріп, тәрбиелеп отырған Серттесу батасы (Баталасу) - құдалықта, серт пен уәдеде, елшілікте, ел арасындағы маңызды үдкен шараларда жасалатын рәсім. Ол - хан, ақсақалдар, билер алдында қол алысып орындалатын ғұрып. Оны бұзу, яғни, «батаны бұзу» - қарғыспен тең. Қазақ баталасуды - елдіктің, тектіліктің, азаматтық қасиеттің белгісі деп таниды.<br>Этнограф-жазушы Сейіт Кенжеахметұлы | Оқушылар ұсынылған мәтін мазмұнымен танысады. Сұрақ негізінде өзі қорғайтын пікірді жақтап, қолдаймын, қарсымын не бейтарап тобының бірін таңдап, өз пікірін дәлелдеп пікірталасқа қатысады. | https://informburo.kz/kaz/batany -asiet-onyadammrne-tigzer-seranday.html |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | баталасуға байланысты өз зерттеулерінде мынадай мысал келтірген: XVIII ғасырда Шақшақ қайтыс болғанда жас әйелі Сомалтынды жақын қайнысы Әйдеркеге қосады. Осы Сомалтының Шақшақтан туған жас баласы Есназар мен Әйдеркеден туған Жылқыайдар екеуі енелес. Екі бала бірге өсіп, ер жеткеннен кейін елдің басты адамдары жиналып, "Сомалтын – қасиетті, өнегелі ана болды. Бұдан былай одан туған Есназар мен Жылқыайдар бір ананың баласы болғандықтан, қанша ата өлсе де, бір-бірінен қыз алыспасын, өмір бойы туыс болып саналсын" деп қол жайып, аруақ атын айтып, баталасыпты. Міне, сол бата арада 400 жылдай уақыт өтіп, арасы 12 атаға толса да, әлі бұзылған жоқ. | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Соңы<br>5 мин | Бата туралы қызықты дерекпен таныстырады<br>**Батаның магиялық қасиеті**<br>Әдебиеттанушы Тоқтар Әлібек аузы дуалы батагөйлер кез келген адамға батасын бермеген дейді.<br>– Адам бойында батаға деген үлкен сенім қалыптасқан. Яғни, ақ бата алған адамның жолы ашық болса, теріс бата алған адам қарғысқа ұшырайды деген. Өйткені батаны естіген адамның көңілінде қалған ой, ұялаған сенім оның болашақтағы қадамдарын анықтап береді. Мысалы, батырлар жекпе-жекке шығар алдында міндетті түрде үлкендерден бата алған. Батаға деген сенім оларға күш-қуат берген.<br>Десек те аузы дуалы қариялар да кез келген адамға батасын бере бермеген. Мысалы, Жамбыл Сүйінбайдың батасын алу үшін біраз тер төккен. Өйткені өнер жолындағы адамдар ізбасарлары көңілінен шыққан кезде ғана батасын берген. Яғни, бірі жүрек жұтқан жауынгер, бірі жолаушы, бірі танымал ақын болса да, батадан аттап кете алмаған. Ал халық оларды сол кезде ғана мойындаған. Ал әйел адамның бата беруі – салтты бұзу болып табылады. Әйел адам тек ақ тілегін айтқан, – дейді Тоқтар Әлібек. | Қызықты ақпаратты тыңдайды | Мәтін Слайд |

**№29**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Сүт, ет тағамдары –денсаулық кепілі (Көрме сабақ) | |
| **Мақсаты** | Қазақ халқының ұлттық тағамдары туралы тереңірек ақпарат алып, баға береді | |
| **Барысы:** | | |

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| Басы 5 мин | Мұғалім «дәстүр сақтаушысы» рөлінде оқушыларды киіз үйдің импровизацияланған кіреберісінде (сыныптың арнайы безендірілген аймағында) қарсы алады.<br><br>**Кіріспе сөз:** Көшпелі өмір салты қазақ халқының ас мәзірінің негізін қалай қалыптастырғаны туралы қысқаша әңгіме: ет, сүт және ұн тағамдары. | Шара тақырыбы, мақсатымен танысады | Киіз үй |
| Ортасы 35 мин | Экспозициялық аймақтармен жұмыс<br>Сынып муляждармен, рецепт карточкаларымен немесе шынайы өнімдермен жабдықталған тақырыптық «үстел-стендтерге» бөлінеді.<br><br>«Ақ тағам» секторы (сүт өнімдері):<br>**Экспонаттар:** Құрт, ірімшік, айран, шұбат, қымыз.<br>**Белсенділік:** «Соқыр дәм тату» (иісі арқылы өнімді анықтау) немесе қышқыл сүт өнімдерінің денсаулыққа пайдасы туралы әңгімелеу.<br><br>«Береке» секторы (ет тағамдары):<br>**Экспонаттар:** Бешбармақ (негізгі тағам), қазы, қуырдақ, сірне.<br>**Интерактив:** «Қазақша ет мүшелеу» сызбасы — оқушылар еттің бөліктерінің (жілік) атаулары жазылған карточкаларды дұрыс орналастырады.<br>«Алтын дән» секторы (ұн тағамдары мен тәттілер):<br>**Экспонаттар:** Бауырсақ, шелпек, таба нан, жент.<br>**Тапсырма:** Бауырсақ жасау бойынша шағын шеберлік сағаты (еліктеу үшін тұзды қамырдан немесе ермексаздан).<br>«Digital-асхана 2025» секторы:<br>**Экспонаттар:** Видео-рецепттерге немесе тағамдардың заманауи түрлеріне (мысалы, | Көрмеге қатысып, сүт тағамдарын таныстырады<br><br>Оқушылар еттің бөліктерінің (жілік) атаулары жазылған карточкаларды дұрыс орналастырады<br>Бауырсақ жасау бойынша шағын шеберлік | Муляж<br>Карточка<br>Үстел стендтер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | «аэро-бауырсақ» немесе «бешбармақ-ролл») апаратын QR-кодтары бар планшеттер.<br><br>3. Шығармашылық кезең: «Қонақжайлық кітабы»<br>**Топтық жұмыс:** Әр топ сыныптың аспаздық кітабына бір бет дайындайды: тағамның суретін салады, тарихын жазады және қонақжайлықтың бір «құпия ингредиентін» көрсетеді (мысалы, «үлкенге құрмет»).<br>**Дауыс беру:** Қатысушылар ұнаған «экспонаттарға» стикер жапсырады. | сағатын көрсетеді<br><br>Әр топ сыныптың аспаздық кітабына бір бет дайындайды | |
| Соңы 5 мин | **Қорытынды сөз:** Мұғалім 2025 жылы қазақ асханасы өзінің төл болмысын сақтай отырып, әлемдегі ең үздік асханалардың қатарына енгенін атап өтеді.<br>**Марапаттау:** «Жас шеф-аспаз» немесе «Дәстүр білгірі» атақтарын беру. | Рефлексия жасайды | |

**№ 30**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар |
| **Тақырыбы:** | Ұлттық дастарқан мәдениеті: табақ тарту дәстүрі | |
| **Мақсаты** | Табақ тарту, ет мүшелеу дәстүрі туралы ақпараттарды саралап, өзіндік ой қорытады | |
| **Барысы:** | | |

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурс тар** |
|---|---|---|---|
| Басы 5 мин | «Ет мүшелеу, табақ тарту дәстүрі» тақырыбында бейнематериал таныстырылады<br> | Бейнематериал бойынша өз пікірлерін ортаға салады | https://www.youtube.com/watch?v=S2lvo7M_bw |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ортасы 35 мин | Қазақ халқында мал сою – үлкен өнердің бірі. Мал сойғанда оны жығып, төрт аяғын мықтап байлап, бауыздайды, терісін сыпырып, бас, сирағын алғаннан кейін төс етін бөлек сылып алады, жас | Тыңдалым және оқылым мәтіндерінен алған | https://massaget.kz/mangilik_ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | төстікті тұздап, үйіту, пісіру, бөліп жеу, үлкендерге ауыз тигізу салты бар.<br>Сол сынды табақ тарту да – өнер. Құтты қонақтардың алдына жасалған табақтар тартылады. Қазақта еттен табақ тартқанда оның ерекше құрмет дәрежесін білдіретін бірнеше табақ аттары бар. Осындай табақтарды жасау үшін, осы табақтарды жасағанда әдет-ғұрып пен салт-սананы білетін адам болған жөн. Әр табақ атына, маңызына қарай жасалады.<br>Жиын-тойларға сойылған малды қонақтарға арнайды. Малдың әр мүшесінің атаулары бар. Қонақтарға сол мүшелерден бөлінетін сыбағалары бар. Сыйлы қонақтарына ең жақсы жерін атап салады. Қонақ келсе, қазан көтерген қазақ халқы қазанға еттерін атап салып, табақ жасағанда аталып жасалып, сый табақтары тартылады.<br>Табақ бас табақ, орта табақ, сый табақ, аяқ табақ деп төртке бөлінеді. Тағы да төменде беріліп отырған табақтың түрлері бар. Әр қайсысы табақ иелеріне қарай жасалады.<br>Ет пісіп дайын болған соң, ет бөлуші кісіге қай қонаққа табақ тарту керектігін айтады. Табақ жасаушы кісі қамыры салынған дайын табаққа қадірлі қонаққа арнап бас, жамбас, қазы-қарта, жал-жая, құйрық, сүбе, әсіпті бөліп-бөліп, адам санына қарап жасап береді. Табаққа жылқы, сиыр, қой еттерін араластырып салады.<br>Құда табаққа – жылқы, сиыр, қой еттері кіреді. Мүше еттерден тоқпан жілік, жамбас, омыртқа салынады. Құдаларға құйрық-бауырды жеке дайындайды. Бауыр мен құйрықты тілшелеп кесіп, пияз, каймақ, айран араластырып жасайды.<br>Құдағи табаққа – жақ, қазы-карта, қарын, тоқ ішек, асықты жілік, жылқы, сиыр, қой еттерін салады. Қазақ халқы малдың жағын құдағидың сыбағасы деп береді.<br>Құрдас табаққа – тоқпан жілік, омыртқа, сүбе, қабырға, қазы, құйрық салынады. | ақпаратты жұпта талқылайды. ПОПС формуласы бойынша ұсынылған пікірді жақтап не теріске шығарып пікір білдіреді. Пікірінің себебін түсіндіреді, дәлелмен дәйектейді, өзіндік тұжырым жасайды. | el/shanyirak/salt-dastur/60989/ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Аяқ табаққа – еттің басқа мүшелерінен жасалады. Бұл табақ ауыл адамдары мен көмекші адамдарға жасалады.<br>Бала табаққа – беломыртқа, қабырға, бүйрек, бақай, асықты жілік, жылқы, сиыр, қой еттері салынады. | | |

**1-тапсырма. Дұрыс / Бұрыс**

Кестедегі пікірлерді оқып, дұрыс немесе бұрыс екенін белгіле.

| № | **Пікір** | **Дұрыс** | **Бұрыс** |
|---|---|---|---|
| 1 | Мал сою қазақта үлкен өнер саналады | | |
| 2 | Табақ тарту кез келген адамға бірдей жасалады | | |
| 3 | Бас табақ – ең сыйлы қонаққа тартылады | | |
| 4 | Аяқ табаққа тек қазы-қарта салынады | | |
| 5 | Табақ тарту үшін салт-дәстүрді білу керек | | |

Кестедегі пікірлерді оқып, дұрыс немесе бұрыс екенін белгілейді

**2-тапсырма. Сәйкестендіру**

Табақ атауларын оған лайық сипаттамамен сәйкестендір.

| **Табақ түрі** | **Сипаттамасы** |
|---|---|
| 1. Бас табақ | A. Балаларға арналған табақ |
| 2. Құда табақ | B. Ауыл адамдарына, көмекшілерге |
| 3. Бала табақ | C. Ең сыйлы, қадірлі қонаққа |

Табақ атауларын оған лайық сипаттамамен сәйкестендіреді

<table>
<tr>
<td></td>
<td>4. Аяқ D. Құдаларға арналған табақ табақ<br><br>3-тапсырма. «Қай табаққа салынады?»<br><br>Берілген ет мүшелерін тиісті табаққа бөліп жаз.
<table>
<tr><th>Ет мүшесі</th><th>Қай табаққа тән?</th></tr>
<tr><td>Бас, жамбас</td><td>___________________</td></tr>
<tr><td>Құйрық-бауыр</td><td>___________________</td></tr>
<tr><td>Беломыртқа, бақай</td><td>___________________</td></tr>
<tr><td>Тоқпан жілік, қазы</td><td>___________________</td></tr>
</table>
4-тапсырма. Рөлдік тапсырма «Табақ жасаушы» Жағдай:</td>
<td>Берілген ет мүшелерін тиісті табаққа бөліп жазады<br><br>Жағдаятқа жауап береді</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Үйге құдалар, ауыл ақсақалдары және балалар келді.<br>Тапсырма:<br>– Қандай табақтар жасайсың?<br>– Әр табаққа қандай ет мүшелерін саласың?<br><br>5-тапсырма. Ойлан, жауап бер<br>1. Неліктен табақ тарту кезінде әр қонаққа әртүрлі мүшелер салынады?<br>2. Табақ тарту дәстүрі қазақ халқында қандай тәрбиелік мәнге ие?<br>3. Бұл дәстүр адамдар арасындағы қарымқатынасқа қалай әсер етеді?<br>(Жауап пікір түрінде қабылданады)</td>
<td>Сұрақтарға жауап іздейді</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Соңы<br>5 мин</td>
<td>Шығармашылық тапсырма<br>«Мен – табақ жасаушы»<br>Оқушы өз атынан шағын мәтін жазады немесе сурет салады:<br>• Қандай қонаққа<br>• Қандай табақ</td>
<td>Кері байланыс береді</td>
<td>Слайд</td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қандай ниетпен тартатынын сипаттайды | | |

**№ 31**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Ұлттық өлшем бірліктері: ұзындық пен қашықтық (Дәріс сабақ_) | |
| **Мақсаты** | Қазақтың байырғы өлшем бірліктері туралы ақпарат алады | |
| **Барысы:** | | |

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|
| Басы 5 мин | Берілген сөздердің мағынасын түсіндіру  | Сөздердің бірін таңдап, мағынасын түсіндіреді | Слайд |
| Ортасы 35 мин | Дәріс түрінде жазып алуды тапсырады<br>Қазақтарда бұл өлшем бірліктер: елі, бармақ, шынашақ, буын, алақан, тұтам, қарыс, сүйем, шынтақ, кез, құлаш деп аталады.<br>**Елі** — сұқ саусақтың еніне тең ұзындық бірлігі, шамамен 2 см тең өлшем. Қатар орналасқан екі | Ұзындық және қашықтық өлшем бірліктеріне қатысты қазақтың | https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%91%D0%B0%D0%B9%D1%8B% |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | саусақтың қалыңдығы - екі елі, үш саусақтың қалыңдығы - 3 елі, төрт саусақтың қалыңдығы - 4 елі болып аталады.<br>**Буын** – ортаңғы саусақтың ұшынан оның ортаңғы буынына дейінгі аралыққа тең ұзындық (*шамамен 5 – 6 см*) бірлігі. Сәулетті сарайлар мен түрлі ғимараттардағы ою-өрнектің мөлшері осы буынмен өлшенген. Ол тігін, киім пішу жұмыстарында да қолданылған.<br>**Қадам** – адамның бір адымына тең ұзындық (*шамамен 60 – 70 см*) бірлігі.<br>**Құлаш** – иық деңгейіне сәйкес кере созылған екі қол ұшының арасына тең ұзындық бірлігі.<br>**Алақан** - төрт еліден сәл үлкендеу өлшем, ашылған алақанның еніне тең.<br>**Тұтам** - таяқ немесе арқанды ұстап жұмылған жұдырықтың ені, шамамен 8-см-ге тең ұзындық, төрт еліден сәл үлкен.<br>**Қарыс** – толық жазғандағы бас бармақ пен шынашақ ұштарының арасына тең ұзындық (шамамен 19 – 20 см) бірлігі. Ол тұрмыста, құрылыс жұмыстарында пайдаланылған. Мысалы, киіз үйдің уығы он екі – он алты қарыс мөлшерінде жасалады.<br>Қарыстың туынды бірлігі – сүйем, ол кере созылған бас бармақ пен сұқ саусақ ұштарының арасына тең (*шамамен 17 – 18 см*). Ал бармақ пен бүгілген сұқ саусақтың арасына тең өлшемді сынық сүйем дейді. Сүйем – шамамен аршынның ширегіне (*төрттен бір бөлігіне*) тең. Елі – сұқ саусақтың еніне тең ұзындық бірлігі (*шамамен 2 см*). Қазы майының қалыңдығы, ою-өрнектің мөлшері, т.б. елімен өлшенген.<br>**Шынтақ** - шынтақтан саусақтың ұшына дейінгі аралықты білдіреді, шамамен 70см-ге тең болған.<br>**Қолдың қары немесе қары** – кеуденің орта тұсынан кере созылған қолдың ортаңғы саусағының ұшына дейінгі аралыққа (*80 – 85 см* | байырғы өлшемдері туралы ақпаратты конспект түрінде дәптерге жазып отырады. Түсініксіз тұстарына қатысты сұрақтарын ортаға тастайды. | D1%80%<br>D2%93%<br>D1%8B_%<br>D2%9B%<br>D0%B0%<br>D0%B7%<br>D0%B0%<br>D2%9B_%<br>D3%A9%<br>D0%BB%<br>D1%88%<br>D0%B5%<br>D0%BC%<br>D0%B4%<br>D0%B5%<br>D1%80%<br>D1%96 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | *шамасы*) тең ұзындық бірлігі. Кейде оң иықтан бүкіл кеудені бойлай өтіп, кере созылған сол қолдың ортаңғы саусағының ұшына дейінгі аралық та (*шамамен 1 м*) қары ретінде алынады. **Құлаш** - иық деңгейінде екі жаққа кере | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | созылған екі қол ұшының арасы, шамамен 165175 см тең.<br>Қашықтық өлшемдерінің ең көне әдісі - қашықтық бөліктерін уақыт бөліктерімен салыстыру арқылы анықтау тәсілі. Соның негізінде халықтық өлшемдер жүйесінде қашықтыққа қатысты түстік жол, түстік жер, күншілік жер/жол, айшылық жер/жол деген өлшемдік ұғымдар пайда болған.<br>**Түстік жер** - салт атпен түске дейін жүріп өтетін қашықтықты білдіретін өлшем. Шамамен 40-50 км болады.<br>**Күншілік жол** - атпен бір күнде жүріп өтетін қашықтық - 60-80 км-ге тең болған.<br>**Айшылық жол** - атпен жүргенде бір айда жетуге болатын қашықтықты білдіретін өлшем. Шамамен 2500-3000 км.<br>**Көш жер** - көштің бір күнде жүріп өтетін қашықтығы, шамамен 20-30 км.<br>**Қозы көш жер** - көш кезінде қозылардың өз жүрісімен жүріп өтетін аралығы, шамамен 5-6 км болады.<br><br> | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Соңы<br>5 мин | «ҚҚҚ» әдісі<br><br> | Сабақ бойынша кері байланысты смс арқылы жібереді | Слайд |

**№ 32**

| **Күні:** | | |
|---|---|---|
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Байырғы уақыт өлшемдері | |
| **Мақсаты** | Байырғы уақытқа байланысты өлшем бірліктері туралы мағлұмат алады | |
| **Барысы:** | | |

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурст ар** |
|---|---|---|---|
| Басы<br>5 мин | Бейнеролик ұсынылады<br><br><br>Уақыт өлшем бірліктері | Бейнеролик бойынша түсініктерін айтады | https://www.youtube.com /watch?v=zBKR21P7bMo |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ортасы 35 мин | Көшпенділердің уақыт туралы көзқарасы оның өмір сүрген ортасымен, тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты болған. Тіпті, уақытқа қойған аттары мен әр мезгілді атауының өзі алдындағы малымен, қанжығасындағы арқанымен ұштасып жатады.<br>Мерзім өлшемдері:<br>Бір сәт, қас қағым, ә дегенше - 1 секунд<br>Сүт пісірім - 5 – 10 минут<br>Шай қайнатым 1 сағат<br>Бие сауым - 1,5 сағат<br>Ет пісірім - 2,5 – 3 сағат<br>Тәулікті әр ел әр түрлі есептеді: ирандар мен гректер тәулікті күннің шыққан кезінен бастап, ал еврейлер мен түріктер күннің батқан уақытынан бастап есептеді. Сонымен қатар тәулікті не күндізгі, не түнгі сағат он екіден бастап есептеу мәселесі көтеріледі, өйткені алғашқы екеуі жұмыс мерзімін екіге бөліп, есептеу жұмыстарында қолайсыздық туғызды.<br>1. Күн шығар алдындағы мезгіл<br>Бұл мезгілді халқымыз таң немесе таңертең деп атайды. Кейде "азан", "сахар" деген араб тілінен енген сөздер де қолданылады. Бұл мезгілдің қазақша мынадай атаулары бар.<br>Алакеуім, алакөбе, алаң–ғұлаң, елең–алаң – таңертеңгі мезгілде айналаның әлі жарықтанбай, сәл ғана бозғылт тартқан кезі. Құланиек, құлын | Мәтін мазмұны мен, қазақ халқының байырғы уақыт өлшемдері мен танысады, тест сұрақтары на жауап береді. | https://arsaq.kz/kz/article/ qazaqtynbaiyrgyolshemderi.html |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сәрі – таң жаңа сыз беріп ата бастаған кез. Таң сәрі – жерге жарық түсе бастаған кез.<br>2. Күн көкжиектен көтерілген мезгіл<br>Бұл мезгілді қазақ халқы сәске деп атайды. Оның мынандай атаулары бар: Сиыр сәске – күн артқан бойы көтерілген кез. Сәске түс – түске жақындаған мезгіл, сағат 12 шамасы. Ұлы сәске – тал түске жақындаған мезгіл.<br>3. Күннің орта мезгілі<br>Күннің орта мезгілін түс деп атайды. Бұл – түскі тамақ ішіп, тынығатын уақыт. Тал (талма, тапа–тал) түс – күннің қатты ысыған кезі, тынығатын шақ, сағат 1 шамасы. Шаңқай түс – көлеңкенің әбден қысқарған кезі, сағат 2 шамасы.<br>4. Күн еңкейген мезгіл<br>Түс ауып, күн еңкейген мезгілді бесін деп атайды. Ұлы бесін – бесін намазын оқитын кез, түс ауған шек. Кіші бесін – ұлы бесін мен намаздыгер арасындағы мезгіл. Құлама бесін – күн еңкейген кез. Екінді – түс ауып, күн батуға жақындаған мезгіл, бесін мен ақшам арасы. Намаздыгер – күн еңкейіп, ұясына кіруге таянған кез.<br>5. Күн ұясына бата бастаған мезгіл<br>Бұл мезгілді қазақ халқы ақшам, ымырт деп атайды. Оның мынандай атаулары бар: Алакеуім – күн ала көлең, ұясына бата бастаған мезгіл. Кеугім, кеуім – қараңғы түсе бастаған кез, ымырт. Намазшам – кешкі намаз оқылатын кез. Кеш – ымырт жабылып, қас қарайған мезгіл.<br>6. Түн мезгілі<br>Түн – тәуліктің кештен таңертеңгі уақытқа дейінгі аралығы. Іңір – күн батып, қас қарайған кез. Қызыл іңір – қас қарайып, түн болған кез. Жарым түн – түннің ортасы.<br>1-**тапсырма. «Сәйкестендір»**<br>Уақыт өлшемдерін шамамен қазіргі уақытпен сәйкестендір.<br><table><tr><th>Халықтық атау</th><th>Қазіргі өлшем</th></tr></table> | Уақыт өлшемдерін шамамен қазіргі уақытпен сәйкестенді реді | |

| | |
|---|---|
| Бір сәт, қас қағым | 1 секунд |
| Сүт пісірім | 5–10 минут |
| Шай қайнатым | 1 сағат |
| Бие сауым | 1,5 сағат |
| Ет пісірім | 2,5–3 сағат |

**2-тапсырма. «Дұрыс – бұрыс»**

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Төмендегі сөйлемдерге **Д (дұрыс)** немесе **Б (бұрыс)** деп белгі қой.<br><br>1. Көшпенділер уақытты тек сағатпен өлшеген.<br>2. Сүт пісірім – қысқа уақытты білдіреді.<br>3. Тал түс – күннің қатты ысыған кезі.<br>4. Ақшам – таңертеңгі мезгіл.<br>5. Жарым түн – түннің ортасы.<br><br>3-**тапсырма. «Топтастыр»**<br>Берілген мезгіл атауларын тәуліктің бөліктеріне бөл. **Сөздер:**<br>Алакеуім, құлын сәрі, сиыр сәске, шаңқай түс, құлама бесін, екінді, намазшам, қызыл іңір, жарым түн<br>• Таң мезгілі<br>• Күндізгі мезгіл<br>• Кеш мезгілі<br>• Түн мезгілі<br><br>**4-тапсырма. «Ретін тап»**<br>Келесі мезгілдерді тәуліктегі дұрыс ретімен орналастыр:<br>Бесін, таң сәрі, ақшам, сәске, түн, түс | Ақпараттардың дұрыс не бұрыс екенін анықтайды<br><br>Берілген мезгіл атауларын тәуліктің бөліктеріне бөледі<br><br>Мезгілдерді ретімен орналастырады | |
| Соңы<br>5 мин | Жазбаша жауап бер (3–4 сөйлем).<br>1. Неліктен көшпенділер уақытты табиғат пен тұрмысқа байланысты атаған?<br>2. Сағатсыз өмір сүрген халыққа мұндай атаулардың қандай пайдасы болды | Кері байланыс береді | |

**№33**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырыбы:** | Жоба қорғау сабағы | |
| **Мақсаты** | Оқушылардың ұлттық құндылықтар туралы білімін тереңдету, зерттеу және қорғау дағдыларын дамыту. | |
| **Барысы:** | | |

| Кезең | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Ресурстар |
|---|---|---|---|
| Басы 5 мин | Мұғалімнің кіріспе сөзі:<br>«Ұлттық құндылықтар – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған рухани және материалдық мұрасы. | Сабақ тақырыбы, мақсатымен | Слайд |
| | Бүгін біз сол құндылықтарды зерттеп, өз жобаларымызды қорғаймыз». | танысады | |
| Ортасы 35 мин | Жоба қорғау кезеңі<br>*Жобаның тақырыптық бағыттары (оқушы таңдайды):*<br>1. Қазақтың салт-дәстүрлері<br>2. Ұлттық тағамдар<br>3. Ұлттық киімдер<br>4. Қазақтың уақыт пен кеңістік өлшемдері<br>5. Ұлттық ойындар<br>6. Қазақтың тыйым сөздері мен ырымдары<br>7. Дәстүрлі қол-өнер<br>8. Қазақтың қонақжайлылық мәдениеті<br>*Жоба қорғау талаптары:*<br>Көрнекілік: плакат, сурет, презентация (міндетті емес)<br>Құрылымы:<br>Тақырыптың маңыздылығы<br>Негізгі ақпарат<br>Қорытынды ой<br>IV. Сұрақ-жауап және талқылау<br>• Тыңдаушылар 1–2 сұрақ қояды<br>• Өзара пікір алмасу<br>• Мұғалім бағыт-бағдар береді | Тақырып таңдап, жоба дайындайды<br><br>Талаптарды ескереді<br><br>Сұрақтарға жауап береді, пікір алмасады | А 3 қағаз |
| Соңы 5 мин | Аяқталмаған сөйлем әдісі<br>«Мен үшін ұлттық құндылық…» сөйлемін аяқтау | Кері байланыс береді | |

## №34

| Күні: | |
|---|---|

| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
|---|---|---|
| **Тақырыбы:** | Қорытынды пікірталас | |
| **Мақсаты** | Ұрпақтан ұрпаққа жеткен дәстүрлер мен қазіргі заманауи құндылықтарды салыстыра білуін қалыптастыру;Ұлттық мәдениетке құрмет сезімін тәрбиелеу. | |
| **Барысы:** | | |

| **Кезең** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|
| Басы 5 мин | Психологиялық ахуал:<br>«Мен үшін ұлттық құндылық дегеніміз…» сөйлемін аяқтау | Ойды аяқтайды | Слайд |
| Ортасы 35 мин | 1. Тақырыпты бөліктерге бөлу:<br>1. Дәстүрлі құндылықтар (бұрын) | Мұғалім түсіндірмесі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ○ Салт-дәстүрлер, тыйымдар, ырымдар ○ Ұлттық киім, тағам, тұрмыс<br>○ Көшпенді өмір салтының ерекшеліктері<br>2. Қазіргі құндылықтар (қазір)<br>Жаңа дәстүрлер мен заманауи өмір салты<br>Ақпараттық технология, мектеп өмірі<br>Қалалық мәдениет, әлеуметтік құндылықтар<br><br>2. Пікірталас форматы:<br>• Оқушылар екі топқа бөлінеді: «Бұрынғы құндылықтар» және «Қазіргі құндылықтар»<br>• Әр топ 5–7 минут ішінде өз ойларын қорғайды<br>• Дәлелдерді келтіру: мысал, тәжірибе, тарихи деректер<br><br>**Ашық пікірталас**<br>Мұғалім тарапынан бағытталған сұрақтар:<br>«Қандай дәстүрлер қазір де сақталып келеді?»<br>«Қай дәстүрлер қазіргі өмірде өзгерді?»<br>«Ұлттық құндылықтар жастар үшін маңызды ма?»<br><br>**Қорытындылау**<br>Мұғалім негізгі ойларды қорытындылайды:<br>○ Дәстүрлі құндылықтар мен қазіргі заманауи құндылықтар бір-бірін толықтыра алады<br>○ Ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтау – әркімнің міндеті<br><br>Оқушылардың қорытынды пікірін сұрау: «Мен үшін ұлттық құндылық дегеніміз…» | н тыңдайды<br><br>Топқа бөлініп, пікірталасқа қатысады<br>Әр топ 5–7 минут ішінде өз ойларын қорғайды<br><br>Оқушыла қорытынды пікірін білдіреді | |
| Соңы<br>5 мин | «Мен бүгін білдім…», «Мен үшін маңыздысы…» деген сөйлемдерді дәптерге жазу | Кері байланыс береді | |